

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Кемешова А.М., Кошанова З.А., Жунусова А.Т., Себепова А.Т.,

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

0105000 –«Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім жүйесі үшін өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқу құралы ретінде әзірленген

Астана 2018 ж.

ӘОЖ 377 (075)
КБЖ 74. 57 я 73
К-74

«Критериалды бағалау технологиясы» оқу құралы: Кемешова А.М., Кошанова З.А., Жунусова А.Т., Себепова А.Т.,- Астана: «Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.

ISBN 978-601-333-525-4

Бұл оқу құралы «100 жаңа оқулық» жобасы аясында «Кәсіпқор» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамының қолдауымен Техникалық және кәсіптік білім беру орындарының 1, 2- курс студенттеріне арналып даярланған. Оқу құралына критериалды бағалау технологиясы бойынша теориялық ақпарат, оқу үдерісін ұйымдастыруда критериалды бағалау технологиясын қолдану әдіс- тәсілдері, қалыптастырушы бағалаудың техникалары, нәтижеге жету жолдары, тиімді кері байланыс орнату түрлері және студенттерге тапсырмалар жиынтығы мен тестілеу сұрақтары енгізілген.

ӘОЖ 377 (075)
КБЖ 74. 57 я 73

Рецензенттер:

Галимова А.У. –жоғары санатты педагогика пәні мұғалімі.

Рсалдинова А.К. – Өрлеу БАҰО Педагогика және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Бекматова Ж.Н.- директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

«Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған 26.09.2018 ж. № 2 хаттама

©«Холдинг «Кәсіпқор» КАҚ, 2018 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
I. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ.....	5
1.1. Бағалау түсінігі және оқу үдерісіндегі ролі.....	5
1.2. Критериалды бағалау дегеніміз не?.....	6
1.3. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны.....	9
1.4. Критериалды бағалау жүйесінің механизмі, құрылымы және құралдары.....	10
<i>Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....</i>	<i>14</i>
II. ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ.....	16
2.1. Қалыптастырушы бағалауға тарихи шолу.....	16
2.2. Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру.....	18
2.3. Қалыптастырушы бағалаудың түрлерімен әдіс-тәсілдері.....	25
2.4. Кері байланыс оқытудың тиімділігін арттыру негіздері.....	46
2.5. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерінің талдауы.....	62
<i>Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....</i>	<i>64</i>
III. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ.....	67
3.1. Жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру. Бөлім тақырыптары бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру.....	67
3.2. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы.....	72
3.3. Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру.....	73
3.4. Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы.....	75
3.5. Тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысын модерациялау.....	76
<i>Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....</i>	<i>78</i>
IV. БАҒА ҚОЮ МЕХАНИЗМІ.....	80
4.1. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл қою.....	80
4.2. Тоқсандық баға қою.....	81
4.3. Жылдық баға қою.....	82
4.4. Бағалау нәтижелерін тіркеу журналы.....	85
<i>Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....</i>	<i>86</i>
ҚОРЫТЫНДЫ.....	89
ГЛОССАРИЙ.....	90
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	95
ҚОСЫМШАЛАР.....	96

КІРІСПЕ

Білім беруді жаңғыртудың қазіргі заманғы үрдістері, негізгі және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағдар алу, студенттің жеке және кәсіби өзін-өзі тануына мүмкіндік беру - осы оқу құралын даярлауға негіз болды.

Оқу құралы 0105000 - «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша 0105083 - «Ағылшын тілін білетін бастауыш сынып мұғалімі» біліктілігінің жаңартылған оқу бағдарламасы мен техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын ескере отырып дайындалды.

Оқу құралында критериалдық бағалау жүйесінің теориялық және практикалық аспектілері қамтылып, жоғарыда аталған бағдарламаның «Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» модулі бойынша оқытудың нәтижесіне қол жеткізуге және білім беру үдерісінде әрбір студентті жеке жетілдіруге қажетті алғышарттар құруға мүмкіндік береді.

Оқу құралының бірінші тарауында критериалдық бағалау жүйесін дамытудың негізгі үрдістері, бастауыш білім беру мамандығы білім алушыларына оқу жетістіктерін бағалау механизмі және оның құрылымына сипаттама берілген.

Екінші тарау мазмұны студентке қалыптастырушы бағалау үдерісін жоспарлау мен ұйымдастырудың мәнін, кері байланыс беру ерекшеліктерін және бағалау нәтижелерін талдау жолдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Үшінші тарау мазмұнында жиынтық бағалау үдерісін ұйымдастыру және оны жоспарлау, сондай-ақ жиынтық бағалау нәтижелерін модерациялау мәселелері қамтылған.

Студенттер оқу құралының төртінші тарауындағы материалдар бойынша меңгерген білімін тоқсандық, жылдық бағалау механизмі, балды бағаға ауыстыру кестесін қолданып оқушылардың жетістіктерін бағалау, нәтижелерін тіркеу, білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді меңгергенін, қандай дағдыларды игергенін талдау үшін қолдана алады. Сонымен бірге, студентке аталған ақпараттың келешекте қалыптастырушы бағалау кезінде оқу үдерісін жоспарлауға көмегі болады.

Оқу құралының көмегімен студенттер теориялық материалды меңгеріп, ондағы практикалық мысалдарды талдап, өз білімдерін әр бөлім соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалар, тест тапсырмалары арқылы бағалай алады. Студенттің өзін-өзі бағалау үрдісі болашақ кәсіби әрекетіне рефлексиялық көзқарас қалыптастырып, өзін-өзі дамытуға негіз бола алады. Сонымен бірге, оқу құралына, теориялық ақпараттың меңгерілуін жеңілдету үшін графикалық материалдар енгізілген.

Заманауи білім берудің мақсаты – студентті өз бетінше үйренуге, оқуға, жеке әлеуетін дамытуға үйрету. Осы себепті оқу құралында ұсынылған материал әрбір студенттің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және оның даму перспективаларын айқын көрсетуге ынталандыра алады.

I. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

1.1. Бағалау түсінігі және оқу үдерісіндегі ролі

✓ Бағалау - латынның ‘assidere’ (“біреумен отыру”) деген етістігінен шыққан. Бағалау барысында біз оқушымен біргеміз. Біз бағалауды онымен және ол үшін жүзеге асырамыз. Ол дегеніміз бұл рәсімді жай ғана оқушыларға қолданамыз деген сөз емес. Бұл термин «жақын отыру» деген мағынаны да білдіреді, ол кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін - өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады[1].

Егер де балалар – гүл деп елестетсек... Онда гүлдер – жиынтық бағалауға жатады, себебі біз оны көреміз, өлшейміз. Өлшеулер нәтижелерін салыстыру және талдау қызықты болуы мүмкін, дегенмен бұл өсімдіктердің өсуіне ықпал жасамайды.

Ал, өсімдіктердің қажеттіліктеріне сәйкес күту, жерін жұмсарту және суаруға эквивалент болып табылатын бағалаудың түрі, ол - қалыптатырушы бағалау, бұл болса өсімдіктердің өсуіне ықпал етеді.

Бағалау - одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Ол – оқушының ілгерілеу дәрежесін анықтаудан гөрі кең ауқымды нәрсе. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады.

Бағалау – оқу үдерісі мен оның нәтижесі туралы ауқымды түсініктен тұратын педагогикалық үдерістің маңызды элементі. Ол - білім алушылардың оқу бағдарламасы бойынша алған білім, білік сапасын немесе олардың шығармашылық бағыттағы тұлғалық даму деңгейін анықтауға, арттыруға және түзетуге көмектесетін тәсіл.

Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау үдерісі.

Бағалау үдерісі үш кезеңнен тұрады:

- 1) ақпарат жинау
- 2) оны талдау;
- 3) шешім қабылдау.

Мұғалімдердің осы деңгейлерде қаншалықты жұмыс істей алатынын бағалауға болады.

Ақпарат жинақтау барысында басты назар оқушының оқу-танымдық қызметіне бағытталуы шарт. Бағалау үдерісінде алынатын ақпарат:

- оқу үлгерімінің стандартқа сәйкестігі;
- оқытудағы кедергілер;
- оқушы жетістіктері;
- оқушы біліміндегі кемшіліктер;
- оқыту әдістемесіндегі кемшіліктер;
- әрі қарай не істеу керек?

Бағалау үдерісінің талдау кезеңінде оқуда пайда болған кемшіліктердің себеп-салдары сұрыпталады. Мысалы: оқыту немесе оқу барысында қай жерде қателік кетті, оқу бағдарламасының мазмұнының жеңіл немесе күрделілік деңгейі қандай, бүкіл сыныптың ішінде тапсырманы түсінбеген оқушылардың үлесі қанша және тағы басқалар. Ақпарат жинау нәтижесінен туындаған жоғарыдағы ақпаратты талдай отырып, мұғалім: «Оқуды жақсарту үшін не істеуім керек?» немесе «Оқушыларға қалай көмектесуге болады?» деген сұрақтардың шешімдерін іздейді.

Бағалау үдерісінде пайда болған кедергілердің шешу жолдарын төмендегі бағыттарда қарастырған тиімді:

- оқу бағдарламаларын құрастыру;
- мұғалімдерді оқыту мен олардың құзыреттіліктерін арттыру;
- мектеп бағдарламаларын жетілдіру

✓ Жоғарыдағы бағыттарда жұмыс жасау барысында мұғалім оқушылардың қа-жеттіліктеріне қарай жасаған өз әрекеттеріне рефлексия жүргізіп отыруы керек. Ол оқушының қажеттілігін түсінген жағдайда ғана әлсіз немесе үлгерімі орташа оқушылармен қалай жұмыс істеу керектігін түсінеді. Мысалы, «Оқушының оқу тұжырымы қалыптасқан ба?», «Оқушылар бағалау үдерісі мен қисынын түсінді ме?». Осыған ұқсас сұрақтардың аясында мұғалім оқушының қажеттілігіне қарай әрекет етуі маңызды. Бұл әрекет оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыру тәжірибесін жаңартуға және өзгертуге ықпал етеді. Нақтырақ айтқанда, бағалау - оқудың шешім жолдары мен оқу үдерісін жақсарту мәліметін беретін оқушылардың оқып-үйренуіне талдау жасау, ақпарат жинау үдерісі.

Бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін әр түрлі сапалық және сандық бағалау түрлері, құралдары, әдістері мен формаларынан тұратын жүйе ретінде іске асырылады. Ол тек оқудың соңғы оқу нәтижесін қорытындылауда ғана емес, сонымен бірге оқу және оқыту үдерісімен толықтай және үздіксіз бірге жүріп отырады. Бағалау үдерісі оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететіндіктен бір-бірімен тығыз байланысты және оқыту әдістемесін өзгертіп жаңартуға, оқу және оқыту тәжірибесін жетілдіруге көмектеседі. Оқушылардың оқудың негізгі тұжырымдарын, логикасын және үдерісті дұрыс түсінуі басты назарға алынады. Тұжырымдап айтқанда, бағалау – оқу үдерісінің ажырамас бөлігі. Сондықтан бағалау оқу бағдарламасы, мақсаты, оқу мазмұны және әдістемелерімен тығыз байланысты болуы керек.

1.2. Критериалды бағалау дегеніміз не?

✓ **Критериалды бағалау** – бастауыш білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, білім алушылардың оқу-танымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, айқын анықталған, ұжыммен әзірленген, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына (білім алушыларға, мектеп әкімшілігіне, педагогтарға, ата-ана мен басқа да заңды өкілдеріне) алдын ала белгілі критерийлермен білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген бағалау үдерісі.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды¹.

✓ Критерий – оқыту міндеттерімен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесінде меңгеруге тиісті әртүрлі іс-әрекетінің тізбегі.

✓ Критериалдық бағалау жүйесі - қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігі анықтайтын жүйе.

Замануи мектепте білім алушылардың білім алу іс-әрекетін критериалды бағалау тәсілі қажет, себебі бұл тәсіл кері байланысты іске асыруға көмектеседі, білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың оқыту нәтижесі мен өлшем критерийлерін көруге мүмкіндік береді.

Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, білім алушы да: Білім алушы оқытудың қай сатысында? Олар білім алуда неге талпынады? Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек? - екенін түсінеді.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну [1, 2, 3]

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз:
 - білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы;
 - мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы;
 - ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;
 - басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесі мұғалім, оқушы, ата-ана, сынып жетекшісі, сонымен қатар, білім беру ұйымдарындағы әкімшілік, педагогикалық ұжым арасындағы үнемі байланысты, білім беру үдерісінің толықтай, жүйелі қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементтері:

- оқытудың нақты нәтижелерінің тізбесінде (оқу бағдарламасы шеңберінде меңгеру деңгейлері анықталған оқу мақсаттары) көрініс табатын тақырыпты (сабақты) меңгерудің критерийлерін дәл анықтау;

- негізгі мақсаты түзету оқу процедураларының қажеттілігін анықтау болып табылатын тексеру жұмыстарын әзірлеу;

- оқу материалын жекелеген бөліктерге (оқу бірліктеріне) бөлу, оқу барысында қол жеткізілетін сипаттамасы бар (дескрипторлары бар) нәтижелерді (критерийлерді) анықтау, әрбір оқу бірлігін оқып-үйренуде мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін ағымдық тексеру жұмыстарын әзірлеу;

- оқытудың сәйкес келетін әдістерін таңдау, оқыту тапсырмаларын құрастыру;

- әр тапсырмаға альтернативті түзету материалдарын әзірлеу.

Осындай тәсілдеме шеңберінде бағалау мен өзін-өзі бағалаудың әртүрлі формалары, әдістері және түрлері пайдаланылады. Бұл ретте мұғалім алдында келесі бірқатар қағидалар туындайды:

- баға арқылы білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағалана алады;

- білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, эталонымен (өте жақсы орындалған жұмыс үлгісімен) салыстырылады;

- нақты тапсырмалардың әртүрлі формалары, сондай-ақ мінсіз орындалған тапсырмалардың анық және айқын сипаттамалары пайдаланылады;

- білім алушыларға эталон алдын ала белгілі болады;

- білім алушы өзінің жетістік деңгейін және бағасын өзі анықтауына мүмкіндік беретін бағаны шығарудың нақты алгоритмі әзірленуі тиіс. Рефлексия білім алушының тұлғалық дамуының міндетті шарты, оның дамуына қажетті компонент болып табылады;

- оқушыларды бағалау үдерісіне қосу, өзін-өзі бағалауға талпыну;

- оқытып-үйреткенді ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрінісі;

- пән бойынша жалпы оқу мақсаттары білім алушылардың сол пән бойынша жетістіктерін бағалаудың критерийлері болып табылады және білім алушының жекелеген жұмыстардың көмегімен анықталған нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына, бақылау іс-шараларының формаларына, білім алушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады; білім алушылардың оқу жетістіктерін аралық және қорытынды бақылауды тұтас пайдаланылатын қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың бірлігі негізінде; білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау үдерісінің сипаттамасы ретіндегі саналылық негізінде; осы технологияны пайдаланудың тиімділігіне педагогикалық диагностика өткізуде іске асырылатын диагностикалық негіздерінің бірлігі негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны

<p>Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, үдерістермен, бағалау құралдарымен, нәтижелерімен анықталады</p>	<p>Критериалды бағалау жүйесі</p>	
	<p>Бағалау стандарттары</p>	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР МЖМБС: Білім беру аясында білім алушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар (күтілетін нәтижелер Б.Блум таксономиясында негізделген) • Пән бойынша оқу бағдарламалары: Пән бойынша оқу мақсаттары, бөлім, ортақ тақырыптар , бөлімшелер
	<p>Бағалау құрылымы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ойлау дағдыларының деңгейлері: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау • Сөйлеу әрекеттерінің түрлері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым • Бағалау критерийлері - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі • Түрлі деңгейдегі тапсырмалар
	<p>Бағалау үдерісі</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қалыптастырушы және жиынтық бағалау - критерийге негізделген
	<p>Нәтиже</p>	<ul style="list-style-type: none"> • "Кері байланыс " Күнделікті тәжірибе • "Баллдар" Әр бөлім және тоқсан бойынша • "Ойлау дағдыларының деңгейлері " Әр бөлім және тоқсанды аяқтау бойынша • "Баға" Оқу жылын аяқтау бойынша

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны мынадай заңнамалық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 463 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

- «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 531 бұйрығы;

- «2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүргізудің ережесі;

- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар;

- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалардың оқу пәндері бойынша жинақтары;

- Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың оқу пәндері бойынша жинақтары.[3,4,5]

1.4. Критериалды бағалау жүйесінің құрылымы, механизмі және құралдары

Бағалау жүйесі кері байланысты жүзеге асырудың және оқыту проблемаларын диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады.

Білім берудің жаңа стандартын әзірлеу барысында білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесімен байланысты ғылыми және әдіснамалық проблемалардың бар екені анықталды.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесінің маңызды құралдарының бірі бола отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру үшін

бағалау жүйесі тиімді және әділетті болуы қажет.

Бағалаудың критериалды-бағытталған тәсілі негізінде білім алушылардың білім нәтижесін бақылау жүйесі мен бағалаудың сапасы бүгінгі күні өзекті болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі – білім алушылардың оқу жетістіктерін алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес бағалау, білім алушылардың жеткен нақты нәтижелерін жоспарланған оқу мақсаттарына сәйкес дәрежесін орнату.

Критериалды бағалау жүйесінде білім алушының тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, эталонымен (өте жақсы орындалған жұмыс үлгісімен) салыстырылады; эталон білім алушыларға алдын ала белгілі болады. Оқытып-үйреткенді ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрінісі.

Біз бағалауды қолданудың барлығын үлкен екі категорияға топтастыра аламыз: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Аталған екі бағалау түрінің де білім жүйесінде және сыныпта өзіндік атқаратын рөлдері бар. Бұл жерде - әрбір бағалау түрінің кең ауқымдағы түсінігі, оқушыларға қажет емес бағыттардан гөрі, көбірек көңіл бөлетін тұстарда олардың атқаратын қызметі маңызды болуы мүмкін. Аталған бағалау типтерінің білім беру жүйесіндегі рөлі әр түрлі.

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау деп нені атаймыз?

Оқу үшін бағалаудың мақсаты - Оқуды бағалаудың мақсаты-

сапаны жақсарту

сапаға қатысты шешім шығару

✓ Оқуды бағалау – оқудың өз нәтижесіне жеткенін анықтайтын бағалау түрі. Оқуды бағалау оқушының қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Негізінен, ол келешек оқытуға үлес қосуға бағытталмаған, оның үстіне көпшілік көп мән беретін тестілеу әдісі оқыту үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Оқу үшін бағалау керісінше үдеріс жүріп жатқанда орын алады. Бұл бағалау түрін біз оқушы қажеттілігін анықтау үшін, өзіміздің келесі әрекетімізді жоспарлауға, өз жұмыстарын жақсартуға, кері байланыс жасауға және оқушылардың жетістікке жету жолында өз жұмыстарын көріп бақылауы үшін қолдана аламыз. Әрқайсысы оқушының білім алуына өзіндік ықпал жасап, келесі қадамда нені жасау қажеттігін анықтауға көмектеседі.

✓ Оқуды бағалау – белгілі бір уақытта оқушы жетістігін жинақтап көрсететін бағалау түрі. Ол оқу үдерісі аяқталған соң жүреді. Оқу үшін бағалау оқып-үйрену үдерісі жүріп жатқан кезде мұғалімдер мен оқушыларға өздерінің оқытуы мен оқуынан хабар беріп отыру үшін қолданылады. Оның мақсаты – оқушы білімінің жиынтық бағасы қойылмай тұрып, үдеріс жүріп жатқанда үйренуді қалай жақсартуға болатынын анықтау [5].

Оқу үшін бағалау оқушылардың уәжі мен қызығушылықтарын арттыруда үлкен рөл атқарады. Ол оқушыларға өздерінен күтілетін оқу

нәтижесін көруді қамтамасыз етіп, өз оқуларын бақылап, дамытып, жақсартып отыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқу үшін бағалау оқушылардың білімі «қазір қай жерде?» және «қай жерде болу қажет?» аралығындағы қалып қойған бос орындарды толтыру үшін стратегияларды ұсына алады. Демек, оқу үшін бағалау – оқушының қалай оқып жатқанын, оқуға ішкі уәжін зерделеу және қалыптастырушы кері байланыс беру негізінде жетістікке жету сатысын анықтайтын бағалау үдерісінің ең тиімді түрі.

Оқу үшін бағалау мен оқуды бағалау өзара байланысқан және өзара тәуелді үдерістер болғанымен, олардың оқу үдерісінде шешетін өзіндік мақсат-міндеттерімен айқындалатын төмендегі ерекшеліктері бар:

Оқу үшін бағалау мен оқуды бағалаудың ерекшеліктері		Оқу үшін бағалау	Оқуды бағалау
	Үдеріс	Оқу қалыптастыру	Өлшеу
	Қатысушылар	Оқушылар, мұғалімдер	Оқушы/ ата-аналар/қоғам
	Сипаты	Сипаттамалық	Таңбалық (2,3,4,5)
	Уақыты	Күнделікті	Нақты, мерзімді
	нәтиже	Үйрету, даму	Қорытынды шешім

Критериалды бағалау жүйесі шеңберінде бағалау 2 түрге бөлінеді: қалыптастырушы бағалау; жиынтық бағалау (бөлім, тоқсан, оқу жылының қорытындысы бойынша).



Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау бағалаудың әртүрлі формада (ауызша сауалнама, жазба жұмысы, тәжірибелік жұмыс, зертханалық жұмыс, жоба, тест және т. б.) жүзеге асырылады және жиынтық бағалау өткізгенге дейін мұғалім мен білім алушыға оқу үдерісін түзетуге, ықтимал болатын кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді жоюға мүмкіндік береді. Тоқсан бойы жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалауда жұмысты ұйымдастырудың білім алушыға оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарына жету үшін көмек беруге мүмкіндік беретін жеке, жұптық және топтық формалары пайдаланылады.

Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде мұғалімдер оқу процесін түзетеді, жиынтық бағалауды өткізгенге дейін білім алушылардың ықтимал кемшіліктерін жояды.

Қалыптастырушы бағалауда білім алушылар пәндер бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту мақсаттарына жетеді.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі.

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мұғалімдер үшін әзірленген Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар бөлім/ортақ тақырып, тоқсан бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізудің тәсілдемелерін көрсетеді. Құжат мынадай ақпараттарды қамтиды:

- бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар;
- бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың дескрипторлары мен баллдары бар тапсырмалар үлгілері;
- тапсырмаларды әзірлеу және процедураны өткізу үшін тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы;
- тапсырмалардың балл қою кестелерімен қоса тоқсандық бағалау тапсырмаларының үлгілері.

Бөлім/ортақ тақырып және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда тоқсандық және жылдық қорытынды баға қойылмайды. Бұл жағдайда білім алушы уақытша бағаланбаған болып есептеледі.

Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша бағаланбаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша беріледі.

Баллдарды бағаға ауыстыру шкаласына сәйкес білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша балл түріндегі нәтижелері тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушылар мен ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық түрде ұсынылады.

1-сыныпта бірінші жартыжылдықтың оқу материалын меңгеру деңгейіне жиынтық бағалау жұмысы жүргізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3-ші,4-тоқсандарда қойылады.

Электрондық журналдың формасы білім алушылардың тоқсандар бойы (бөлімдер мен тоқсандар бойынша жиынтық бағалаудың баллдары) жетістіктерін енгізетін кесте түрінде берілген, сонымен қатар баллдарды бағаларға ауыстыру (тек тоқсанның және оқу жылының қорытындысы бойынша) шкаласына сәйкес бағаларды автоматты түрде есептеу жүргізіледі.



Өзін-өзі бақылаудан тапсырмалар мен сұрақтар

Ұсынылған сұрақтар тарауға қайтадан оралуға және негізгі идеяға ерекше көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған тапсырмаларды орындап, қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Критериалды бағалаудың мақсаты неде?
2. Критериалды бағалау міндеттерінің тізімін, оларға графикалық көрініс ретінде өзіңіздің нұсқанызды жасаңыз.
3. Критериалды бағалаудың қағидаттарын атаңыз.
4. Оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесінің негізгі идеялары қандай?
5. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұнын схема ретінде көрсетіңіз.
6. Критериалды бағалаудың құрылымы қандай?
7. Критериалды бағалаудың мазмұны қандай әдістемелік- нұсқаулық құжаттарымен сәйкес келеді?
8. Критериалды бағалаудың мәні және оның практикада қолданылуының маңыздылығы неде?
9. Қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, критерийлер ұғымдарына түсініктеме беріңіз.
10. Оқу жетістіктерін критериалды тәсілмен бағалаудың артықшылықтарын атаңыз.

11. Кестені толтырып, оларға түсінік беріңіз.

Атаулар	Түсінік	Мазмұны
Дж. С. Брунер	Скаффолдинг теориясы	
Л.С.Выготский	Дамудың ең жақын аймағы	Бұл заңдылыққа негізделетін болсақ, тәрбиелеудің мақсаттары мен тәсілдері тек қазіргі даму

		деңгейіне ғана емес, алдағы тұрған деңгейге де сәйкес болуы қажет
Б.Блум		
	Толықтай меңгеру технологиясы	

12. Берілген сөзді толтырып, анықтамада қандай сөз-тіркесі мен негізгі сөздің қажеттісін анықтаңыз.

Критериалды бағалау- бұл оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда нақты, ұжыммен, алдын ала оқушылардың барлығына белгілі, білім жетістіктерін негізделген үрдіс.

13. «Салыстырмалы» эссе жазыңыз. Қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудың айырмашылығын және/немесе ұқсастықтарын жазыңыз. Эссе 150 сөзден артық болмауы тиіс.

II БӨЛІМ. ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

2.1. Қалыптастырушы бағалаудың пайда болуы

«Білім беру бағдарламасын тұрақты жетілдіруде өзіндік орны бар» бағамдау үдерісін сипаттау үшін «қалыптастырушы» деген терминді алғашқы болып Майкл Скривен қолданған деген факті кең тараған. Сондай-ақ, ол бағамдау «мектеп басшыларына бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірлеп, бағамдау үдерісін өзінің бастапқы рөлінде қолдану арқылы оны қайта қарай отырып, мектеп жүйесі жұмсайтын шығындарды ақтау мақсатында басқа баламалармен салыстырғанда айтарлық тайартық шылығы бар ма екені туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді» деп атап көрсетті. Бағамдауды жіктеу үшін «қалыптастырушы», «жинақтаушы» терминдерін ұсынды.

Бенджамин Блум өзінің әріптестерімен бірге кейінгі жұмыстарында «қалыптастырушы бағамдау» терминін қолдануды жалғастырды, ал Ұлыбританияда жоғары оқу орындарында «негізгі бағалаудың алдындағы кез келген бағалауды» сипаттау үшін «қалыптастырушы бағалау» термині қолданылды. Екі жыл өткеннен кейін Бенджамин Блум (1969, 48-б.) мектеп тестілеріне дәл осындай айырманы қолданды: оқыту-оқу үдерісінің әрбір сатысында кері байланыс ұсынып, түзетіп отыру мақсатында «қалыптастырушы бағамдауды» қолдану мүлде өзгеше. (1-қосымша) Қалыптастырушы бағамдау - оқу үдерісінде мұғалімдер мен оқушылар көмек ретінде қолданатын қысқа тестілер бойынша бағамдау дегенді білдіреді. Бұндай тестілерді жіктеп, бағамдаудың пікір тұжырымдауға көмектесетін бөлігі ретінде қолдануға болғанымен, біз қалыптастырушы бағамдауды баға қою үдерісінен бөліп алып, тікелей оқыту үшін қосымша құрал ретінде қолдану анағұрлым тиімдірек екенін түсіндік.



Қалыптастырушы бағалаудың анықтамасы Натриелло және Крукстың ертедегі зерттеулерін толықтыру мақсатында Блэк пен Уильям сыныптағы қалыптастырушы бағалаудың ықпалы туралы зерттеуге шолу жасады. Өздерінің шолуларындағы ақпараттың көпшілікке қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында олар мұғалімдер мен саясаткерлерге арнап өз зерттеулерінің нәтижелерінің саясат пен тәжірибеге ықпалы туралы мақала әзірледі. Осы мақалада олар қалыптастырушы бағалауға төмендегідей анықтама берді: «Біз мұғалімдер оқушыларды және оқушылар өздерін бағалау үшін орындайтын барлық шараларды қамту үшін «бағалау» деген жалпы терминді қолданамыз, бұл шаралардың көмегімен оқу мен оқыту үдерістерін түрлендіру мақсатында кері байланыс ретінде қолдануға болатын ақпарат

аламыз. Оқушы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды икемдеуде осы дәлелдер қолданылса, бұндай бағалау қалыптастырушы бағалауға айналады».

«Қалыптастырушы» деген терминді түрліше түсіндіруге болады және әдетте жиі жүзеге асырылып, оқытумен бірге жоспарланатын бағалауды білдіреді. Бұндай бағалаудың құрамында оқуға көмектесетіндер деп анықталған барлық сипаттамалардың болуы міндетті емес. Ол мұғалімге егжей-тегжейлі түсіндіруді немесе машықтануды қажет ететін салаларды анықтауға көмектесуде қалыптастырушы болуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, көптеген авторлар оқу үшін бағалау немесе қалыптастырушы бағалау 7 әдістен тұрады деп болжам жасады:

1. Оқушыларға нақты және түсінікті тұжырымдалған оқу мақсаттарын ұсыну;
2. Жақсы/нашар жұмыстарды үлгі ретінде пайдалану және модельдеу;
3. Жүйелі кері байланыс жасау;
4. Оқушыларды өзін-өзі бағалауға және мақсат қоя білуге үйрету;
5. Бір ретте бір ғана сапа аспектісін немесе оқу мақсатына арналған сабақтарды әзірлеу;
6. Оқушыларды мәселені мақсатты түрде қайта қарауға үйрету;
7. Оқушыларды өз бетінше рефлексия жасауға тарту және оларға өз оқуының есебін жүргізіп білімімен бөлісуге мүмкіндік беру.

Бұл модельді де стратегиялардың тек бағалау үдерісімен ғана байланысты еместігіне қатысты сынға алуға болады. Соған қарамастан, оқушы және сыныптастарымен байланысты екі стратегия (Оқушыларды бір-бірін оқытатын ресурс ретінде қолдану және оқушыларды өз оқуы үшін жауапты адам ретінде әрекет етуге тарту) оқу үдерісін реттеудегі ықтималдық сәттеріне ерекше назар аударатын мәселелер деп түсіндіріледі, осылайша төменде көрсетілген сызда қалыптастырушы бағалаудың тұжырымдамалық негізі ұсынылады.

Қалып тастыр ушы бағалаудың бес «негізгі стратегиясы»		Оқушы неге талпынады	Оқушы қазір қай сатыда	Мақсатқа қалай жетуге болады
	Мұғалім	Оқудан күтілетін нәтижені және табыс критерийлерін түсіндіру,	Оқудың дәлелдерін алуға болатын тиімді пікірталас, тапсырмалар мен жаттығу дайындау	Оқуда алға жылжуға көмектесетін кері байланыс ұсыну
	Сыныптас	олармен таныстыру	Оқушыларды бір-бірін оқытатын ресурс ретінде қолдану	
	Оқушы	(хабарлау) және	Оқушыларды өз оқуы үшін жауапты адам ретінде әрекет етуге тарту	

	оқушының түсінуі	
(Дереккөз: Лейхи және басқалар, 2005)		

Суреттегі модельдің құрылымының толық түсініктемесін Уильямның 2007 жылғы және 2011 жылғы еңбегінен табуға болады. Осы мәселені тарқату мақсатында мақаланың қалған бөлігі «Оқудан күтілетін нәтижені және табыс критерийлерін түсіндіру, олармен таныстыру (хабарлау) және оқушының түсінуі» және «Оқушыларды өз оқуы үшін жауапты адам ретінде әрекет етуге тарту» стратегияларына және олардың оқушы реттейтін оқумен байланысына шоғырландырылған.

2.2. Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Қалыптастырушы бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін қолданатын мәліметтерді әзірлеу және түсіндіру үдерісі болып табылады. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударады. Мұнда оқушылар сыныптастарын және өздерін бағалауға тартуы мүмкін және белсенді түрде бағалауға қатысуы керек.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен білім алушылардың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады. Тиімді оқыту мақсатында білім алушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, ағымдағы түсінік деңгейін қадағалау қажет. Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері: оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, білім алушыларға ұсыну;

- білім алушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен оқытуға арналған орта құру;

- білім алушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету;

- білім алушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;

- білім алушыларға өзінің оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығу немесе тестілеу жұмысы ретінде қарастырылмайды.

Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады.

Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Мұғалімдерге көмек ретінде қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалар жинағы дайындалған, онда оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері, дескрипторларымен бірге тапсырмалар үлгілері берілген.

Мұғалім қалыптастырушы бағалау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін жинақта берілген тапсырмаларды қолдануына болады. Одан басқа мұғалімдерге қалыптастырушы бағалаудың құралдарын өз бетінше дайындауға мүмкіндік беріледі. Ол үшін жоспарлау кезеңінде мұғалімге:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;

- бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;

- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.

Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар білім алушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы кері байланыс беруге жағдай жасайды. [3,9].

Мысал: №1 Математика пәні 2 сынып

Берілген тақырып: Санды және әріпті өрнектер

Оқу мақсаты 2.2.1.3 Қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: $a+b=b+a$; $(a+b)+c=a+(b+c)$; $ab=ba$ көрсету және қолдану

Бағалау критерийі

- Қосу мен көбейтудің орын ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін ажыратады
- Қосу мен көбейтудің орын ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін әріпті өрнек түрінде жазады

Тапсырма:

Санды өрнектерге сәйкес әріпті өрнектерді тауып, байланыстырып сыз.

23+17=17+23				

- қосудың ауыстырымдылық қасиетіне байланысты өрнекті анықтайды және сәйкестендіреді;
- қосудың терімділік қасиетіне байланысты өрнекті анықтайды және сәйкестендіреді;
- көбейтудің ауыстырымдылық қасиетіне байланысты өрнекті анықтайды және сәйкестендіреді.

✓ Осы типтес барлық тақырыпқа байланысты қалыптастырушы бағалау тапсырмалары, оқу мақсаттары, критерийлері, дескрипторы дайын берілген. Дайын материалды мән-мағынасына жеткізіп қолдана білу мұғалімнің міндеті. Бұл үшін қалыптастырушы бағалау алар алдында критериймен таныстыру немесе өздеріне құрғызу қажет. Содан кейін тапсырма беріледі. Дескриптормен таныстырылады яғни бала сол тапсырма бойынша қандай жұмыстар атқаратынын білу керек. Тағы бір ескертілетін жағдай тапсырма белгілі уақытқа беріліп, тапсырма орындау уақытын қатаң сақтау қажет. Кейде мұғалімдер оқушылар толығырақ орындасын, ойлансын деп уақытты көп береді де соңында талдауға, өзін -өзі бағалауға, кері байланыс беруге уақыт жетпей жатады. Бұл үлкен кемшілік. Тапсырма ұсынылу барысында оқушылармен келісілген немесе мұғалімнің бекіткен уақытынан ауытқымау қажет. Оқушының белгілі уақытта жұмысты аяқтау керектігін түсінудің де маңызы зор. Бұл жерде жоғарыда айтылғандай тапсырманы орындаудан да маңыздысы өзінің немесе бірлескен жұмыстарының жетістігі мен кемшілігінің себеп салдарына талдау жасай білуі, түзетулер енгізуі, бұл мақсатқа қай дәрежеде меңгергеніне рефлексия жасау болып табылады.

Кейбір ҚБ тапсырмасының ерекшелігіне қарай нұсқаулық та қоса көрсетіледі. Тапсырма орындау барысында нұсқаулыққа сүйеніп орындау әдетін де қалыптастыру керек. Мұндай жұптық жұмысты оқытып, тыңдау арқылы тексертіп бір жұп бір жұпты «Екі жұлдыз, бір тілек арқылы бағалатуға болады». Қорытындыда «Біздегі кеткен кемшілік мынау екен» деген ойлану уақытын ұйымдастырып, жұбында біріне- бірі түсіндіруге бірер минут берген тиімді.

Мысал №3. Математика 2 сынып

Тақырыбы: Есептер және математикалық модель



Оқу мақсаты: 2.5.1.8 Құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу және шығару.

Бағалау критерийі:

- Құрама есептерді дұрыс модельдейді.
- Есептің шешуін жекелеген амалдар немесе санды өрнек түрінде жазып көрсетеді.

Тапсырма.

Есептің сызбасын толықтыр. Есептің қысқаша шартын жаз, шешуін тап,

жауабын жаз. Аулада 22  және одан 7-еуі кем  жайылып жүр. Аулада неше лақ жайылып жүр?

Шарты: _____ кем

Шешуі: _____

Жауабы: _____

Дескриптор:

- шартын жазады;
- шешуінде амалды дұрыс қолданады;
- мәнін табады; жауабын жазады;

✓ Бұл типтес ҚБ- ны көп жағдайда жеке оқушыларға дербес орындалатын тапсырма ретінде таратылып, дескриптормен таныстырылады, 4 минут уақыт беріледі. Жұмысты тексеру мен бағалау өзін- өзі тексеру

бойынша жүргізіледі. Ол үшін мұғалім дұрыс жауабын тақтаға іледі немесе дауыстап оқып беру арқылы тексертеді. «Кімде қандай қате кетіпті? Неге?» сұрағы арқылы әр оқушыға өзіне талдау жасатып, не үшін білмегенін анықтап (мысалы оқушы: «кем» деген сөзге мән бермеппін немесе мәнін табуда 22 ден 7- ні азайтуда қателестім немесе қысқаша шартын жаза алмадым немесе жауабын жазуды ұмытып кетіппін т. б) оқушының рефлексия жасай алуы мұғалім үшін мықты кері байланыс болмақ [10].

Мұғалім «Сол қатені екінші жібермеу үшін не істейсің?, Оны қалай есте сақтайсың?» деген сұрақтарға жауап алу арқылы оқушының ішкі сенімін арттырады.

Мысал №5.

Дүниетану пәні бойынша 2 сынып

Тақырып: 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік

Оқу мақсаты: 2.1.4.3 Көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату.

Бағалау критерийі:

- Көлік түрлерін ажыратады және олардың қызметін сипаттайды

Тапсырма

Суреттердің астына көліктердің атауын жаз.



- Оларды 3 топқа бөл. Сәйкес бағанға суреттің нөмірін жаз.

Жер үсті көліктері	Су жолы көліктері	Әуе жолы көліктері

- Тағы қандай көліктер аталмаған? Кестенің әр бағанына 1 көлік атауын жаз.
- Ауылдық жерлерде тағы қандай көліктер пайдаланылады?
- Көліктер не үшін қажет?

Жұпта ой бөліс.

Дескриптор:

- суретте бейнеленген көліктердің атауын жазады;
- көліктерді түрлеріне қарай ажыратады;
- ауылдық жерлердегі көлік түрлерін атайды;
- көлік түрлеріне мысал келтіреді;
- көліктердің қажеттілігі туралы әңгімелейді.

✓ Бұл типтес ҚБ тапсырмаларының көлемін сабақтың SMART мақсатындағы бөлінген уақытқа байланысты, оқушының жаттығу дәрежесіне байланысты көбірек немесе шағын түрде жүргізуге болады. Мысалы: - Сағаттың қанша болғанын жазуға - 2 тапсырма, ал көрсеткіш бойынша суретін салуға - 2 тапсырма ұйымдастыруға болады. Мұғалім әр оқушыны өзі жіберген кемшілігі бойынша «Мен мұны қалай түзетуіме болады?» деген тақырыпта ой қозғау ұйымдастырып, өздігінен жұмыс істеуге бағыттайды.

✓ Жұпта орындауға беріледі. Жұптар жұмыстарын қорғау барысында тыңдай отырып, келесі топтар дәлелді түрде толықтырып отыруына мүмкіндік туғызу қажет [10,14].

Мысал №6. Математика 1 сынып

Тақырыбы: Монеталарды төлеу

Барлық оқушылар, мақсаты: Түрлі монеталардан тауар бағасын құрастырады. Тауар бағаларын/терминдерді салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалануға үйренеді.

Критерий: Монеталардан төлем бағасын құрастырады.

Көптеген оқушылар мақсаты: Екі, үш, төрт одан да көп монетамен төлем жасай алады.

Критерий: Салыстыру терминдерін қолданады.

Кейбір оқушылар мақсаты: Төлем жасау үшін монеталарды ұсақтай да, жинақтай да алады.

Критерий: Монеталар мен олардың тобын салыстырады.

Бүгінгі сабақ бойынша мына монеталарды ұсақта. Монеталарды тағы қалай ұсақтай аласың?

ҚБ тапсырма былай бөлінді:

I топ - 2 теңгелік =

II топ - 5 теңгелік =

III топ - 10 теңгелік =

IV топ - 20 теңгелік =

Оқушылар белгіленген уақытқа сәйкес тапсырманы аяқтайды. Мұғалім өзіне кері байланыс алады.

Осы мақсатқа №2 тапсырма

Ойын ойнаймыз. Мектеп буфетінен тағам сатып жейміз.

Төрт оқушы (IV топ) буфет сатушылары болады. Қалған оқушылар (I,II,III топ) тұтынушылар болады. Тұтынушылар буфеттен керекті тағамдарын сатып алады. Сатып алған тағамдарына қанша монеталар жұмсағандарын және арзан, қымбат екенін айтып береді. Сатушылар, жоғары деңгейдегі оқушылар, жылдам есептейді арзан- қымбатын ажыратады, әркімнің артық ақшасын қайтарып береді.

Бұл ҚБ ның қорытындысы мына сұрақтармен анықталады.

- Сатушылар сұраған тағамдарды бере алды ма?
- Артық ақшаларынды дұрыс қайтарып бере алды ма?
- Тұтынушылар, сендер қанша ақша жұмсадыңдар? Не сатып алдың?

- Қанша ақша қайтарып алдың?

Мысал №7.

✓ Блум таксономиясы бойынша құрылған «Түймедағы сұрақтары» стратегиясын қолданып сұрақтарды оқушылардың өздері құруына болады. Бұл жерде көбінесе күрделілігіне қарай топпен және деңгейіне қарай бөлінген топтармен орындаған тиімді. Мысалы: Нақты, анықтаушы сұрақтарды құру төменгі деңгейлі оқушыларға берілсе, шығармашылық, тәжірибелік сұрақтар орта деңгейдегі оқушылар тобына, интерпретациялық, бағалау сұрақтары жоғары деңгейлі топтарға ұсынылады.

Төмендегі үлгі **Әдебиеттік оқу пәнінен 4 -сыныптарға арналған**

Атымтай Жомарт

Нақты сұрақтар:

1. Атымтай Жомарт мәтіні қайдан алынған?
2. Бұл мәтінде есепсіз бай кім?
3. Атымтай Жомарт өлеңінің авторы кім?
4. Жомарт халыққа неше түрлі себеп айтты?
5. Астындағы пырағын түсіп берген кім?
6. Сарандықты айып көрген кім?
7. Жалғыз қойын қонаққа сойып беген кім?
8. Жомарттың артында мал қалмады?
9. Жомарттың артында қандай ат қалды?

Анықтаушы (нақтылау) сұрақтары :

1. Менің түсінігімше Атымтай Жомарт бай болған, ал Сіз оның байлығы туралы қандай пікір айта аласыз?

2. Жомарт жұмыс істегенді ұнатады, сонда қандай жұмыстар істеген?

3. Көршілері таңқалыстарын Жомартқа қалай жеткізе білді?

4. Жомарт өзінің айтқан 4 түрлі себепін атап берді. Менің түсінігімше соның біріншісінде үлкен қорқыныш бар сияқты , ол қандай қорқыныш деп ойлайсыз?

5. Екінші себепінде кейінгілер әбірет (үлгі) алсын деді. Ол қандай үлгі екенін түсіндіріп бере аласыз ба?

6. Жұмыс істесем тамағым бойыма жақсы сіңеді деп рахаттанатынын түсіндім. Не үшін тамағы бойына жақсы сіңетінін түсіндіріп бере аласыз ба?

7. Жұмыс істемесем құдайға бекер күнәлі болармын деген қорқынышын қалай түсіндіңіз?

Интерпретациялық (логикалық ой қорытындылау) сұрақтары:

1. Атымтай Жомарт туралы әңгіме бізге не үшін керек?

2. Сен өзіңе қандай үлгі алдың, қандай ой түйдің?

3. «Жомарт» сөзінің мағынасын қалай түсінесің?

Бағалау сұрақтары:

1. Жомарт сияқты барыңды сұраған, қажет еткен біреуге бере салуға қалай қарайсың, сеніңше ол дұрыс па?

2. Жомарттың бай бола тұра аянбай еңбек еткенін оқығанда не сезіндің?

3. Жомарттың негізгі мақсаты не еді?

4. Атымтай Жомартты Ұлы адамдар қатарына жатқыза аласың ба ?

Шығармашылық сұрақтар:

1. Егер Жомарт байлығына сүйеніп жұмыс істемесе не болар еді?

2. Егер Жомарттың бұл әрекетін байқамағанда не болар еді?

3. Егер бұл мәтін бізге берілмесе біз қандай құнды дүниеден құр қалар едік?

4. Егер өмірде Атымтайдай жомарт жан болмаса не болар еді?

5. Мәтіннің тақырыбын тағы қалай деп қоюға болады?

6. Осы мәтінді тағы кім басқаша құра алады?

7. Атымтай Жомарттың тағы айтылмай қалған жомарттығы (қыры) бар деп ойлайсың ба?

Тәжірибелік сұрақтар:

1. Қазір Атымтай Жомарттар бар ма?

2. Егер сен есепсіз бай болсаң, не істер едің?

Қалыптастырушы бағалау көбінесе сабақ құрылымының «Үйренгенді айқындау және бағалау, проблема шешімін қолдану» кезеңіне» жоспарланады. Ол сабақтың бірінші бөлімі ме, екінші бөлімі ме, әлде үшінші бөлімі ме ол сабақ түріне (жаңа сабақ па, бекіту сабақтары ма) байланысты анықталады.

Мұғалімнің міндеті: Оқушылардың білген мағлұматы бойынша ойланып, ол жөнінде пікір алмасуы мен талқылауын ұйымдастыру.

Оқушының міндеті:

- Осы сабақта білгендері мен үйренгендерін тұжырымдайды.

- Олардың қолданысы туралы ойланады, пікірлеседі.

- Өзінің жаңа біліміне баға береді.

- Жаңа білімді нақты бір проблеманы шешуге қолданады.

«Не білдім/ не үйрендім?», «Бұл білім маған не үшін керек?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/ жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Қалыптастырушы бағалау әр күнгі сабақтың оқу мақсатына сәйкес, көлеміне қарай біреу немесе бірнешеу жүргізуге болады. Мұғалім әр қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырғанда қандай кері байланыс жасайтынын нақты білгені яғни жұмысты тыңғылықты жоспарлағаны дұрыс. Әр баланың жетістік деңгейі ескеріліп, соған қойылатын сұрақ, берілетін тапсырма, нұсқаулық нақты болуға тиіс.

Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мүмкіндігінше қызықты, әр түрлі болып келсе, соғұрлым баланың шығармашылық қабілеті, логикалық ойлау жүйесі, өзіне, өзгеге сыни көзқарасы, дүниетанымы, уақытты тиімді пайдалану әдеті, түрлі адами құндылықтары дамиды. ҚБ түрлендіріп қызықтыра жүргізу мен табанды талаптар баланы өздігінен білім алуға ынталандырады.

Қалыптастырушы бағалау сондай-ақ, мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді, олар:

Оқушылардың оқудың мақсатын білуі және түсінуі	Мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалуы керек. Бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек.
--	--

	Нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді, қолжетімді мақсатқа жауап беруі керек.
Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы	Оқушылар алған білімін қолдана білулері және өздігінен түрлендіріп, дамытып, толықтыра алулары керек, сондай-ақ әртүрлі қалып пен мәнмәтінде қарастыра білулері қажет.
Оқушылардың өзін-өзі бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі	Бағалау үдерісін шынайы және бәріне түсінікті болу үшін бағалау критерийлерін құра білуі керек. Өзінің оқуының мақсаты мен жетістікке қалай жеткенін білу үшін оқушылар өзін-өзі бағалауды үйрену керек. Ол үшін өзін-өзі бағалау, өз ойын пайымдайтын сұрақтар беруге болады.
Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгертуі	Бағалау оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Қалыптастырушы бағалауды пайдалану тиімді оқытудың негізі болып табылады. Себебі қалыптастырушы бағалау оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарына елеулі әсер етеді.

2.3. Қалыптастырушы бағалаудың түрлері мен әдіс-тәсілдері

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау.

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «күрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады. Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының жақсы жағына да, нашар тұсына да назар аударып отырған дұрыс. Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды. Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек. Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды [12].

Жұптарда өзара бағалау

Өзара бағалаудың ең қарапайым нысаны: оқушыларға шамамен бес минут ішінде өздігінен орындау үшін тапсырма беру, содан соң жұмыстарын

алмастыру және бірін-бірі бағалау үшін жұптарға бөлуді білдіреді. Кері байланыс, әдетте, жазбаша емес, ауызша. Ол ынталандыру нысанында ұсынылуға тиіс.

Жауап үлгілері бар жұптарда өзара бағалау

Гиббстің пікірі бойынша, университеттегі инженерия курсына ерекше жетістікке ие болған стратегияның бірі төмендегідей: Сіз дәл уақытында бағалай алмайтындықтан, оқушыларға қалағаныңыздан аз жұмыс берген жағдайда бұл стратегия өте пайдалы. Қалай болған күннің өзінде, өзара бағалау жақсы тәсіл болып табылады. Оқушылар сұрақтар жазылған форманы толтырады және онда өз атын көрсетеді. Олар мұғалімге бағалау үшін басқа оқушыларға берілетін осындай нысандарды береді. Оқушылардың ешқайсысы олардың жұмысын кім бағалайтынын білмейді. Оқушылар өздерінің сыныптастарының жұмыстарын мұғалім ұсынатын бағалау жүйесін қоса алғанда, «жауаптар үлгілері» немесе «дайын шешімдер» арқылы бағалайды.

Жұмыстар өз иелеріне қайта беріледі және әр оқушыда дайын шешімдер қалады. Оқушылардың көпшілігі мұғалім үнемі тексере бермейтін өз жұмысының бағалану сапасын жиірек тексереді.

Мұғалімдердің оқушылар алған бағаларды, тіпті, жазып та алмайтындығын Гиббс атап көрсетеді. Мұндай жағдайда, осындай стратегияны қолдану нәтижесінде орташа баға шамамен, 45%-дан 75%-ға дейін артады! (әрине, егер сіз қажет деп санаған жағдайда, бағаларды осы сатыда жинай аласыз). Өз құрбысының жұмысын бағалау үдерісінің мұғалім жүргізген бағалаумен салыстырғанда, бірқатар артықшылықтары бар. Оқушылар есептің шешімінің немесе сұрақтың жауабының балама тәсілдерін көреді: олар жауап үлгілері мен дайын шешімдерді көреді және бағаларды қоймай тұрып, мұны мұқият зерделеуге тиіс; олар қандай жағдайларда бағалардың жоғарылайтынын және төмендейтінін көреді. Бұл «мақсаттарды» айқындайды. Оқушылар олардан оқу пәнін анық түсінуді, сондай-ақ бірқатар мақсаттарды талап ететін өздерінің сыныптастарының жұмысы туралы пікір қалыптастыруға тиіс. Одан басқа, оқытудың тиімді әдісі болып табылатын оқыту үдерісінен дайын жұмыс шешімдерін алу жолымен мақсаттарды оқып-біледі. Бұл тамаша тәсілдің көмегімен оқушылар өздерін сіздің бағалай алатыныңыздан артық бағалайды, бірақ оның пайдасы тек бұл ғана емес. Аталған әдісте бір «жасырын хабар» бар. Ол оқушыларға қателерді болдырмауды және оларды түзетудің жолын көрсетеді, алайда бұдан басқа ол қателерді жібермеуді және оларды түзетуге болатындығы туралы түсінік береді. Ол оқушыларға оқудағы жетістіктің туа біткен талантқа емес, жұмысты тиісінше орындауға байланысты екендігін көрсетеді. Мұндай хабарламаның маңыздылығын асыра бағалау қиын, дәлелденгендей бұл оқушылардың ынтасы мен жетістіктеріне зор әсер етеді. (Двектің тарату материалы, moonfruit сайтындағы дәлелдеме туралы бет).

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты

ұйымдастыруына болады. Білім алушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін. Мұғалім ол білім алушылардың атын жазып алуы қажет. Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- Бұл туралы сіз не ойлайсыз?

- Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба? Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- Сіз қазір не істеп жатырсыз? - Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?

- Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба? Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың және әр жеке білім алушының жұмыстарын бақылауы қажет. Топтарды бақылауды тапсырма орындау кезінде қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

- жаңа идеяны тұжырымдауды;

- екі (одан да көп) идеяларды салыстыруды;

- идеяларды бағалауды;

- топтық талқылау негізінде пікір білдіруді;

- сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады. Жоғарыда аталған бөлімдер белгілі оқу мақсатына жетудің дәлелін көрсетеді.

Топтардағы өзара бағалау

Оқушылар әрқайсысы үш немесе төрт оқушыдан тұратын топтарға бөлінеді, олардың достық қарым-қатынаста болмағаны жақсы. Олар неғұрлым әртүрлі жауаптар берсе, соғұрлым оқыту үдерісінің жеңіл болуына байланысты топтар екі оқушыдан тұрмауға тиіс.

Оқушыларға алдымен өз бетінше жалғыздан орындауға тиіс сұрақтар немесе есептеулер таратылады (мысалы, бес минут ішінде).

Оқушылар өз жауаптарын, негіздемелерін, әдістерін, жұмыс стилін және т.с.с. айырмашылықтарын белгілей отырып салыстырады. Олар талқылайды және төмендегіге қатысты келісімге келуге тырысады:

Қандай әдіс, жұмыс стилі, негіздеме және жауап және т.с.с. жақсы және неліктен?

«Үздік жауаптың» топтық идеясы қандай?

Топ мүшелері қандай қателіктер жасады және неліктен (мұндай талқылау ынталандыру және құрылымдық негізде жүргізіледі?)

Оқушыларға жауап үлгілері ұсынылады және олар өз тобының жауабын мұғалім ұсынған жауап үлгісімен салыстырады.

Өзін-өзі бағалау топтың жұмысын шолу ретінде

Оксфорд колледжінен Кэррол Найссен аталған стратегияны «Шаштараз ісі және сұлулық» пәнінде өзінің оқушыларымен бірге қолданады және осы стратегияны бүкіл оқытушылар тобымен де бірге пайдаланады. Сондай-ақ оны бір мұғалімнің ғана пайдалануына арнап, оңай бейімдеп алуға да болады.

Әр мұғалім әр сабақтың басында міндеттер қояды. Оқушылар арнайы осыған арналған дәптерлеріне белгілеп алады. Оқушылар өз оқуын әр сабақтың соңында осы тапсырмалар аясында қарастырады. Апта сайын оқушыларға арналған оқыту семинарлары өтеді, бұл семинарларда оқушылар бүкіл аптаның міндеттерін талқылап, неғұрлым көбірек алаңдаушылық тудыратындарын таңдап алады. Мұғалім мұндай сабақта бүкіл сыныпта қиындық тудырған кез келген мақсат бойынша жұмыс жасайды. Ол оқушыларға оларда қиындық тудырған тапсырмаларды шешу бойынша жеке жұмысына көмектеседі.

Осы тұрғыда нұсқау беретін жиналысты бүкіл білім беру бағдарламасын өте жақсы білетін және дайындықсыз-ақ сөз сөйлеуге шыға алатын мұғалімнің өткізуі талап етіледі. Сондай-ақ, қажетті кітаптар мен басқа да оқыту материалдары болуы қажет.

Кейбір оқушылар сыныптастарына немесе мұғалімге бергеннен гөрі, өзін-өзі бағалағанды жақсы көреді. Өзін-өзі бағалау түсінуді және сенімділікті дамытады. Ол мұғалімге қарағанда, оқушыдан көп жігерді талап етеді және жалпы алғанда тиімді оқыту әдістерінің бірі болып табылады. Оқушылардың жауап үлгілерімен алмасуы, бірақ қажеттілігіне қарай, туындаған сұрақтарды бірігіп талқылай отырып, өз жұмыстарын тексеруі «тиімді» әдіс болып табылады.

Осы әдіс оқушыларға, сіздің ойлағаныңыздан гөрі, көбірек нәтиже береді. Онда кері байланыстың жылдам әсері болғандықтан, ынталандыру жүреді, оның үстіне кері байланыс тезірек туындаған сайын ол барынша уәждемелейтін болады. Сұрақтар мен жауап үлгілерін өзін-өзі бағалау, шамамен, әрбір бес минут сайын өткізілетіндей етіп дайындау керек. Бұл жерде Сіз оқушылардың жауап берген сұрақтарға қатысты жауап үлгілерін де көріп отырғандарына көз жеткізуіңіз қажет! Кейбір оқушыларға өз жауаптарын жауап үлгілерімен салыстырудан олардың не үйренгенін жинақтау үшін көмек қажет болады. Сіз олардың бұны жазып алуын немесе жұмысты жалғастырмаз бұрын, осы туралы айтып беруін өтіне аласыз. Олардан «осыны орындаудың ережелері қандай?» деп сұраңыз. Жауап алғаннан кейін дұрыс жауаптарды белгілеңіз және «неліктен?» деп сұраңыз, яғни, аталған ереженің «неліктен» қолданатынын сұраңыз.

Қалыптастырушы тесті арқылы өзін-өзі бағалау

Оқушылар тоқсанның соңғы жартысы бойы өздері орындаған жұмыс бойынша тестіні орындайды. Олар өз жұмыстарын мұғалім ұсынған дайын шешімдер арқылы бағалайды. Оларға тестіде бар тақырыптар мен тақырыпшалар тізімі ұсынылады және олар төменде көрсетілгендей әрқайсысын белгілеу қажет: егер олар оны қалай орындауды түсінген болса, жасылмен (абайсызда болған қателерді қоспағанда); егер олар оны қалай орындауды түсінбеген болса, қызылмен; егер де олар сенімсіз болса, сарымен белгілейді [11,12].

Сіз тестіні орындай алдыңыз ба:		Аты:	
	Қызыл Орындай алмаймын	Сары Сенімді емеспін	Жасыл Орындай аламын

Оқытушы өз білімі мен біліктерінің мұндай тексерулерін қарастырады. Егер тапсырмамен қатар көп қызыл нүктелер тұрса, онда мұндай тапсырма қаралған.

Оқушылар өздерінің әлсіз жақтарына пікір ретінде іс-әрекеттер жоспарын жазады.

Оқушының өзін - өзі бағалауы

✓ Қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің бірі түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Өзін – өзі бағалау – өзіне – өзі баға қою деген сөз емес, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі. Өзін – өзі бағалаудың *алгоритмі* мынадай: Тапсырманы орындауда нені жасау қажет? Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме? Оқушы тапсырманы толығымен жеке орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме? Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды?

Өзін-өзі бағалау - бір қарағанда ол оңай үдеріс. Ол қолдануға жеңіл. Іс жүзінде өзін-өзі бағалау – кез келген қызметпен бірге жүретін үдеріс. Өздерінің кемшіліктерін анықтап, оқушы өздігімен не істей алатындығын, кім қандай мәселеде көмек бере алатындығын, оны қолдайтындығын айқындайды.

Басқа да кез-келген бағалау түрлері сияқты, өзін-өзі бағалау әр түрлі мақсаттар үшін қолданылады. Өзін-өзі бағалау, мысалы, оқушы өзінің жұмысын жауап парағымен салыстырып тексерген кезде жиынтық болуы мүмкін. Бұл жағдайда әдетте оқушыдан бағалауды алдағы уақытта оқытуын жақсартуға пайдаланады деп күтуге болмайды (әйтсе де кейбір оқушылар оны осы мақсатқа пайдалана алады, ал мұғалімдер бұл бағытта оларға қолдау көрсете алады). Дегенмен, өзін-өзі бағалау зерттеу әдебиетінде оқыту үшін бағалауға қатысты қолданылған жағдайда, бұл үдерістің мақсаты қалыптастырушы аспект болып табылады, яғни өзін-өзі бағалауды оқушыларды мақсатқа немесе оқыту стандартына жақындату мақсатында пайдалану.

Бауд (1994) өзін-өзі бағалаудың «айқындаушы ерекшелігін» «оқушылардың стандарттар және/немесе критерийлерді жұмысқа сәйкестендіру және осы стандарттар мен критерийлерге сәйкестік дәрежесі туралы пайымдауларын қалыптастыруға қатыстылығы» деп сипаттайды. Ол сонымен қатар «әдетте өзін-өзі бағалау басқалардың критерийлері мен пайымдауларына құрылады, бірақ шешімді оқушы өз еркімен қабылдайды» деп қосады.

Бағалаудан сабақ алу үшін оқушылар өзінің үйренуі үшін дәлеледемелер жинап қана қоймай, сонымен қатар:

- мақсатқа /стандартқа қатысты өз жұмысын талдау;
- оқу үдерісін жақсарту үшін не істеу қажеттігі туралы шешім қабылдау;
- ағаттықтарды жою үшін не істеуге болатынын білу;
- басты мақсатқа жету үшін өзінің ілгерілеуін бақылау қажет.

Осы құрылым аясында өзін-өзі бағалау өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау элементтерін қамтиды. Кейде өзін-өзі бағалау міндеттері оқушылардан өздеріне, өздерінің білім алуына қатысты рефлексия жасауын талап етеді, яғни өзінің оқу үдерісін қалай жақсы ұйымдастыруға болатындығы, тапсырманы орындауға арналған оқытудың қандай да бір стратегияларын таңдаудың негізділігі туралы ойлануға тиіс. Осылайша, өзін-өзі бағалау негізінен өзін-өзі реттеумен байланысты, Циммерман (2001) өзін-өзі бағалауды «өзінің оқу үдерісінде оқушылардың метатанымдық, ынталандырушылық және мінез-құлықтық белсенділігі» ретінде сипаттайды. Төменде берілген кестеде өзін-өзі реттеудің түрлі аспектілерін жалпылап қорытады және пайымдауларды қалыптастыруға арналған бағдарларды ұсынады [12,13].

Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу кестесі		Оқушылар не істеуі керек	Пайымдауларды қалыптастыруға арналған бағдарлар
	Өзін-өзі бағалау	Оқыту дәлелдемелерін жинау, олардың мағыналарын өзінше түсіндіру	Жеке мақсат, сыртқы стандарт
	Өзін-өзі талдау	Өз жұмыстарын салыстыру	Мақсат, критерийлер, үлгі, оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы кері байланыс
	Өзін-өзі түзету	Өзгерістер мен түзетулер енгізу. Жаңа мақсаттар қою.	Мақсат, критерийлер, үлгі, оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы кері байланыс
	Өзін-өзі бақылау	Ағаттықтарды жоюдағы немесе түзетілген мақсатқа қол жеткізудегі алға басуды бақылау.	Мақсат, критерий, үлгі
	Өзіндік рефлексия	Жұмыс барысын, пікір, тапсырмаға қатысты күшті бөлуді ойластыру.	Оқуға құштарлықты көрсететін түсініктер

Оқушылар үшін оның жетістіктерін бағалау ақпараты төмендегідей элементтерден тұрады: алға қойған мақсаты; берілген және қалыптасқан межелер (критерий); қазіргі қол жеткізген жетістіктер деңгейінің сипаттамасы; алдына қойған мақсаттары мен жеткен жетістіктерінің айырмашылығын түсіне білуі.

Өзін-өзі бағалаудың тиімділігі үшін оқушылардың өз жұмыстары мен оның қабілеті қалай бағаланатыны жайлы түсінігі, сын тұрғыдағы көзқарасты дамыту дағдысы, әділдікті дамытуы және оқушылардың өз мақсаттарына зейіндерін шоғырландыруы шарт.

✓ **Өзін-өзі бағалау – оқушыны бағалау үдерісінің кейбір немесе барлық**

аспектілеріне тарту үдерісі болып табылады. Өзін-өзі бағалауда оқушылар өздерінің жұмыстары туралы ойланып, жұмысты жақсарту жолдарын анықтайды.


Бұл ...
 бұл жай ғана өз жұмысын бағалау емес
 бұл жай ғана сыныптасының жұмысын бағалау емес
 бұл жоспарлау жүктемесін қабылдау емес
 бұл үнемі істеліп тұруға тиісті арнайы жұмыс емес

Бұл ...
 оқушылардың өз жұмыстарын қаншалықты жақсы орындағаны және жұмысты жақсарту үшін не істеу керектігі туралы тұжырымдары оқушылардың өз оқуы мен ілгерілеуі туралы ойлануы оқушыларға дербес оқушы болуға көмектесу әр сабақтың құрамдас бөлімі

Бұл көптеген оқушыларға қиын тиеді, бірақ бұл Сіздің уақытыңыз бен күшіңізді үнемдеуге, сонымен қатар үлгерім деңгейін арттыруға көмектесетіні анық


Оқушылардың өзін -өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын дамыту сатыларын төмендегі суреттен қарауға болады.

Өзін-өзі бағалау – бұл тек қана өз жұмысын бағалау ғана емес, сонымен қатар туындаған мәселелерді өз бетімен анықтап және оның шешу жолдарын табу. Төменде көрсетілген кестенің көмегімен қатысушылардың оқылып жатқан материалындағы мәселелерді анықтап, оларға талдау жасап, оның шешу жолдарын табуға мүмкіндік беріледі.



«Идея жазбасы»	Аты _____	
	Мерзімі _____	
	Мәселенің белгіленуі _____	
	Мен нені білемін?	Менің нені міндетті түрде түсінуім (білуім) керек?
	Шешім және ескерту _____	
Түсініктеме және нақтылау _____		

Бағалау және оқу үдерісі барысында оқушының белсенді қатысуы қалыптастырушы бағалаудың маңызды құрылымы болып табылады. Сол себепті оқушы өзінің оқу нәтижелерін бағалау барысында міндетті түрде белсенді қатысушы болуы қажет, ол үшін өзін-өзі бағалап үйрену, сол сияқты өзінің нәтижелерін жақсарту жолдарын таба білуі керек.

 Мұғалім оқушыларға жұмыстарының бағасының өлшемі жайлы және мақсаттарын үнемі еске салып отыруы қажет. Өзін-өзі бағалаудың уақытын жоспарлау керек.

Сабақтың мақсатын таныстырып, оқушылар өздерінің мақсаттары мен бағыттарын дәл және айқын көре алуы үшін тақтаға, қабырға көрнекіліктеріне баға өлшемдерін көрсетіп қою керек.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау кестесі	Критерийлер (оқушының іс-әрекеттері)	Өрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
	Мен талқыланып жатқан мәселені басқа проблемалармен салыстырып олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаймын				
	Мен мәселені жан-жақты қарастырып, қорытынды жасаймын, барлық ойлар мен болжамдарымды ортаға саламын.				
	Мен нақты дерек көздеріне сілтеме жасап, барлық ұсыныстарымды нанымды түрде дәлелдеймін.				
	Талқылау барысында мен басқалардың пікірлерін мұқият тыңдаймын, олардың сөздерін бөлмеймін, олармен санасамын.				

	Мәселені шешуде ортақ мәмілеге келу үшін мен өз пікірлеріме өзгерту енгіземін.				
	Мен жоба тақырыбы бойынша қажетті ақпарат көздерімен танысып, оларды жан-жақты қарастырып қолданамын.				
	Мен оқулықты қайталамайтын, өзіндік түсінігімнен туындаған жаңа көзқарас пен пікірлерді келтіремін.				
Жазба жұмысын орындауда оқушылардың өз әрекеттерін бағалаулары	Мен өз пікірлеріммен ұстанымдарды анық және айқын түрде келтіремін.				
	Мен баяндау стилін мұқият қадағалап, соған сәйкес сөздер мен тіркестерді таңдаймын.				
	Мен ой қорытуда проблеманы философиялық(жалпылама)тұрғыдан қарастырамын.				
	Мен проблеманы шешуді практикалық тұрғыдан қарастырамын.				



Оқушылар бір нәрсені қалай түсіндіретінін, бір нәрсені қалай бағалайтынын тыңдаңыз, бірақ араласпаңыз. Бұл сіз үшін құнды, өйткені оқушыларыңыздың түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың өзара бағалауы емес сыныптастарын бағалауы

Оқушылардың өздерінің немесе біреудің жұмысын жай ғана бағалауға қарағанда, өзара бағалауының мәні анағұрлым зор. Бұл үдерістің мақсаты олардың назарын өз жұмысының сапасына аудару және жақсартуға болатын жақтарын талдауға көмектесу болып табылады. Нәтижесінде бұл оқушыларды оқытуды дамытуда жауапкершіліктің жалғыз мұғалімге ғана жүктелмейтіндігін көруге мүмкіндік беріп, мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалауға арналған ережелер.(2-қосымша)

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және біріне-бірі сыни көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді. Өзара бағалау өз жұмысының бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

«Баға қоюдан» басқа оқушыларды өзара бағалау үдерісіне тартудың көптеген тәсілі бар. Өзара бағалаудың барлық стратегиясына ортақ нәрсе түрлі критерийлердің қолданылуы болып табылады. Ол атқарылған жұмысқа қолданылатын сабақтың табыс критерийлері (ОүБ 1-стратегия) немесе жай ғана тиісті сұрақтарды құрастыру болуы мүмкін, кейіннен таныстырылым барысында құрбы-құрдастарына осы сұрақтарды қоя алады.

Жазбаша жұмысты өзара бағалауға келер болсақ, ол мұғалім жұмыстарды тексеруді толығымен тоқтатады деген сөз емес. Мұнда мұғалім жұмыстарды қарап шығып, өзінің пікірлері мен ескертулерін айту қажеттігі сөзсіз. Жұмыстың белгілі-бір бөлігін мұғалімнің Дегенмен де, бұл үдерістің мақсаты мұғалімді алмастыру емес, оқушыларды өз жұмысын жақсарту жолдарын тануға көмектесу болып табылатындығын ұмытпау керек.

Өзара бағалауды дамытуға ықпал ететін көптеген стратегиялар бар. Төменде екі нұсқасы келтірілген. Бір рет қолданғаннан стратегияның әлеуетін толыққанды бағалауға мүмкіндік болмайтынын естеріңізде сақтаңыздар, сондықтан таңдап алынған стратегияны кем дегенде екі сабақта қолданып көру қажет (асылы, оны сыныпта қолданатын тәсілдеріңіздің қатарына қосқан дұрыс).

1 стратегия: Оқушылардың жетекшілігімен жүргізілген пікірталас

Егер де сіз әдетте сабақты қорытынды шығарып, өткен материалға қысқаша шолумен аяқтайтын болсаңыз, онда бұған балама ретінде оқыту мақсатын айтып, оқушылар қол жеткізген жетістіктерді қарау және алдағы қадамдарды талқылау үшін оқушылардың шағын тобын тағайындау тәсілін қолдана аласыз (егер оқушыларда бұған дейін мұндай тапсырмаларды орындау тәжірибесі болмаса, онда сізге оның мақсаттары мен міндеттерін бүкіл сыныпқа түсіндіріп, алғашқы топқа пікірталасты жүргізудің бірнеше тәсілдерін ұсыну қажет).

Төменде қолдануға болатын ***бірнеше нұсқалар*** келтірілген:

1) Оқушыларға алдағы уақытта пікірталас жүргізу ұсынылатындығын және оның қалай өтетіндігін түсіндіретінін хабарлаңыз.

2) Пайдалануға болатын тіркестер мен сөйлемдерге мысал келтіріңіз, олардың материалды меңгеру деңгейін және де жақсартуды, дамытуды талап ететін салаларды анықтауға көмектесе алатындығын түсіндіріңіз.

3) Пікірталас жүргізуді сеніп тапсыратын топқа алдын-ала ескертіңіз.

4) Әрбір жаңа пікірталастан кейін жекелеген оқушының өз күшіне деген сенімінің артуын қадағалаңыз.

5) Оқушылардан өз топтарында жетекші топ ұсынған қорытындылармен келісетінін/ келіспейтінін қысқаша талқылауды сұраңыз.

6) Оқушыларға қосымша көзқарас білдіруді ұсыныңыз.

7) Талқылауды басқарып отырған оқушылардың сіздің тарапыңыздан толық қолдау көріп отырғандығына көз жеткізіңіз. (*UK DfES AfL материалдары бойынша*)

2 стратегия: Жазбаша жұмыстарды топтық бағалау

Бұл тапсырма бір-бірінің жұмысын бағалау үшін оқушыларды жұпқа бөлер алдындағы дайындық кезеңі ретінде қаралуы мүмкін. Ол бағалайтындарға да, сондай-ақ бағаланатындарға да барынша аз жүк салады. Сабақтан бірнеше жұмысты таңдап алыңыз— ол кез келген нәрсе болуы мүмкін, мәселен, сурет немесе жазбаша жұмыс, т.б., дегенмен аталған кезеңде сіздің пікіріңіз бойынша осы сабақ үшін табыс критерийіне барынша жауап беретін жұмысты таңдау маңызды. Жұмыстың авторы кім екені белгісіз екендігіне көз жеткізіңіз. Егер де сізде жұмысты барлық сыныпқа көрсетуге мүмкіндік болса, онда оқушыларға оны көрсетіңіз және жұппен жұмыс істей отырып, өз идеяларын ұсынуды сұраңыз. Бұл мүмкін болмаса, онда 4 адамнан тұратын топтарға жұмыстың көшірмелерін таратасыз. Оқушыларға өз пікірлерін айтуға және ұсынылған жұмысқа қатысты пікірлерді талқылауға уақыт берген маңызды [16].

Оқушыларға сіздің тәлімгерлігіңіз қажет болады:

1) Осы сабақ үшін оқытудың мақсаттары және табыс критерийлері туралы естеріне салыңыз (немесе алға қойылған нәтижелер туралы).

2) Неге назар аудару қажет екендігін көрсетіңіз. Бұл жағдайда нақты жұмыс бойынша ерекше мысалдар келтіруге болады, бірақ олардың жұмысты әрбір табыс критерийіне сәйкес қалай бағалайтынын естіген маңызды;

3) Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін (одан ерте емес), сіз олардан жұмыс сапасына жалпы баға беруді сұрай аласыз.

4) Оқушылардың осы пән немесе тақырып бойынша алдағы жұмысты жақсарту үшін нені қолдану қажеттігін нақты көруі ерекше маңызды.

Бұл қиын тапсырма және оқушыларға тиісті нұсқаулықтар мен ақыл-кеңес беруді қажет етеді, әсіресе олар жұмысты тек мұғалім ғана бағалай алады деп есептейтін болса, оларға қолдау қажет болады. Бұл үдерістің мәні оқушылар өз жұмысын орындау барысында пайдалану үшін оларға жұмысты жақсартудың жолдары мен амалдарын талқылауға мүмкіндік беру болып табылады.

Оқушылардың бірін-бірі бағалауы

Сыныптастарының бағасы бағалауды үйретудің толыққанды әдісі болып табылады. Сонымен қатар өзара бағалау қатысушыларға оқытылған материалды бір-бірінің жұмыстарын бағалау әдісімен бекітуге мүмкіндік береді. Бірін-бірі бағалаудың артықшылығы - оқушылар басқалардың жұмыстарының әлсіз және мықты жақтарын байқап үйренеді, сонымен қатар өзінің жеке алға жылжуын талқылай алады.

Қалыптастырушы бағалаудың бұл түрі бағалаудың толымды оқыту тәсілі болып табылады. Одан басқа, өзара бағалау оқушыларға бір-бірінің жұмыстарын бағалау арқылы зерттеген материалды бекіту мүмкіндігін береді. Өзара бағалаудың басымдығы оқушылар басқа жұмыстардың күшті және әлсіз жақтарын көрсетуге үйренеді және осылайша өздерінің ілгерілеуін талдайды. Мысалы, сабақта қалыптастырушы бағалау техникасын қолданып

оқушылардың өзара бақылауы негізінде бақылау-бағалау қызметін қалай ұйымдастыруға болады. Оқу жоспарында айтылған өзара бағалаудың кейбір техникасына тоқталайық: түсінік, бақылау, пікір. Көрген «Ғаламшар және өзінді сақта» бейнесі бойынша репортаж жазу тапсырмасы берілді. Топтарда өздерінің сыныптастарының репортаждарын тыңдап, оқушылар мына сұрақтарға жауап беріп, репортаж бойынша ауызша түсінік береді: Толық ақпарат алынды ма? Репортаж оқиғасына тартылды ма? Хабарлама анық жетті ме? Нақты дәлдік сақталды ма? Мәтіннің композициясы сақтала ма? Мәтіннің азат жолдары арасындағы байланыс анық және логикалық болып табылады ма? Одан кейін оқушылар түсініктерге ілесіп, бір-бірінің репортаждарын түзетеді. Ауызша түсініктерден басқа, балалар жұппен жұмыс істеп, бір-бірінің жұмыстарына түсініктер жазады.

Қалыптастырушы бағалаудың бұл түріндегі оқушылардың бір-біріне ұсынатын пікірлері екі серіктеске де: бергенге де, қабылдағанға да пайдалы екенін атап өтуге болады, себебі өзінің сыныптасының жұмысын талдап, оқушы біреудің жұмысының мәнмәтінінде табыстылық белгілерін түсінеді, ол оқушы үшін аз эмоциялық алаңдаушылықты тудырады.

Тапсырма: осы тәсілді өз сабақтарыңызда пайдаланып көріңіз:

Өзара байланысты сабақтардың қысқа тізбегін жоспарлаңыз (кем дегенде тізбектелген екі сабақ болуы керек), оқушыларыңыз түсінетін тілде сабақтың міндеттерін жазыңыз. Олар туралы сабақтың басында өз оқушыларыңызға ауызша айтыңыз немесе тақтаға жазып қойыңыз – және міндеттерді пайдалана отырып, сабақтың мақсатын қарастырыңыз.

Сонымен қатар, сабақтар үшін тиісті табыс критерийлерін (сонша көп емес!) әзірлеңіз және олар туралы да балаларға айтыңыз. Оларды қалай жазатыныңызды өзіңіз білесіз (бірақ олар оқушыларға түсінікті тілде жазылуы тиіс). Өйткені, олар оқыту мақсаттарына қол жеткізуде «табысқа жету қадамдарын» көрсетіп отырады, әрі оқушылар оларды сабақтың басында талқылайды және сабақ барысында қолданып отырады.






Осы тәсіл туралы **оқушыларыңыздың пікірін сұраңыз**. (3-қосымша)

Мысалы, сіз смайликтерді не цифрларды пайдалана аласыз, өз сұрақтарыңызды қосыңыз. *(UK DfES AfL материалдары бойынша)*

Қалыптастырушы бағалаудың әдістері

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырма орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады. (4-қосымша)

ӨЗІН- ӨЗІ ЖӘНЕ СЫНЫПТАСТАРЫН БАҒАЛАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ӘДІСТЕР

<p>Не жақсы орындалды және болса, жақсы болар еді</p> 	<p>Оқушылардың жақсы орындаған екі жұмысын (не жақсы орындалды) және жақсартуды қажет ететін бір жұмысын (...болса, жақсы болар еді) айтып беруді өтініңіз.</p>
<p>Жасыл қалам</p> 	<p>Оқушыларға жұмыстарын тексеріп, белгі қою үшін жасыл түсті қалам беріңіз. Бағалауға келгенде бастапқы жазбаға емес, оқушылардың жазған ескертулеріне көп көңіл бөліңіз.</p>
<p>Қатені анықтау</p>	<p>Жұмыстарды бағалап болған соң, оқушылар қатені табу үшін келесі сабақты жазып кездесетін қателерді жазудан бастаңыз. Жазуда жіберілген қателермен бірге анағұрлым күрделі түсінбестіктерді қарастыруға болады.</p>
<p>Серіктесті таңдаңыз</p>	<p>Оқушыларға кері байланыс алу және ұсыну қолайлы болатын серіктес таңдауға рұқсат етіңіз.</p>
<p>Дыбыстау</p> 	<p>Оқушыларға өздерінің жұмыстарын іштей (сыбырлап) оқып шығуын сұраңыз. Бұл өздерінің қателіктерін жылдам тауып, оларды түзетуге көмектеседі.</p>
<p>Кері байланысқа жауап беруге уақыт бер</p> 	<p>Жазбаша жұмысты қайтарып бергенде, оқушыларға сіздің ескертпелеріңізді оқуға/тыңдауға және ойлануға уақыт беріңіз. «Күту уақыты» ұғымын білім саласында қолдануды әуелде Роуи ойлап шығарған (1972). Стахл (1985) «күту уақыты» кезінде ойлану қажет екендігіне көңіл аудару үшін «ойлану уақыты» деген ұғымды қолданды. Оның шарты – ойлануға уақыт бергеннен кейін кемдегенде үш секунд кідіру. Себебі бұл уақыт көлемі ғылыми жаңалық ашуға жеткілікті деп саналады: кем дегенде 3 секундтан кейін оқушылар мен мұғалімдермен сан түрлі жағымды оқиғалар болып жатады.</p>
<p>Сол қол/оң қол</p>	<p>Оқушылар жауап беру үшін әртүрлі қимылды қолданады (мысалы, ұнайтынын не ұнамайтынын, келісетінін не келіспейтінін, рас не өтірік екенін көрсету үшін)</p>
<p>«20 секунд» әдісі</p> 	<p>Ұстаз арнайы сұрақтар жасырады және ойлануға 20 сек. уақыт береді. Қолданылатын әдіс оқушылардың өз жауаптарын ой елегінен өткізіп, нақты жауап берулері үшін жасалынады. Бұл әдіс барысында сұрақ айтылып болған соң бірден алғашқы секундтардан кейін зерек 4- 6 оқушының жауабы тыңдалып, олардың тез ойлау қабілетін дамытады. Орта және жоғары сынып оқушыларына өз жауаптарын қағаз бетіне түсіртеді, себебі ауызша жауап берсе бір-бірінің ойын бөліп, бөгет жасаулары мүмкін. Басқа да әдістер сияқты оқушылардың жауабын нақтылау үшін ұстаз «Неге? Не себепті? Қалай?»- деген сұрақтарды қояды. Ұстаз бұл сұрақтарды тек дұрыс жауап бермегендерге ғана емес, сонымен қатар дұрыс жауап бергендерге де қоюды естен шығармауы керек. Бұл оқушылардың білімі мен бағасын айқындай түсу үшін жасалынады.</p>

Топпен бірге жұмыс кезінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін қалыптастырушы бағалау

Топпен бірге жұмыс жасау кезде қандайда бір істің атқарылуы маңызды емес, оның топпен қалай жасалғаны маңыздырақ. Бұл жағдайда жұмыстың нәтижесі ғана бағаланбайды, сонымен қатар жұмыс барысы да бағалануы тиіс, өйткені топта жұмыс істей білу оқушының құзіреттілігін қалыптастырады. Бұл жағдайда қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің бір бөлімі болып табылады, себебі топпен бірге жұмыс істеу арқылы оқушылар бір-бірімен ақылдасып, сұрақтар қойып олар өзара байланыс жасайды. Осы арада мұғалімнің топтық жұмыс кезінде міндетті түрде бағалау керек еместігін есте ұстағаны жөн.

Топтық жұмысты бағалаудың бірнеше бағыттары бар:

- ✓ мұғалімнің әрбір топтағы белсенділерді бағалауы;
- ✓ мұғалімнің белсенді қатысып отырған оқушыларды бағалауы;
- ✓ өзін-өзі бағалау - топпен бірге жұмыс кезіндегі оқушылар мен мұғалімнің байланысын бағалауы;
- ✓ Топпен бірге жұмыс істеуді ұйымдастырғанда мұғалім төмендегі шарттармен таныстырып өтуі керек:
 - ✓ топтық жұмыстың мақсаттарын хабарлау және оның оқытылатын тақырыпты оқыту әдісімен үйлесімділігі;
 - ✓ тапсырмаларды бағалау кезіндегі сындарды анықтау;
 - ✓ соңында кім бағалайтыны жайлы хабарлап алу; (мұғалімнің өзі; мұғалім мен оқушылар бірлесе отырып; тек қана оқушылардың өздері; арнайы әділқазылар)
 - ✓ топтық жұмыстың уақыты мен өткізілу түрін анықтау;
 - ✓ бағалаудың ұстанымдарын хабарлау.

Мұғалімнің топтық жұмысты бағалау кезінде топтағылардың әрқайсысына әр түрлі баға қоюы ұсынылмайды, себебі ол топтық жұмыстың белсенділігіне кері әсерін тигізеді. Бірақ мұндай жағдайда да ұстаздың топтық жұмысқа қатысып отырған және мүлдем белсенділік танытпай отырған оқушылар жайлы айта кетуі жөн.

Топтық жұмыстың бағалануы

Мұғалім бақылаудың бір түрін құрастырып оны қатысушылармен бірге талқылайды. Топтық жұмысты бағалауды қандайда бір уақыт көлемінде, яғни тоқсан соңында, жартыжылдықта пайдаланған жөн.

Топтық жұмысты бағалау кестесі	Топ нөмірі	Топтағы бірлестік (орналастыру және міндеттердің орналасуы)	Тәртібі (басқа топтағыларға кедергі жасамау, берілген тапсырмадан ауытқымау)	Тапсырманың, тақырыптың, материалдың ашылуы	Топтың басқа мүшелерінің презентация-ларын тындай білу, сұрақтар қою, толықтырулар жасау	Барлық ұлай саны
	I	+	+	+++	+	
	II	+	+			
	III	+	-	++	+	
	IV	-	-	+	++++	
	V	+	+	+	+	

Мұғалім тапсырмаларды берген соң әрбір топ белсенділіктерін бақылап, кестені толтырып отырады. Оқушылар тапсырмаларды орындап жатқан кезде мұғалім кестедегі «Топтық бірлестік» пен «Тәртібі» деген қатарларды толтырады. Ал әр топ өз жұмыстарын баяндап жатқанда, келесі екі қатарды толықтырып отырады. Осылайша үдеріс жалғаса береді. Ең соңында қорытындысын шығарып және нәтижелерді талқылайды. Бұл кезде мұғалім қатысушыларға төмендегідей сұрақтар қоюына болады: «Әр топтың жұмыстарының қандай жағымды жақтары болды?», «Тапсырмаларды орындау барысында қандай кедергілер болды? Оларды қалай жеңуге болады?» және т.б. Бірінші сұраққа жауап алу кезінде мұғалім қатысушылармен әрбір топтың жұмыстарындағы жетістіктерін айта кетіп ортақ нәтиже шығарады. Ал екінші сұрақ оқушылардың зейінін пайда болған кедергілерге шоғырландырып, бірлесе шешуді қарастырады. Топтық жұмыс орындағандағы нәтиже мұғалімнің қандайда бір шешім қабылдауына мүмкіншілік береді. Егер де оң нәтижелер көрсетсе, онда мұғалім тақырыпты ары қарай жалғастыра береді. Ал егер нәтижелер жоғары болмаған жағдайда, онда ол оқушыларға қосымша тапсырмалар, жаттығулар беріп, тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, тақырыпты тереңірек түсіндіруі қажет.

Сондай-ақ топтық жұмыс кезінде мұғалім әр оқушының жетістіктерін жеке бағалауына мүмкіндік алады. Ол үшін мұғалім «Топтық жұмыс істегенде жеке оқушының қабілетін бағалау» үлгісін қолданады. Бұл жағдайда мұғалім алдын-ала сабаққа дейін кімді бағалайтыны жайлы жоспарлап алады.

Мұғалім әр топтың тапсырмаларды қалай орындайтын қадағалап, оқушылардың қабілеттерін зерттеп кестеге түртіп отырады. Жұмыстың

қорытындысы бойынша оқушыларға бақылаудың қорытындысын жариялап, әрқайсысымен кері байланыс жасап өзіне белгілеп отырады.

Топтық жұмыс орындағанда жеке оқушының қабілетін бағалау кестесі	Оқушылардың аты-жөні:	А	Ш	Б	С	Ф	Қ
	Топта әрқайсысына міндеттерді үйлестіріп, өз міндеттерін атқарады.	+	+	+			+
	Идеялар ұсынады.	-	-	+		+	
	Топ ішіндегі талқылауға белсене қатысады. (ұсынған идеялар, мәліметтерді жетілдіріп, жалпылайды)	-	-	+	+		
	Топ қатысушыларына көмектеседі.		+	++			+
	Мұқият тындап, сұрақтар қояды.	+			+		
	Талқылау жүргізе біледі (сыпайы түрде қарсылық көрсетіп, дау тудырған сұрақтарға дұрыс шешім беруге тырысады)	++		+			
	Топқа берілген тапсырмаға зейін қойып орындайды.	+					
	Ортақ ұпай						

Сондай-ақ, мұғалім оқушылардың бірін-бірі бағалау әдісін қолданып, жұмыстарының нәтижесін және оқушылардың қабілеттеріне қарап бағалайды.

Ол үшін мұғалім қатысушыларға топтағы әріптестерінің жұмыстарын бағалауын сұрайды. Бұл жұмыстың барысында оқушыларға бағаның межелеріне (критерийлеріне) назарын аударту қажет. Топтық жұмысқа бұл үлгіні қолданар алдында мұғалім қатысушыларға осы белгілемелердің қорытындысы жеке оқушының жетістіктерін бақылауға қажет екендігін түсіндіре кетуі керек.

Топтық жұмыс барысында оқушының өзін-өзі бағалауы

Мәліметтің көмегімен алынған бақылаулар және оқушылармен қарым-қатынас орнату арқылы мұғалімдер талдау жасай отырып, топтық жұмыстағы дағдыларының дамыту деңгейін, оқу материалының меңгерілуінің сапасын анықтауға және оқушылардың оқудағы жетістіктерінің сапасын жақсартуы бойынша ары қарайғы қадамдарын жоспарлай алады. Нәтижесінде қолданылған әр түрлі формадағы топтық жұмыстың бағалауларын мұғалім оқушыларға үйрете алады, олар: топта жұмыс істеу үдерісін бағалау; өзін-өзі бағалау механизмін қолдану арқылы дайын тұрған жұмыстың күшті және әлсіз жақтарын анықтайды.

<i>Топтық жұмысты бағалау кестесі</i>	Критерийлер Топ мүшелері	Идеяларды ұсыну	Жолдастарының топ жұмысына жұмылдыру	Идеяларының дербес-тігі	Сұрақ қою	Сұрақтарға жауап беру	Белсенді түрде тындау	Жалпы балл
	А	+	+	+		+	+	5

	Ә	+		+		+		3
	Б	+	+	+	+	+	+	6
	Г	+	+		+	+		
	Топ бойынша	4	3	3	2	4	2	18 немесе 75 %

Топтың талқылау жұмысын бағалау	Әрекеттер	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан	
	Біз берілген тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап беріп, бір-бірімізге көмектесеміз.					
	Біз бірімізді тыңдап, ойлар мен пікірлерімізді салыстырамыз.					
	Біз оқулыққа сүйенбей, практикадан дәлел келтіріп, өзіндік идеялар мен ойымызды айтамыз.					
	Біз мәселелерді практикалық тұрғыдан қарастырып, шешуге ұмтыламыз.					
	Біз бір-бірімізді тыңдап, сөйлеушіні қуаттап, әрі пікірімен санасып отырамыз.					
	Біз талқыланған мәселені пән аумағында ғана қарастырмай, оны кең тұрғыдан түсінуге тырысамыз.					
	Біз талқылау нәтижесінде жаңа білім мен түсініктің пайда болуына мүдделіміз.					
«Ойды қорытындылау» тәсілін бағалау	Критерийлер	Сұрақтар	Бес балдық жүйе бойынша бағалау			
	Дәлдік	Ақпарат дәл келтірілген бе?				
	Сәйкестік	Жауаптар тақырыпқа (сұраққа сәйкес пе?)				
	Тереңдігі	Проблема жан-жақты қарастырылған ба? Проблеманың барлық ерекшеліктері келтірілген бе?				
	Негіздеу	Келтірілген жауаптарды негізделген деп атауға бола ма?				
	Жүйелілік	Қорытындылау логикалық тұрғыдан жүйелі түрде жасалған ба?				

Төменде топтық жұмыстың өзін-өзі бағалауының үлгісі берілген. Үлгі оқушының топтағы өз жұмысын нақтырақ бағалап, оны мұғалімнің қойған бағасымен салыстыруына мүмкіндік береді.

Аты _____ Уақыты _____
 Сыныбы _____ Қызметінің түрі _____
 Сен топпен жұмыс істегенде төмендегі іс-әрекеттерді қаншалықты жиі атқардың?
 (топтық жұмыста сенің деңгейіңді нақты анықтайтын сөзді белгіле)
 Мен ақпарат алу немесе нақтылау үшін сұрақтар қойып отырдым.
 Ешқашан Кейде Жиі
 Мен өз пікірімді білдірдім.
 Ешқашан Кейде Жиі
 Мен өз тобымдағы басқа оқушылардың көзқарастарын (пікірлерін) тыңдадым.
 Ешқашан Кейде Жиі
 Мен өз тобымның басқа мүшелерін талқылауға қатысуға тарттым.
 Ешқашан Кейде Жиі
 Мен мұғалімім немесе тобым тапсырған қызметті атқардым.
 Ешқашан Кейде Жиі
 Топтық жұмыста маған ең қатты ұнағаны _____
 Бұл топтағы жұмыстың ең қиыны, бұл _____
 Келесі топтық жұмыстағы менің мақсатым _____

Оқушы кестені толтырған соң топтағы өз қызметі жайлы қорытынды жасайды. Қажет болған жағдайда келесі жұмыстың мақсатын айқындайды. Кестеде оқушының топтық жұмысы мен ондағы қызметі жайлы ортақ әсерлері белгіленеді.

Келесі кесте әрбір бөлімге сандық (цифрлық) белгі береді. Мұғалім «Болжаулы ұпайлар» бағанындағы ұпайларды өзі таңдайды (бұл жерде 10 ұпайлық жүйені қолдану тиімді). Егер оқушылар мен мұғалімнің «Қорытынды» жолағында қойған бағалары 10 ұпайдан асса, онда қайшылық тудырмау үшін мұғалім қатысушылармен міндетті түрде әңгімелесіп, нәтижелерін талқылауы қажет.

Қатысушылар	Болжаулы ұпайлар	Алынған ұпайлар	
		Мен өзім	Мұғалім
Топтағы өз міндеттерімді уақытында және сапалы орындадым			
Топта берілген тапсырмаларды зейін қойып орындадым			
Берілген тапсырмаларды орындау барысында басқа қатысушыларға көмектестім және ынталандырдым.			
Басқаларды мұқият тыңдадым			
Дәлелді ойлар ұсындым			
Талқылау жүргіздім (сыпайы түрде қарсылық көрсетіп, дау тудырған сұрақтарға келісім беруге тырыстым)			
Топтағы басқа оқушылардың айтқан ақпараттарын толықтырдым және түсініктеме бердім			
Қорытынды:			

Осы үлгіні пайдалану арқылы мұғалімнің қойған бағасы мен оқушылардың өзін-өзі бағалауы сәйкестене түседі.

Оқушылардың пікірталасқа қатысуын бақылау парағы	Оқушының аты-жөні _____				
	Қандай жиілікте Әрекеттері	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
	Берілген тапсырманы орындап, сұрақтарға жауап беріп, басқалармен ой бөліседі				
	Оқулыққа сүйенбей, идеялар туындайды, мысал келтіреді.				
	Тыңдарман сөйлеушіні қуаттап отырады				
	Өз пікірлерін дерек көздерімен немесе практикамен дәлелдейді				
	Пән ауқымында қалып қоймай, пікірлерін кең тұрғыдан қалыптастырады.				
	Пікірлерді қорытындылайды, жалпылама түсінік береді				
	Басқаларды тыңдайды, өзгенің пікірімен санасады.				
	Өз ойларын басқа пікірлермен салыстырып, қорытынды шығарады.				
Жаңа түсініктердің пайда болуына мүдделі					

Бұл парақта оқушының жұмысын «+» немесе «-» белгілерін қойып бағалауға болады.

Төмендегі кестеде оқушының жұмысы бағаланбай, сабақтың барысы бақыланады. Бақылаушы сабақтың оң жағындағы бағанға өз пікірлерін келтіреді.

Сабақты бағалау парағы	Пән	
	Мұғалім	
	Уақыты	
	Талаптар	
	Комментарий	
	Аудиториядағы психологиялық климат	
	Оқушылардың қызығушылығы (мотивациясы)	
	Оқушылардың белсенділігі	
	Оқушылардың бірлесе жұмыс жасауы	
	Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейлі сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану	
	Сабақ құрылымының жүйелілігі	
	Мұғалім мен оқушылар қолданған әдіс-тәсілдер	
	Бағалау тәсілдерін қолдану	
Сабақтың нәтижелілігі туралы жалпылама пікір		

Оқушыдан интервью алу парағы	Оқушының аты-жөні _____	
	Талқыланатын сабақ тақырыбы немесе проблема _____	
	Сұрақтар	Оқушылардың жауаптары
	<ul style="list-style-type: none"> - Сізге сабақ ұнады ма? Ұнаса несімен ұнады? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз. - Сабақтың ең ұтымды жерлері қандай болды? - Сабақ тақырыбының (проблеманың) сіз үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз? - Бүгінгі үйренгеніңіз сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? Неліктен? - Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы да не білгіңіз келеді? - Осы тақырып (мәселе) бойынша қандай ақпарат көздерін қарастырасыз? - Бұл проблеманы шешуде сіздің үлесіңіз қандай болды деп есептейсіз? - Сабақта қандай әрекеттер атқардыңыз? - Топ жұмысы қандай деңгейде болды деп есептейсіз? Неліктен? 	

2.4. Кері байланыс – оқытудың тиімділігін арттыру негіздері

Бағалау оқытудың ажырамас бөлігі, ал бағалаудың ажырамас бөлігі **кері байланыс** болуы тиіс. Қалыптастырушы бағалау үдерісі оқушыларды аса табысты оқытуға және мұғалімдерге аса тиімді оқытуға мүмкіндік туғызады, себебі дәл осы үдеріс кері байланысты алуға негізделген. Оқыту кезінде оқушыларды қадағалап, кері байланыс негізінде ақпаратты жинап және оқу үдерісі барысында зерттеулерді жүргізе отырып, мұғалім оқушылардың материалды қалай қабылдайтынын және олардың оқытудың сол не басқа тәсілін қалай елейтінін білетін болады. Оқу үдерісінде оқушылар неге білім алатындықтарын, не оқитындарын, өздерінің машығын қайда қолдана алатындарын және оларды қалай жақсы игеруге болатындығын білуі және түсінулері тиіс. Осының бәріне оқушыларға бағалауға қолжетімділік қажет, және мұғалім олармен бағалау нәтижесімен бөлісуі, оларға негізін, яғни бағалау жүргізілетін белгілерді ашуы, және өздеріне өздері мен сыныптастарын бағалауға мүмкіндік беруі, сондай-ақ өз мүддесінде бағалау нәтижесін пайдалануға көмек беруі тиіс [11,15].

Қалыптастырушы бағалаудың мәселелерін зерттеушілер Брангерт Драунс, Кулик, Морган сонымен қатар Элдвар және Корнолар *«қалыптастырушы бағалау – кері байланыстың оқушылармен үзіліссіз ағыны»*, *«оқушыға реттелген түсініктерді алу және өзінің кемшіліктерін сезінуге көмектесетін айқын, түсінікті ұсыныстар мен ары қарай ілгері ұмтылу үшін жеткілікті мәлімет жинаушы»* деп өз жұмыстарында атап өтті.

✓ Кері байланыс- мақсатқа жету үшін екі жақты сұрақтар туындағанда, жағдаяттарда, нақты әрекеттерге берілген ұсыныс пікірлер туралы ақпарат алу үдерісі. Кері байланыс – оқыту үдерісі қалай өтіп жатқандығы, оқушыларда туындаған мәселелер мен жетістіктері туралы мұғалімге ақпарат алуға, оқу тапсырмаларының мақсатқа сай шешімін табу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кері байланыс көмегімен оқушылар өз оқуындағы негізгі проблемаларды анықтайды және әрі қарай жылжуы үшін қажет ұсыныстар ала алады, ал мұғалімдер – оқудағы проблемаларды анықтап өз қызметіне өзгеріс енгізу жөнінде (жаңа әдістерді, оқыту тәсілдерін, сабақ жоспарлауда уақытқа назар аудару қажеттігі) ойлануға және де жақсартуға мүмкіндік береді. Оқушылар үшін жиі және маңызды рөл атқаратын кері байланыс орнатылған жағдайда ғана тиімді болмақ.

✓ Кері байланыс – мақсатқа жету жолындағы нақты әрекет, жағдайлар, даулы сұрақтарды шешуде түсініктеме беру және хабар алу үдерісі. Тиімді кері байланыс арқылы оқушылар өздерінің күшті және осал жерлерін байқайды, өз оқуларын жақсартуға қаншалықты көмек беретінін түсінеді. Мұнда оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет - тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу,

күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады.

Кері байланыс позитивті болуы керек, бірақ бұл оқушылар істеген жұмыстың кемшіліктері туралы білу керек еместігін білдірмейді. Зерттеушілер Блэк және Уильямның пікірінше, оны пайдалану үшін оқушы кері байланыс деген не екенін түсіну керек. Нақты жетістікке жету үшін оқушы өзіне баға беруге үйренуі керек: «негізгі мақсатын түсініп, содан табысқа жетуге нені игеру керек екенін білуі керек». Сайып келгенде, оқушылармен кері байланыс оқушы қалай және нені түсінетіндігін немесе түсінбейтіндігі туралы мәлімет береді, сонымен қатар мұғалімге оқушының жетілуіне қажет стратегияны алуға көмектеседі.

Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеру;
- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбау;
- білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшіліктерінің қайталанбауына ұсыныс беру;
- кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға қалай ақылың жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбау ұсынылады.

Кері байланыс позитивті болуы керек, бірақ бұл оқушылар істеген жұмыстың кемшіліктері туралы білу керек еместігін білдірмейді. Нақты жетістікке жету үшін оқушы өзіне баға беруге үйренуі керек: «негізгі мақсатын түсініп, содан табысқа жетуге нені игеру керек екенін білуі керек». Сайып келгенде, оқушылармен кері байланыс оқушы қалай және нені түсінетіндігін немесе түсінбейтіндігі туралы мәлімет береді, сонымен қатар мұғалімге оқушының жетілуіне қажет стратегияны алуға көмектеседі.

Сабақтың әр бөлімінде де кері байланыс орын алады. Кері байланыстың екі – **ауызша** және **жазбаша** түрлері болады.

Ауызша кері байланыс бұрмалы, толық немесе шағын, бұрмаланусыз болады. Бұрмалы және толық түсініктемелер тек қана мұғалімнің бағасын ғана («жақсы», «жарайсың», «нашар», «дұрыс емес») қамтып қоймай, сонымен қатар ненің дұрыс, ненің қате екендігін көрсете отырып, қалайша қателерін түзеуге немесе толықтыруға болатындығына бағыт-бағдар береді. Бұрмаланусыз немесе шағын түсініктемелер тек қана мұғалімнің бағасын ғана қамтиды. «жарайсың», «нашар», «жақсы» т.с.с. Түсініктемелер позитивті, бейтарап (нейтралды) немесе негативті болуы мүмкін. Позитивті немесе бейтарап (нейтрал) түсініктемелер төмендегідей:

Дұрыс жауап кезінде айтылатын сөздер	Қате жауап кезінде айтылатын сөздер
«иә, бұл дұрыс жауап», «өте жақсы», «барлығы дұрыс», «С-нің қанишалықты нақты жауап бергеніне назар аударыңдаршы», «Жарайсың!»	«жауапқа жақынырақсың, бірақ тағы біраз ойлан», «бұл бағытың дұрыс, бәріміз бірге тағы да ойланып көрейік», «балалар, Т-ң айтуы бойынша осылай, ал сендер қалай ойлайсыңдар?», «ал сен неге олай ойладың?», «сен бұл жерде біраз қателестің, қане тағы бір рет оқып шықшы».

Мұғалім сын айтқан кезде негативті түсінік беруден аулақ болуы қажет. Мысалы: «ақымақ жауап», «осылай ойлауға қалайша дәтің барды?», өйткені мұндай сөздер оқушының жеке басына, психологиясына нұқсан келтіреді. «Дұрыс емес», «қате», «дұрыс жауабын кім береді?» деген сөздерден аулақ болып, жұмысының нақты қай жерінің дұрыс емес екендігін айта кетуі жөн болады.

Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек, жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі дұрыс жауап табуға бағыттауы керек. Тиімді кері байланыс – ауызша болса да, жазбаша болса да – ойлануды талап етеді [16].

Кері байланыс құралдары:

- ✓ жазбаша ұсыныс-пікірлер
- ✓ бақылау
- ✓ сауалнамалар
- ✓ тиімді сұрақтар
- ✓ кері байланыс күнделіктері
- ✓ өзін-өзі бақылау дәптерлері
- ✓ стикер парақтары, сұхбат және т.б

Ауызша кері байланыс

Тапсырма немесе критерий үшін ауызша пікір жалпы болып табылады. Көбінесе мұғалім қысқа пікірлер береді, жұмысқа тек баға беріліп, алдағы жұмыстың орындалуына ешқандай ұсыныстар берілмейді. Тиімді кері байланыс қамтамасыз ету үшін толықтай пікірлер қолдану қажет (1-сурет).

Нұсқа ретінде ауызша кері байланысты қолдануға болады. Ол үшін үш минутқа дейінгі аудио хабарлама мен құжаттарды электронды түрде жіберуге болады. Бұл жағдайда, аудио хабарлама пікір ретінде қабылданады, бұл ауызша хабарламадан неғұрлым жақсы болып есептеледі, себебі бетпе-бет байланысты қажет етеді, аудио хабарлама болса, оқушы аудио хабарламаны

тыңдай отырып, құжаттарды қарай алады. Мысалға, VoiceMemo қолданбалы бағдарламасын пайдалануға болады.

1-сурет. Ауызша кері байланыстың тиімділігін арттыру қадамдары.





Неден қателік кетуі мүмкін?

Қателіктер

Ойлануға уақытым жоқ, сондықтан менің ескертулерім пайдасыз және оқу мақсатына бағытталмаған

Оқушыларым мені тындамайды, немесе менің сөздерімді шын деп қабылдамайды

Осыған уақыт бөлудің және күш салудың қажеті жоқ – жазбалар жоқ, қысқа мерзімде өтеді

Оқушыларым көпшілік алдында жауап беруге әлсіз болады. Олар сыныптастарының алдында ақылды немесе ақымақ болып көрінгісі келмейді

Әр оқушыға кері байланыс ұсынуға уақыт жоқ- бұл әділетсіздік.

Ұсыныстар

Оқу мақсаттарын және табыс критерийлерін білетініңізге көз жеткізіңіз. Оқушының ойын білгенше сұрақ қоюды жалғастыра беріңіз

Кері байланыстың құндылығы мен маңызын анықтау көп уақыт алады. Жалғастыра бер! Айтылым және тыңдалым негізінде оқуды жүргізіңіз

Ия, бұл қысқа мерзімді, бірақ Сізге мектепте мұғалімдеріңіз айтқан барлық сөздерін еске түсіріңіз - Сіздің есіңізде ғой, солай ма?! Оқушылардан Сіздің айтқан сөзіңіз және олардың келесі қадамдары жайлы ойлануларын өтіңіз. Оларға ойлануға уақыт беріңіз. Қысқа жазбаларды кейіннен жасай аласыз.

Оқушылар қате жібермесе, оқып - үйренгендеріне көз жеткізіңіз. Барлық оқушылар қатені оқудағы жаңа мүмкіндік деп бағалайтынына көз жеткізіңіз. Жеке немесе топқа кері байланыс ұсыныңыз.

Қажет болған жағдайда бүкіл сыныпқа кері байланыс ұсыныңыз. Әр оқушыға көңіл бөле алатындай етіп, сыныпты топқа немесе жұпқа бөліңіз.

Жазбаша кері байланыс

Жазбаша пікірлер бірегей кері байланыс болып табылады, ол тексеріс аясында оқушыға нақты ұсыныс ретінде беріледі.

Жазбаша пікірлердің жазылуына ұсыныс:

- Пікірлер бағалау критерийлеріне тиісті жазылуы қажет.
- Пікір жазғанда ең бастысы жұмыстың мықты, яғни жақсы жағынан бастау қажет, ол жұмыстың тек жақсы жақтарын анықтаудан ғана емес, неге және қаншалықты жақсы екендігіне анықтама береді.
- Пікір жазғанда оқушының атын қолдансақ, онда ол алда тұрған жұмысқа қуатты әсерін тигізеді;
- Жазылу кезінде қандай сала жақсартуды қажет ететінін анықтау және жұмысты жақсартатын анықтамалар мен мысалдар беру.
- Көп пікірлер жазылмауы тиіс;
- Мүмкіндігінше «сіздің ойыңыз бұл мәселені басқа жақтан көрсетті» немесе «Сіз дәлел қолданудан ғажайып жетістіктер көрсеттіңіз» деген мадақтайтын сөйлемдер қолдануға болады.

Осылайша, жазбаша пікірлер оқушының жасаған жұмысының жетістігін және алда жасалатын жұмыстарының жетілдіру жолын ақпарат көздерінен көрсетуі қажет.

Жақсы жазбаша кері байланыс	Оқу мақсаттарына бағытталған	Оқушылар дұрыс бағытта екенін растайды	Оқушыларды қателерді түзеп, өз жұмыстарын жақсартуға уәждейді	Оқушылардың келесі қадам жасауына ынталандырады
	Оқушылардың өз бетінше ойлануына мүмкіндік береді	Бірнеше қадамнан кейінгі ілгерілеу туралы хабар береді	Басқа оқушылармен салыстыруды болдырмайды	Оқушыларға жауап беруге мүмкіндік береді

Пікірлердің жазбаша түрі көп уақытты қажет етеді, сондықтан да оның басқа түрлерін қолдануға болады.

Осыған уақыт бөлу қажет пе?

Ия, егер...	... әуре болма
Оқушыларға оқуға және Сіздің ескертулеріңізге жауап алуға уақыт берсеңіз; Сіздің ескертулеріңіз оқушылардың оқуындағы келесі қадамдарын және оларды дамыту жолдарын анықтауға мүмкіндік берсе; Сіздің ескертулеріңіз оқушылардың оқу мақсаттарына қаншалықты жеткендерін білуге мүмкіндік берсе; Сіздің ескертулеріңіз ойлануға және пайымдауға түрткі болса.	Төмен деңгейлі тапсырмалар (жазбалар) және жабық сұрақтарға (жауаптарды елеусіз қалдыр); Мадақтау, ұпайлар мен бағаларға (журналға жазып алыңыз) зейін қоямын деп; Оқушыларға тапсырма басында айтылған табыс критерийлеріне қатысы жоқ ескертулерге; Сіздің ескертулеріңізді оқуға және оларға жауап беруге уақыт бөлмейінше, жазбаша жұмыстарға;

Жазбаша кері байланыс мыналардан тұруы керек:

- Оқушылардың мақсатқа жеткен жері
- Оқушыларға қай саланы әлі де жетілдіру керектігі
- Оқуды жетілдіру тәсілдері
- Өз бетінше жауап беру үшін ойлану тәсілдері

Жалпы алғанда кері байланыс сабақтың мазмұны немесе әдіс-тәсілдері, оның тиімділігі мен қандай дәрежеде өткендігі туралы үйренушілердің ой-пікірлері мен эмоциялары, олардың болашақтағы (келесі сабақтардағы) өз мұқтаждарын келтіруі. Бұл пікірлер мұғалімге өткізген сабағына баға беріп, оның ұтымды жақтары мен кем-кетіктерін анықтап, өз жұмысына өзгерістер енгізу мүмкіндігін береді. Үйренушілер «Сабақ қалай өтті, қызық болды ма?», «Сіз үшін сабақтың құндылығы неде болды?», «Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?», «Осы тақырып бойынша тағы да нені білгіңіз келеді?», «Қандай сұрақтарыңыз бар?», «Сабақтың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз/ ұсыныстарыңыз бар?», «Келесі сабақта қандай мәселелерге көңіл аудару керек деп ойлайсыз?» деген сұрақтарды ауызша талқылағаннан кейін, оларға жазбаша жауап берумен жалғастыруы мүмкін. Ол

үшін қосымша уақыт беріледі. Ал жауаптарды алдын-ала дайындалған «шығу парақтары» тәсілі арқылы беруге болады. Оны келесі кестеден қарауға болады:

Оқушылардың өз жұмыстарын талдауға мүмкіндіктері мен біліктері

М	П	И
-кемшіліктер	+ жақсы	S қызықты жауап

"Шығу парағы"	Білім	Білім келеді	Ұнады/ ұнамады	Сұрақтар ым			Пікір ім	Тілектерім			Өз жұмысыма деген көзқарас		
				Өзіме	Мұғалімге	Басқа оқушыға		Өзіме	Мұғалімге	Басқа оқушыға	Мен қалайша жұмыс жасадым?	Өз жұмысыма көңілім тола ма?	Сәтті шыққан әрекетім қандай болды?

Өзінің оқуының мақсаты мен жетістікке қалай жеткенін білу үшін оқушылар өзін- өзі бағалауды үйрену керек. Ол үшін өзін- өзі бағалау және бірін- бірі бағалау парақтарын, өз ойын пайымдайтын сұрақтар беруге болады.

Жеке кездесу

Оқушылардың көбісі мұғалімнің ол жайлы не ойлатынына үлкен мән береді. Одан басқа олар кері байланыстағы ескертулерді өзінің жеке тұлғасына бағытталған ескертулермен шатастырады. Бұл мәселені шешу үшін оқушыны жеке кездесуге шақырып, сенімді қарым-қатынасқа түсіп, оның жұмысына жазылған пікірлерді көрсету және қызықты мәселені шешу. Оқытушының жеке кездесудегі басты міндеті болып оқушының білім сапасын жақсарту және ұсыныс беру. Жеке кездесулер оқушымен диалог құрастыруға көмектеседі, яғни оқудағы прогресстің жоғарлауына әкеледі.

Мұғалімнің нәтижелі кері байланысы

«Сенің көбірек оқуың керек!», «Сен өте жақсы жазғансың!», «Жақсы жұмыс» әдетте, мұғалімдер өз оқушыларының еңбектерін қолдау немесе қолдамау мақсатында осындай сөздерді жиі қолданады. Бірақ мұндай кері байланыс оқушыға берілетін шекті баға іспеттес және оқушылардың оқуға деген ынтасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ дәстүрлі таңбалық бағалау белгілері 2,3,4,5– оқушылардың нені жақсы істеп, қай жағын жақсарту қажеттігін анықтауға көп көмегін тигізе қоймайды. Керісінше, бұл жалпы оқушылардың біліміне бағытталады да, жеке оқушының қызығушылығын тудырып, оның ынтасын арттыруға бағытталмайды.

Блэк және Уильям (1998) «айыптаушы» (бұрынғы дәстүрлі) кері байланысты нақты, сипаттамалық және сол мезетте жасалатын кері байланысқа ауыстырудың тиімділігіне назар аударуды ұсынады. Егер мақсат –оқушының ынтасы мен табысты оқуына бағытталса, табысты

(продуктивный) кері байланыс оқушыларға нені жақсы істегенін, олардың қабілеттерін көрсетіп, сол қабілеттерін одан әрі қалай шыңдауға болатынын көрсетуге бағытталады. Кейбір оқушыларға мұндай кері байланыстың жазбаша жасалғаны тиімдірек, себебі олар оны оқып шығып, ой елегінен өткізуіне мүмкіндік алады. Ал кейбір оқушылар, керісінше, өздерінің нені жақсы орындағандарын мұғалімнің ауызша кері байланысынан көргісі келеді [17].

«Оқушыларға сипаттамалық кері байланыс ұсыну өздерінің қай деңгейде екендігін және оны реттеп, түзетуге мүмкіндік береді» [18,19].

Мұғалімнің табысты кері байланысы оқушылардың түсінуіндегі арнайы мағыналар бойынша дұрыс немесе бұрыс жауапты басып айтпай, сипаттап беруі болып табылады. Оқушылар сондай-ақ мұғалімнің сипаттамалық кері байланысымен немесе үлгі жұмыстармен өз жұмыстарын салыстыра алады. Оқушыларға сипаттамалық кері байланыс анық, түсінікті және сындарлы тілмен берілуі тиіс. Оқушының жіберген қателері мен кемшілігін тек көрсетіп қойғанға қарағанда, оқудың тиімді жақтары туралы кері байланыс оқушыларды тұтас оқу үдерісі кезінде әлдеқайда табыстырақ оқуға бағыттайды. Мұны одан да табыстырақ етудің тағы бір жолы – белгілі бір уақытта бір бағытты ғана жақсартып отыру.

Нәтижелі кері байланыстың ережелері:

1. Пікірлерге нақты критерийлерге сүйене қорытынды шығару.
2. Пікірлердің ішінде жұмыстың нақты аспектілерімен байланысты егжей-тегжейлі көрсетілуі қажет.
3. Пікір қалдыру алдағы мәселелерді шешудің жолын көрсетуге көмектеседі.
4. Өзінің жұмысын қайтадан қарауға мүмкіндік пайда болады.
5. Кері байланыс максималды нәтижелілікті қажет етеді, яғни өткізілу уақытын талап етуден кешіктірмеу.
6. Тек кері байланыс үшін берілген жаттығуларды қайта-қайта өткізу.
7. Оқушыларға өзінің жұмысын кезең бойынша көрсету.
8. Кері байланыс аясында оқушылар не жасайтынын жазып алу.

Мұғалімнің табысты кері байланысы оқушыларға олардың қазір қай жерде екендіктерін анықтауына және оқу мақсатына қаншалықты жақындағандарын көруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұғалімдердің өз оқушыларын қай сатыда көргісі келетінін де айқындап береді. Оқушыларға оқу мақсатына жету үшін мақсаттың ауқымын әлі де кішірейтіп, нақтылауға қатысты түрлі ұсыныс беріп, өздерінің қазір қай сатыда екені және қай сатыда болу керектігін көрсету мақсатында мұғалімдер оқушыларға өздерін жақсарту және дамытудың өзіндік стратегияларын ойлап табуды үйретеді.

КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ [17,19].

Техника атаулары	Мазмұны
«Архиватор 3, 2, 1»	Сізге ұнаған 3 моментті атаңыз. Өзіңіздің әрекетіңізде қолданатын 2 моментті атаңыз.

Сөз нақты түсінгендеріне сенімсіз оқушыларға беріледі.
Сөз сабақты жақсы түсінгендерге беріледі. «Олар нақты нені түсінді?» соны оқытушы қадағалайды. Бірнеше жауап міндетті түрде тыңдалуы тиіс.
Тыңдалған жауаптардың қорытындыларына қарай ұстаз өткен тақырыпты қайталап, білімдерін бекіту немесе тақырыпты меңгертуді жалғастыра беру жайлы шешім қабылдайды. Егер оқушылар тақырыпты қайта түсінбегендей жағдайда болса, ұстаз тағы бір шағым тексеру жұмысын жүргізуі тиіс. Бұл жұмыс оқушылардың тақырыпты түсіну барысындағы өзгерістерді байқауға арналған.

515 әдісі Мұғалім қорытынды білімін бақылау «515» әдісімен жүргізілетіндігі туралы ақпараттандырады. Әдістің шарттары: 5 минут ішінде әр оқушы немесе тыңдаушы осы сабақ үдерісінде меңгерген 15 жаңа термин (глосарий) құрастыру қажет. Сосын оларға орындалған тапсырма нәтижелерін өзара тексеру ұсынылады. Мұғалім жауаптарына түзету енгізеді.



Не нәрсе оңай болды?
Не нәрсе қиын болды?
Не білгіңіз келеді?

«Блоб» сынып бөлмесі

«Блоб» сынып бөлмесі арқылы оқушылар бүгінгі сабақ бойынша өздерін көрсетеді және түсіндіреді.



Бес саусақ әдісі

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабақтата ең құнды мәселе қандай болды.
Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?
Ортан терек – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім.

5-5-1 әдісі





Бір сабақтан алған білімдерін қорыту мақсатында мұғалім сұрақ жауап алады.
5 сөйлемнен тұратын сабақтың қорытындысын жазыңыздар.
5 сөзге дейін қысқартыңыздар.
Бір сөзге дейін қысқартыңыздар.

Жетістік баспалдағы

Сабақтан алған әсерлерін «Жетістік баспалдағына» түсіру арқылы кері байланысты орнату



Оқушыларды баға қоюға тарту



Оқушылар оқытудың нақтылы өлшемдеріне және мақсаттарына сәйкес өзіне де, сондай-ақ сыныптастарына да баға қоя алады. Бұл өлшемдерді сабақ барысында жаттығу ретінде анықтауға болады. Көрсетілген жаттығу мұғалімнің үмітін айқындайды және оқушыларды өздерінің жұмыстарының осы үмітке сәйкестілігі туралы ойлануға итермелейді. Сыныптастары бағалайтын оқушының жұмысын жақсартудың амалдарын одан әрі дамытуға арналған бағыттарды анықтау тапсырманың мақсаты болып табылады.






<p>Топтарда баға қою</p> 	<p>Топтарда орындалатын сол тапсырмалар да баға қоюдың баламасы бола алады. Жақын арада аяқталған жұмыстарға ерекше назар аудару қажет және топтың мүшелері бір-біріне белгілі бір өлшемдерге сәйкес жұмысты бағалауға, көмектесулері қажет, сондай-ақ жетілдіру үшін тәсілдерді ұсынуы тиіс.</p>
<p>Аңдатпалы мысалдарға сәйкес баға қою</p>	<p>Баға қоюдың тағы бір пайдалы стратегиясы «идеалды шешім» талаптардың жұмыстарға сәйкестілігінің деңгейін анықтау және өзара әрекет ету үшін пайдаланылады. Бірнеше идеалды шешімдердің мүмкіндігін атап өту қажеттілігін ескере отырып, топпен талқылап жүргізуге болады. Оқушыға оның жауабын жақсарту үшін өлшемдерге сәйкестілігін ұғынуға көмек көрсету ұйымдастырылады.</p>
<p>Бағдаршам</p> 	<p>Бұл стратегия пәрменді деп танылады, ол оқушыларды оқыту үдерісін белгілі бір тапсырманы немесе жаттығуды орындау барысында ойлануға итермелейді. Егер де, олар осы жұмыстың материалын түсінетіндіктерін ұғынса, онда олар жасыл индикаторды (фломастер, түрлі-түсті қарындаш/бор, карточка, стикер, стакандар) пайдаланады. Егер де, олар білімдері бойынша сенімсіздеу болса, онда сары түсті пайдаланады. Егер де, олар мүлдем күмәнданатын болса, онда қызыл индикаторды пайдаланады. Бұл стратегияның идеясы – «бағдаршамның» түстері арқылы оқушының өз біліміне қатысты сенімділігін көрсету. Ол бұлардың жұмысын кезекті бағалау жүйесі болып табылмайды. Бұл – өте нәзік, бірақ өте маңызды айырмашылық. Пайымдау қалыптастырылғаннан кейін оқушылардың қызыл/сары түстерден жасыл түске ауысуы үшін не қолдану қажет екендігін ойлануы тиіс. Жасыл индикатор көрсеткен оқушылар сары түсті пайдаланғандарға көмектесулеріне, сондай-ақ мұғалім ретінде қызыл түсті пайдаланған оқушылармен жұмыс жүргізуіне болады. «Бағдаршамға» балама ретінде смайликтердің үш нұсқасын, стикерлерді және үш түсті стакандарды қолдана аласыз.</p>
<p>Жеке бағалау парағы</p>	<p>Ол оқушылардың жұмыстарының белгілі бір өлшемдерге қандай деңгейде қол жеткізілгендігі туралы ойлауын көрсетуге арналған парақ. Осының аясында оқушылар нәтижені жетілдіру үшін не істеу керектігін көрсете алады.</p>
<p>Материалды түсінуді жақсартуға бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар</p>	<p>Сабактың соңында немесе жұмыстың белгілі бір бөлігінде оқушылар белгіленген өлшемдердің шегінде түсінулерін бағалау барысында пайда болатын сұрақтарды ұсынуына болады. Бұл стратегияны қолдануды жоғарыда көрсетілген стратегияларды ескере отырып, сыныптастарының үй тапсырмаларын бағалау жолымен бастауына болады.</p>
<p>Өткен жолы орындалған жұмыспен салыстыру арқылы өзін-өзі жетілдіруді тексеру</p>	<p>Бірдей тақырып немесе тапсырма сабақта өткен материалды қайталау түрінде бірнеше рет көтерілуі мүмкін, ол оқушыларға олардың ойлау үдерісінің қаншалықты күрделі және қиын екендігін бағалауына мүмкіндік береді. Өткен тақырыптарға және тапсырмаларға қайта оралу, сондай-ақ қазіргі жауаптарды өткен жолы берілген жауаптармен салыстыру арқылы оқушылар өзінің ойлау қабілеттілігін қаншалықты артқандығын және ойлаудың жаңа нысандарын дамытуын бағалауға мүмкіндік алады.</p>
<p>Өткен жұмыстардың портфолиосы</p>	<p>Оқушылар барлық сыныптың немесе қол жеткізілген нәтижелерді көрсететін жекелеген заттар арқылы портфолионы жинай алады.</p>

	Оны жоғарыда келтірілген стратегиялардың мысалдарын пайдалана отырып, әрдайым жаңартуларына болады.
Таныстырылым	Оқытудың белгілі бір тарауымен жұмыс жүргізу барысында сыныпқа қандай да бір затты, ағымдағы үдерісті және тақырыпты түсінуді көрнекілікпен көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалау үдерісі таныстырылымға қосу және оны қалай жақсы ұсыну керектігі жөніндегі шешімдерді қабылдау кезеңіне қосылады. Мұғалімнің және сыныптастардың ескертулері мен ұсыныстары сыныптастарын бағалау үдерісін дамытуға ықпал етеді.
Жоспарлау, істеу, тексеру	Бұл үдеріс кішкентай балалар үшін кеңқұлашты жоба аясында әзірленеді. Әр тапсырманың басында мұғалім сабақтың мақсатын анықтау үшін балалармен жұмыс жүргізеді. Балалар тапсырмаға кіріседі және одан кейін сабақтың соңында мұғалім өткен материалға шолу жасау үшін уақыт бөледі. Уақыт өте бұл міндет оқушылардың өздеріне жүктелуі мүмкін.
<p>Егер де сіз «тұйыққа тірелсеңіз» қорқынышты емес</p> <p>Оқушылар тапсырманы қиын деп таныған жағдайда, мұғалімнің орын алған оқиғаны атқару деңгейіне байланысты оқушылардың өзін-өзі бағалауларына дағдылануын дамытуы маңызды элемент болып табылады. Мұғалімнің айтқаны мұндай оқиғаларда оңтайлы қатынастың қалыптасуына ықпал етеді және жаңа білімді меңгеру үдерісінде шарасыздығын сезінуге көмектеседі. Оны оқушыларға қалай жеткізетіндігіңізді ойластырыңыз. Қосымша ретінде, мұғалімдер өткен материалды пайымдау үшін ортақ сызбаны жетілдіруді қажет етпейтіндігімен қатар жақсартуды қажет ететін тармақтарды көрсете отырып, өз-өзіне деген сенімділігін дамытуға көмектесетіндігін анықтайды. Төменде келтірілген сұрақтарды пайдалануға болады.</p> <p>Әдетте, оларды осы сабақтың нақты мақсаттарымен байланыстыру қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сіз өзіңіз үшін жаңадан нені білдіңіз? 2. Сізге бәрінен бұрын не ұнады? 3. Сіз үшін не жеңіл болды? 4. Сіз үшін не ауыртпалық тудырды? 5. Сіздің қиыншылықтарыңызды шешуге не көмектесті? 6. Сіз бұрын істей алмайтынды қазір істей аласыз ба? 7. Сізге қай жерінде көмек қажет болды? 8. Бұл тапсырманы басқа топ үшін қалай өзгертер едіңіз? 9. Сізде қандай да бір сұрақ туындады ма? 	
Топтық таныстырылымды бейне жазу	Бұл оқушыларға өз білімдерін өзіндік пайымдаулар мен сыныптастарының арасында одан әрі талқылау арқылы ойластыруға және бағалауға мүмкіндік береді.
Проблема бойынша жұмысқа талдау –SWOT талдау	<p><i>Күшті жағы:</i> барлық жастағы балалардың зерттеу әрекетін қолдайтындар жарыстар, түрлі конкурстар болуы.</p> <p><i>Әлсіз жағы:</i> барлық баламен бірге жоба жазу, қатысуының тиімді жолдарын білмеушілік.</p> <p><i>Мүмкіндіктер:</i> мұғалімнің дарындылықты дамытудың тәжірибесінің қалыптасуы, жинақталуы, басқа оқушыларды тартуы.</p> <p><i>Қауіптер:</i> бала бойындағы ерекшеліктерді уақытында қолға алмау, бала қажеттігін қанағаттандыра алмау.</p>
Соңғы бес минут	Сабақтың басында мұғалім мақсатын түсінікті етіп жеткізеді және аяқталғаннан кейін соңғы бес минуттың барысында оқушылардың



	біреуі сабақта не ұққандығы туралы айтады. Қалған оқушылар оған сұрақ қояды.
<p>«Б.Блум таксономиясы» бойынша бағалау</p> 	<p>Қазіргі мектеп практикасында американдық ғалым Б.Блум таксономиясын қолданылып жүр. Ол – білім және білікті меңгеру деңгейін сипаттайтын белгілер жіктеуі. Бұл таксономия оқушының танымдық және сезімдік өрісін бағалауға бағытталған. Танымдық салада оқу мақсаттары адамның білімді меңгеру және интеллектуалды білік, дағдыны игеру деңгейлерінде қарастырылады. Интеллектуалды білік және дағдыны қалыптастырумен байланысты мақсаттар: <i>білу</i> → <i>түсіну</i> → <i>қолдану</i> → <i>талдау</i> → <i>жинақтау</i> → <i>бағалау</i> деп жіктеледі.</p>
<p>Сұрақтар үшін кәртiшкенiң индекci</p>	<p>Мұғалім оқушыларға екі жағында да тапсырмасы бар карточка тапсырады. 1 жағы: Өткен тақырыптың ең негізгісі 2 жағы: Өткен тақырыптан ұқпағаныңызды сұрақ қылып жазыңыз.</p>
<p>Бір минуттық эссе</p>	<p>Бір минуттық эссе – тақырып бойынша пысықтаудың бір жүйесі. Эссе жазу үшін мұғалім бірнеше сауал қояды. Бүгінгі білгеніңнің ең маңыздысы? Қай сұрақтар сен үшін түсініксіз? Сабақ соңында, келесі сабақта қай тақырыпты өтетіндігі жайлы хабарлайды.</p>
<p>Сөздік үлгісі (еске салу)</p>	<p>Ұстаз оқушыларға сөздік үлгі береді, (подсказка) көмектесушілер жауап құрады. Мысалы: Негізгі идея (ұстаным немесе процесс) _____ болып табылады, өйткені _____ т.с.с.</p>
<p>Қате түсінікті тексеру</p>	<p>Ұстаз қатысушыларға қандайда бір ұстанымның (идея) талдауларының қате болжамдарын немесе әдеттегі қате түсініктерді әдейі береді. Сонан соң ол қатысушылардан айтылғандармен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін, өздерінің көзқарастарын айтуларын сұрайды.</p>
<p>Оқушылармен жеке әңгімелесу</p>	<p>Ұстаз оқушылармен олардың деңгейі мен түсініктерін байқау үшін жеке әңгіме жүргізеді.</p>
<p>Үш минуттық үзіліс</p> 	<p>Ұстаз қатысушыларға сабақтың идеясы жайлы ойлануына, тақырыпты түсіндіру барысында олардың осы тақырып төңірегінде қаншалықты өзінің түсінгеніне, жаңа өтілген тақырып бойынша өз тұжырымдамасына, пікіріне рефлексия жасай отырып, өзінің алдыңғы білімін және тәжірибесін байланыстырып, нақты түсінік табуына мүмкіндік беру. Өтілу барысы: Тыңдаушыларға жаңа түсіндірілген тақырыпты ой елегінен өткізу мақсатында 3 минуттық үзіліс ұсынылады. Төмендегідей фразалар ұсынылады. Мен туралы көзқарасым өзгерді..... Мен..... жайлы хабардар болдым..... Менің жайлы айқын түсінік қалыптасқан тұсы..... Мені..... таң қалдырғаны.....</p>
<p>Бір сөйлеммен барлығын айтып беру</p>	<p>Оқушылардан оқытылған тақырып бойынша «Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?» деген сұрақтарға жауап беретін бірақ сөйлем құруларын ұсынады.</p>
<p>Температураны өлшеу</p>	<p>Бұл әдіс оқушылардың тапсырманы дұрыс орындап жатқандықтарын тексеру үшін қолданылады. Ол үшін оқушылардың іс-әрекеттері тоқтатылады және ұстаз «Біз не істеп</p>

	<p>жатырмыз?» деген сұрақ қояды. Оқушылардың осы сұраққа жауап беруіне қарай мұғалім олардың тапсырманың негізгі шартын түсінгендіктері немесе оны орындау барысы жайлы мағлұмат алады. Кейбір жағдайда ұстаз жұптардың немесе топтардың бірінен тапсырманы қалай орындап жатқандықтары жайлы айтып берулерін ұсынады. Ал қалғандары оларды бақылап, өздері не істеу керегі жайлы түсінік алады.</p>
<p>Қысқа тест</p> 	<p>Қысқа-тест қатысушылардың нақты білімін, шеберлігін және дағдысын, яғни қандайда бір материалдың нақты мағлұматтарын білетіндігін бағалайды. Бұл тестті: Берілген дұрыс немесе қате жауаптардың ішінен таңдау арқылы орындайды.</p>
<p>Элективтік тест (таңдаулы)</p> 	<p>Мұғалім әрбір оқушыға «А, В,С, Д» әріптері бар карточкаларды таратып шығады да олардан дұрыс жауаптарын карточкаларын көтерулері арқылы білдірсін дейді. Ұстаз міндетті түрде оқушыларға ойлануға 20 секунд беруі қажет. Ұстаз қатысушылармен жауаптардың әр түрлі нұсқаларын талқылап, оларға өздерінің таңдауларын түсіндіріп берулерін ұсынады. Олардың жауаптары оқушылардың оқытылған тақырыптың түсінгендіктері және деңгейлерін байқатады. Соған орай мұғалім тақырыпты тағы бір түсіндіру керек пе, әлде жалғастыра беру керек пе соны анықтайды.</p>
<p>Күнделікті өзін-өзі бағалау журналы</p> 	<p>Күнделікті өзін-өзі бағалау журналы мұғалім оқушылардың сабақ барысында қабылдаған білімін, дағдылары мен шеберліктерін бағалауға және оларды қандай әдіспен жүзеге асырғандарын қадағалау үшін құрылады. Күнделік ұстазға оқушылардың алға жылжу деңгейлерін және соған сәйкес білімдерін әрі қарай жетілдіруі үшін жәрдемдеседі.</p>
<p>Формативті сұрау</p> 	<p>Бұл әдіс презентациядан кейін бірден немесе қандайда бір сабақтағы тексеруге арналған. Мұғалім «Неге? Қалай? Қайтіп?» деген қосымша нақтылау сұрақтарын қояды. Олар несімен ұқсас әлде айырмашылығы қандай? Мінездемесі қандай _____? Ондағы негізгі идеясы, тұжырымдамасы қандай? Сіз қандай идея немесе қосымша мағлұмат қоса аласыз? Сіз қандай қорытынды жасай аласыз? Сіз не істеуді ұсынасыз? Қандай әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады?</p>
<p>Жаңа материалды қабылдауларын тексеруге арналған жаттығулар</p> 	<p>Мұғалім «Болжау», «Түсіндіру», «Айтып беру», «Бағалау» деген төрт терезеден (шаршы) тұратын кесте құрады. Жаңа материалды түсіндіріп болған соң ол оқушылардан берілген шаршылардың бірін таңдауларын ұсынады. Бұл арада мұғалім әрбір оқушыға бұл әдіс арқылы өтілген тақырып бойынша өздеріне өздері тапсырма алып, орындайтындығын түсіндіріп өтуі қажет. Сонан соң олардың шаршыларды таңдауларына қарай мұғалім сұрақтар қояды. Мысалы: Егер оқушы «Айтып беру» деген шаршыны таңдаса, мұғалім оған «Жаңа материалдағы негізгі идеяларды атап шық» деген тапсырма береді.</p>
<p>Жазбаша түсініктеме</p>	<p>Бағалаудың міндетті бір элементі – кері байланысты ұсыну. Оқушылардың жазба жұмыстарын тексеру кезінде мұғалім</p>

<p>(жазбаша кері байланыс)</p> 	<p>бағалау өлшемдеріне қарай өз түсініктемелерін жасайды және жеткен нәтижелерінің деңгейін бақылайды. Түсініктемелері анық және түсіндіре білуі керек. Жазба жұмыстарын тексере отырып, дұрыс жерлерін бір түспен, ал әрі қарай жетілдіру керек жерлерді екінші бір түспен белгілеп қоюға болады. Жазба жұмыстарға түсініктеме бергенде еске салу, ой айту немесе мысалдар көрсетуге болады.</p>
<p>Сөздік бағалау (ауызша кері байланыс)</p> 	<p>Бағалау түрінің ең көп тараған түрі: Мұғалім оқушыны жаттығуларды жақсы орындағаны үшін мақтайды, осылайша ауызша кері байланыс орнатты. Осыған орай оқушылар берілген материалды немесе мағлұматты сәтті ұққандары жайлы түсінуіне болады. Мұғалім оқушыға жаттығуды орындағандағы қателерін көрсетеді. Ол оның жұмысына ешқандай белгі қоймайды, бірақ оны бағалайды. Нәтижесінде оқушылар жетістікке жетулері үшін одан әрі биік нәтижелерге жетуі керек деп ұйғарады.</p>
<p>Өзін-өзі бағалау</p>	<p>Бұл әдісте қатысушылар өздерінің білімдері жайлы мағлұмат жинайды, оларды талқылап, алға жылжуларына қорытынды жасайды. Өзін-өзі бағалауды жүргізгендегі міндетті шарттары – оқушылардың оқытылатын тақырыпты өтер алдында және жұмысты орындар алдында олар барлық жұмысты бағалау межелерімен (критерий) таныс болулары қажет.</p>
<p>Екі жұлдыз, бір тілек (бір-бірін бағалау)</p>	<p>Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық жұмыстарын, яғни шығарма, эсселерін бағалауға қолданылады. Мұғалім, оқушыларға сыныптастарының жұмыстарын тексеруді ұсынады. Мақсаты - өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау.</p>
<p>Кері «ой қозғау»</p> 	<p>Техникалық объектінің кемшіліктері, қарама-қайшылықтары мен ақауларын айқындап, оларды жетілдіру қажет болғанда қолданылады. Тура «ой қозғаудан» айырмашылығы: мұнда сыни пікірлерге негізгі мән беріледі, қатысушылар зерттеу объектісінің олқылықтары мен жетіспеушіліктерін анықтауға тырысып, нақты техникалық проблеманы шешуге ұмтылады.</p>
<p>Бинго парақшалары</p>	<p>Балалар түйінді сөздер/фразалар жазылған Бинго парақтарынан анықтамаларды.....кұрастырып оқулары керек.</p> 
<p>Ойлан, Жұптас, Пікірлес</p> 	<p>Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушының екі- үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл аудиторияға жариялауын сұрауына болады. Бұл тәсілді шағын топтарда ғана емес, сонымен бірге оқушылардың саны көп лекциялық лектерде (60-100 және одан да көп адамдар) қолдануға тиімді.</p>

<p>Пирамида құру</p> 	<p>Жаңа мәліметпен жұмыс жасалғаннан кейін, түрлі деңгейлерде түсінік құрастыру тәсілі. Бұл тәсіл жүзеге «жеке – жұп – топ – аудитория» схемасы арқылы асырылады:</p> <p>Оқушылар берілген материалмен (мәтін, лекция, оқулық) жекелей танысып болғаннан кейін, ол бойынша өзіндік түсінік және пікір қалыптастырады.</p> <p>Оқушылар жұптарға бірігіп, өздерінің идеялары, ойлары мен пайымдауларымен серіктерімен бөліседі.</p> <p>Оқушылар төрт адамдық шағын топтарға бірігіп, туындаған проблемалар мен мәселелердің шешімдерін талқылайды, қорытындылайды, бір шешімге келеді.</p> <p>Соңында оқушылар бүкіл аудитория болып, проблеманың шешімдерін келтіреді, олардың ең тиімділері тақтаға (плакатқа) жазылады.</p>
<p>Бір минут...</p> 	<p>Бір оқушы сен туралы айтып келе жатады, оның алғашқы бір сөзді қайталағанына, кідірісіне немесе жіберген қателігіне байланысты тоқтатып, тізгінді келесі оқушы ары қарай жалғастыру сұралады, бұл 1 минут өткенше жалғасады.</p>
<p>Аквариум</p>  <p>Оқушылардың қандай да болмасын проблеманы «көрсеткіш» немесе «жұртшылық» алдында диалог үрдісінде талдау мүмкіншілігін беретін тәсіл.</p>	<p>Шағын топ ішінде (4-6 адам) оқушылар проблеманы шешу жолдарын талқылайды. Талқылауды топ ішіндегі бір оқушы (немесе екі оқушы де болады) жүргізеді: ол басқаларға сөз беріп, олардың пікір алмасуын ұйымдастырады, топты ортақ мәмлеге келуге бағыттайды. Аудиториядағы басқа оқушылар көрсеткіштер сияқты жаңағы топты қаумалай қоршап тұрады: олар топ ішіндегі оқушылардың проблеманы қалайша шешетіндігіне, олардың диалог құруына көңіл қояды. Алайда олар диалогқа араласа алмайды, олар тек топ ішіндегі әрекеттерімен салыстырады.</p> <p>Шағын топтағы оқушылар осылайша сырт назарында болады: олар құдды аквариум ішінде отырған сияқты. Бұл тәсіл оқушыларға өз жолдастарының қалайша қарым-қатынас құратындығын, басқаның пікірін қалайша қабылдайтындығын, өз ойларын қалайша дәлелдейтіндігін, пайда бола бастаған кикілжіңдерді қалайша болдырмай тастайтындығын көріп, оларды талдап, белгілі бір қорытындыға келтіру мүмкіндігін береді.</p>
<p>Галереяны шарлау</p>	<p>Оқушылардың жазба немесе графикалық жұмыстарын қабырғаға іліп, барлық қатысушылардың олармен танысып өз пікірлерін ауызша немесе жазбаша келтіруі. Жазбаша пікірлер жұмыстардың өзіне (парақ, плакаттарға) немесе желім қағаздарға (стикерлерге) жазылып, жапсырылады.</p>
<p>Оқушы мұғалім ретінде</p> 	<p>Бір немесе бірнеше оқушы мұғалім ролінде бола алады. Олар сабақты/бөлімді қорытындылап, сынып оқушыларынан бүгінгі күні не өткендігі жайлы сұрауларына болады.</p>
<p>Маған мына жерден 3 нәрсені айтшы...</p> 	<p>Біз бүгін оқып, білдік. Біз жақсы орындадық. Топ жақсы алып шықты. Біз туралы көбірек білгіміз келеді. Қазір біз бұдан 40 минут бұрынғы білмейтін нәрселерді: білеміз.</p>

<p>Сегізбұрыштың ішінде</p> 	<p>Көп интеллекттіліктің 8 ойлау жолы. Қысқартылған сегіздік, бұл - Цифралар Қалай көп... Сөздер Сөздер қайдан келді. Адамдар Кім... Сезімдер Қандай сезімдер... Табиғат Сыртқы орта қалай әсер етеді... Әрекеттер Адамдар немен айналысады... Дыбыстар Бұл туралы қандай әндер жазылған... Көзқарас Қандай картиналар бейнеленген... Екі идея – біріншісі студенттерден әрбір бұрыштағы түйінді сөз /тақырып сұрағына сай болуын сұрау; <i>екіншісі</i> сегіздікті өзіңнің бастапқы сұрақтарды құрастыруыңа пайдалан.</p>
<p>Ойлау картасы</p> 	<p>Оқушылардан оқыту бойынша ойлау картасын ұсынуды сұрау. Бұл олардың оқыған түсініктерді, түйінді сөздерді, 3 нәрсені және т.б пайдалануы болып табылады.</p>
<p>Бағалау ағашы</p> 	<p>Оқушылардан сабаққа/тақырыпқа байланысты ағаштың қай жерінде тұрғанын сұрауға болады. Сабақ соңында ілгерілеуді немесе проблеманы айқындау үшін қайта сұрауға болады. А3/А2 форматына шығарып іліп, бұл жерге студенттер стикерлерге өз аттарын жазып жапсыруларына болады. Осыдан соң мықты және әлсіз оқушылардан құралған жұптарды отырғызып жұмысты жалғастыруға болады және т.б.</p>
<p>Ыстық орындық</p> 	<p>Студенттер (немесе мұғалім) «ыстық орындыққа» отырып, сынып қойған сұрақтарға жауап берулері тиіс. Ыстық орындыққа өтілген тақырып бойынша эксперт ретінде немесе жеке тұлға ретінде де отыруға болады. (мысалы: Англия Банкысының бастығы сияқты ерекше тұлға немесе 19 ғасырдағы Британия фабрикасының жұмысшылар тобының уәкілі ретінде)</p>
<p>Тарих уақыты</p> 	<p>Бүгінгі сабақты тарих ретінде айтып беру. Ескерілетін тұсы: оның басы, ортасы және аяғы болатынына көз жеткізу керек. Жанрлар арқылы да әзірлеуге болады, мысалы: Ертегі, Ғылыми, фантастика, Триллер және т.б.</p>
<p>Пленарлық кубиктер</p> 	<p>5 сөзбен қорытынды жаса Оны жаз немесе суретін сал Қандай білім алдың? Сен қандай дағдыларды қолдандың? Екі сұрақ туралы ойлан ..Осыны тағы да біреуге үйрет</p>

2.5. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерінің талдауы

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру кезіндегі маңызды кезеңдердің бірі – білім алушылар жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасау. Мұғалімге барлық оқу үдерісінде бағалау/бақылау нәтижелеріне жүйелі талдау жүргізу ұсынылады. Мысалы, қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне толық талдау жүргізу үшін мұғалім арнайы құрастырылған төменде көрсетілген бақылау парағын қолданады. Бақылау парағының үлгісі 5-қосымшада берілген [2,3].

Қалыптастырушы бағалау нәтижесі бойынша бақылау парағы

ҚБ нәтижесі бойынша бақылау парағы

Мұғалім: Мұсағалиева А. Кезең: 1-2 айта мақсатқа қол жеткізілді
 мақсатқа қол жеткізілмеді

Сынып: 1.б Бөлім атауы: Сағалар мен ұшқырлар
 *Тілдеріне: Әдебиеттің негізгі сипаттары мен ерекшеліктері бойынша енгізілетін сабақ санына сәйкес келеді

Сабақ саны: 6 Бөлімше: Жазушылар сағалар мен ұшқырлар

№	Бөлім атауы мен етімі	Оқу мақсаттары			Қызығарып отырған нәтижелер
		1111 Сағалар мен ұшқырлар	1112 Сағалар мен ұшқырлар	1113 Сағалар мен ұшқырлар	
1	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу
2	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
3	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
4	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
5	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу
6	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
7	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
8	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
9	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу
10	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
11	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
12	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
13	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	
14	Сағалар мен ұшқырлардың құрылымын білу	●●●	●●●	●●●	

Қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне талдау жасау білім алушыларда кездесетін қиыншылықтар туралы ақпарат алуға, оның алдын алу шаралары туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, тексерілген жұмыстардың нәтижесіне талдау жасау:

- белгілі бір тапсырмалар қиындық тудыратын балалар тобын;
- бөлім, тақырыптар бойынша қиындықтар туындайтын жеке білім алушыларды;
- білім алушылар үшін аса күрделі, қиын сұрақтар, тапсырмалар, тақырыптарды айқындап береді.

Нәтижелерге талдау жасау мұғалімдердің тәжірибесіне оң әсер етуі үшін:

- әрекет ету мен шешімді талап ететін нақты, маңызды, тәжірибелік бағыттағы мәселелерді анықтау;
- орындалған тапсырмалар мен нақты мақсаттарға жету үшін талдау жүргізу;
- талдауда дәйектерді, дәлелдерді негізге алу;
- шешімнің сыни нұсқаларын қарастыру, яғни, мәселені шешудің жоспарлылығын, баламалылығын (альтернативтілігін), жетістігін, кемшілігін, жақсы және нашар жақтарын талдау;
- мәселені шешу, кемшілікті жою үшін өз тәжірибесін нақты қалай өзгертуге болатыны туралы іс-әрекеттің толық жоспарын құрастыру;
- талдау нәтижелерін тіркеуде қысқа, түсінікті стильді ұстану (күнделік, портфолио, мақала, таныстырылымдар және т.б.);
- ұжымда өз іс-әрекеті нәтижелерімен бөлісу;
- ұжымға көмектесу, білім алушылардың қажеттілігіне бағыттай отырып, сабақтастықты сақтай отырып жүйелі талдау жүргізу ұсынылады.



Өзін-өзі бақылаудан тапсырмалар мен сұрақтар

Ұсынылған сұрақтар тарауға қайтадан оралуға және де негізгі идеяға ерекше көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған тапсырмалар орындап, қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қалыптастырушы бағалаудың түсінігін және мазмұнын ашыңыз.
2. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты мен міндеттерін атаңыз.
3. Оқытушының қызметінде қалыптастырушы бағалаудың кезеңдерін сипаттаңыз.
4. Қалыптастырушы бағалауда жақсы болжамданған және нақты қойылған мақсаттар неліктен қажет?
5. Блум таксономиясымен оқыту мақсаттарының анықтамасы қалай қатынасады?
6. Оқу мақсаттары таксономиясының жалпы құрылымы қандай?
7. Келесі ұғымдарға түсінік беріңіз: «дескриптор», «критерий», «деңгейлік тапсырмалар»
8. Қалыптастырушы бағалау техникасын атап шығыңыз, оларға сипаттама беріңіз.
9. Жеке, топта жұмыс жасалатын қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктерін талдаңыз.
10. Кері байланыстың құралдарын атаңыз.
11. Кері байланыстың нәтижелігін қамтамасыз етуге не септігін тигізеді?
12. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін талдаудың қажеттілігі неде?
13. Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың мәні неде?
14. Қалыптастырушы бағалауда өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың рөлі қандай?
15. Мөлшерлерді салыстыруға тапсырма құрыңыз: ұзындық, салмақ, уақыт.
16. «4-ке көбейту сандары» тақырыбына конспект-жоспарды жасаңыз.
17. 2 бағандағы сөздерге 1- бағанда көрсетілген Блум таксономиясының сұрақтарына сәйкестілік табыңыз.

Жауаптарды (оң жақта) парақпен жабыңыз, кезекті бос орында толтырғаннан кейін, төмен қарай орналастырыңыз.

Кезек бойынша сіз берген жауапты дұрыс жауаппен салыстырыңыз. Егер де барлығы сәйкес келсе, келесі бөлімге көшуге болады, ал егер де сәйкес келмей тұрса, бұл жағдайда қателігіңіздің себебін анықтаңыз.

№	Сұрақтар	Деңгейлер
	1	2
1	Қазақстан Республикасының рәміздерін атап шығыңыз	білім
2	Уақыт бірліктерінің қатынасын анықтаңыз (тәулік, сағат, минут, секунд)	Түсінік
3	Құттықтау ашық хатына сурет эскизін жасаңыз	Қолданыс

4	Эксперименттің нәтижелерін зерттеңіз және қорытынды жазыңыз	Талдау
5	Теңдеуді шығарудың тәсілін ұсыныңыз және дәлелдеңіз	Синтез
6	Авторға әңгіме туралы пікіріңізді жазыңыз және хат түрінде жіберіңіз	Баға

18. Дескрипторларға және оқыту мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін жазыңыз.

Тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ертеде кітап пен қалам дос болыпты. Екеуі көбіне бірге жүретін. Бір күні қалам көңілсіз болып келді. Кітап досына қызықты суреттер көрсетті. Суреттер қаламға ұнады. Қалам көңілденді.



- Сіздің ойыңызша бұл қандай мәтін ? Әңгіме ме, ертегі ме?
- Оны қандай сөздерден білуге болады ? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

Дескрипторлар: *Білім алушы*

- мәтіннің жанрын атайды;
- мәтіннен жанрды нақтылайтын сөздерді табады.

19. Оқыту критерийлеріне және мақсаттарына дескрипторлар жасаңыз.

Оқу мақсаты :	1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (Кім? Қандай? Қанша?) қою.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> - Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. - Иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қояды.
1-тапсырма Мәтінді оқыңыз. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз. Мен биыл Астанаға бардым. Астана – әдемі қала. Астанада көп жаңа үйлер бар. Менің атам мен әжем Астанада тұрады.	

20. Кері байланыс түрлерінің ара қатынасын белгілеп, кері байланысқа жазбаша мысал ретінде жаз.

Жауаптарды (мәтіннің оң жағында) ақ қағазбен жабыңыз, бос орынды толтырғаннан кейін төменге қарай орналастырыңыз.

Дәйекті түрде дұрыс жауапты өзіңіздің жауабыңызбен салыстырыңыз. Жауаптар бір-біріне сәйкес келсе, онда келесі бөлімге өтуге болады, егер де жауап келіспей тұрса, бұл жағдайда қатенің себебін анықтау қажет.

№	Пікірлер	Түрі
1	Суретті дұрыс біріктіру үшін, сізге тапсырманы қайталап оқу қажет.	Ескерту
2	Есепті тексер және нұсқасын 43 беттен қара.	Нұсқаны ұсыну
3	Тәуліктің ұзақтылығы не арқылы өлшенеді? Уақыт өлшейтін қандай өлшем құралдарын білесің? Мысалдар келтір	Кезең-кезеңмен көмек

21. Математика пәнінен «Сандар алу амалдары» тақырыбына үш критерий жазыңыз.

1. _____

2. _____

22. Қалыптастырушы бағалау техникасы реттілігінің әрбір қадамын сипаттаңыз және талқылаңыз. _____

23. Қажетті сөзді (немесе сөздерді) қойып, бос орынды толтырыңыз.

Жауаптарды (мәтіннің оң жағында) ақ қағазбен жабыңыз, бос орынды толтырғаннан кейін төменге қарай орналастырыңыз.

Дәйекті түрде дұрыс жауапты өзіңіздің жауабыңызбен салыстырыңыз. Жауаптар бір-біріне сәйкес келсе, онда келесі бөлімге өтуге болады, егер де жауап келіспей тұрса, бұл жағдайда қатенің себебін анықтау қажет.

Кері байланыс – жағдайға немесе әрекеттерге	жауап, жауапты реакция
Әр деңгейлі тапсырмалар –, оларды оқушылардың зеректігін есепке алып дифференцияланған оқытуды ұйымдастыру үшін қолданады.	әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар
Рефлексия – қызметтің нәтижелілігін бағытталған ой қызметі.	өзін-өзі тануға, қайта ойлауға және талдауға
Мақсат- бұл оқытушымен алдын-ала болжамданған, яғни ол сабақ немесе бөлім соңында тек оқытушымен ғана емес, оқушылармен бірге қойылған мақсатқа жетуі қажет.	нәтиже
Б.Блум таксономиясы ойлау дағдысының иерархиясын былай көрсетеді: білу, түсіну,,,, бағалау.	колдану, талдау, синтез

III. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

3.1. Жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі. [2,3,19].

Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалаудағы сияқты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жасау үшін қолданылады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалаудағы сияқты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жасау үшін қолданылады. Пән бойынша әдістемелік бірлестіктерге жиынтық бағалаудың барлық түрлері бойынша бақылау тапсырмаларын, әдістерін, кезеңдерін көрсетіп, оқу жылына жиынтық бағалаудың жоспарын құрастыру ұсынылады (6-қосымша).

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын баллдар қойылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады. Жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізудің тапсырмалар үлгілері берілген. Бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әдістері, тапсырмалары анықталады, оны мектептер өз бетінше құрастырады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген критериалды бағалауды өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста берілген:

- жаратылыстану- ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- элеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым бойынша анықталады.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары өтілген бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер мазмұнын

анықтауға мүмкіндік береді. Бөлім немесе ортақ тақырыптардағы бағалауға жататын оқу мақсаттарының саны (9-кесте) пәндерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

9-кесте. «Жаратылыстану» пәнінен бөлім бойынша мысал, 1-сынып, 3-тоқсан - 9 апта

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бойынша бөлімшелер	Мақсаттар саны
«Жер және ғарыш»	Жер	3
	Ғарыш	
	Кеңістік	
«Табиғат физикасы»	Жылу	3
	Электр	
	Магниттілік	
	Барлығы	6

Мысалы, 1-сыныптағы жаратылыстану пәнінен оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарында 3-тоқсан бойынша 2 бөлім берілген: «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы». Сәйкесінше, математикадан 1-тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық бағалау әр бөлімді меңгеру және аяқталуына қарай үш рет өткізіледі. Кейбір пәндерден ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бір тоқсан барысында меңгеру үшін 1-ден 5-ке дейін бөлімдер берілген. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 1 бөлімнен тұрған жағдайда тоқсанның екінші жартысында 1 рет, тоқсан соңына дейін 2 аптадан кем емес уақытта өткізіледі. Осыған байланысты, бөлім бойынша жиынтық бағалаудың максималды саны тоқсанда 3-тен көп болмауы қажет, 4 және одан да көп бөлімдерді меңгерту қажет болған жағдайда, мұғалім оқу мақсаттарын есепке ала отырып, бөлімдерді біріктіруге болады. Тілдік пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанда екі рет өткізіледі. Әр бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу әрекеттерінің (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) екі түрі тексеріледі. Сонымен бірге айтылым дағдысын бірінші бөлім бойынша жиынтық бағалау уақытында өткізу ұсынылады. Айтылым дағдысын бағалауды жиынтық бағалау өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ үстінде өткізуге болады. Әр оқушының жауабы шамамен 2-ден 5 минутқа дейінгі уақыт аралығын қамтуы мүмкін. Бөлім бойынша соңғы өткізілетін, жиынтық бағалауды тоқсан соңына дейін 1 апта бұрын өткізу жоспарланады. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды орындау уақытын мұғалім берілген тапсырмалар мен оны орындауға кететін орташа уақытты, жұмысты орындауды есепке ала отырып анықтайды. Сонымен бірге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды 15-20 минут уақыт аралығын қамтитындай етіп жоспарлау қажет. 15-20 минуттық шектеу – шартты, сабақтың белгілі бір бөлігін ғана алатындай, шағын көлемді бағалау жұмыстарын көрсету мақсатында енгізілген. Оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттары жиынтық жұмыстың мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста

көрсетілген үлгілерді қолдануына болады. Одан басқа, мұғалімге өз бетінше бағалау құралдарын құрастыру ұсынылады. Ол үшін мұғалімге көмек ретінде төмендегідей алгоритмдер ұсынылады (7-сурет).

1) оқу бағдарламасы, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;


2) жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;

3) ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін бағалау критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;

4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

5) оқушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің дескриптормен сәйкестігін сипаттау).

7-сурет. Бағалау құралдарын құрастыру жүйесі.



Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының негізгілерін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды. Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері (10-кестеде) көрсетілген.

«Жер және ғарыш» бөліміндегі оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері, «Жаратылыстану» 1-сынып

Бөлім	Оқу мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білім алушы
«Жер және ғарыш»	1.4.1.1 Жердің пішінін моделі негізінде анықтау	Жердің пішінін және жасанды моделін анықтайды	Білу және түсіну
	1.4.2.2 Ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау	Ғарышты зерттеу құрылғыларын анықтайды.	Білу және түсіну
	1.4.3.2 Уақытты өлшеу құралдарын анықтау	Уақытты өлшеу құралдарын анықтайды	Қолдану

Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың міндеті – білім алушының ағымдағы оқу жетістігін, аралық нәтижелерін белгілеу.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау - бұл белгілі бір материалды меңгеруді аяқтаған кездегі оқу жетістігін бағалау.

Аталған бағалауды сабақ үстінде 15-20 минут уақытты алатындай мерзімде ұйымдастыру ұсынылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың мысалы (11-кестеде) берілген.

11-кесте. «Математика» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың үлгісі, 1-сынып

<i>Бөлім/ Тақырып:</i>	Теңдік және теңсіздік. Теңдеу
<i>Бөліміше:</i>	Теңдік және теңсіздік. Теңдеу. Санды және әріпті өрнектер Есептер және математикалық модель
<i>Оқу мақсаты:</i>	Теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу. Әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу. Жақшасыз әріпті, санды өрнектерді салыстыру. Қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару.
<i>Ойлау дағдыларының деңгейі:</i>	Білу және түсіну Қолдану Талдау
<i>Бағалау критерийі:</i>	Теңдік, теңсіздікті, теңдеуді ажыратады. Тура және тура емес теңдіктерді анықтайды. Берілген мәні бар әріпті өрнектің мәнін табады. Санды және әріпті өрнектерді салыстырады. Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығарады.

1. Теңдеу, теңдік және теңсіздікті бағдаршамның түсіне сәйкестендіріп бояңыз.

теңдеу	$90-30=60$
теңдік	$0+17<20$
теңсіздік	$X+10=60$

2. Бос орынға теңдіктердің біреуі тура, ал екіншісі тура емес болатындай етіп тиісті сандарды қой.

Тура	Тура емес
$40-?=20$	$20-?=10$

3. $C = 4$ деп алып, өрнектің мәнін тап.

$C-3$ $C+6$

4. Өрнектерді салыстырыңыз.

$4+C ? 6+C$ $10-A ? 6-A$ $10-6 ? 8+2$

5. Есепті шығарыңыз.

6. Ешкінің 7 лағы бар еді. Олардың 6-ы серуендеп кетті. Үйде неше лак қалды?

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
	Білім алушы	
Теңдік, теңсіздікті, теңдеуді ажыратады	теңдеулерді қызыл түспен бояйды;	1
	теңдіктерді сары түспен бояйды;	1
	теңсіздіктерді жасыл түспен бояйды;	1
Тура және тура емес теңдіктерді анықтайды	тиісті санды жазып, тура теңдік шығарады;	1
	тиісті санды жазып, тура емес теңдік шығарады;	1
Берілген мәні бар әріпті өрнектің мәнін табады	берілген мәні бар айырманың мәнін табады;	1
	берілген мәні бар қосындының мәнін табады;	1
Санды және әріпті өрнектерді салыстырады	қосындыға берілген әріпті өрнектерді салыстырады;	1
	айырмаға берілген әріпті өрнектерді салыстырады;	1
	бір амалмен берілген санды өрнектерді салыстырады;	1
Санды және әріпті өрнектерді салыстырады	есептің қысқаша шартын жазады немесе сызбасын сызады;	1
	есептің сұрағын жазады;	1
	есептің шешуін жазады (амал таңбасын таңдайды);	1
	өрнектің мәнін табады–есептің шешуі;	1

	есептің жауабын жазады.	1
Барлық балл		15

3.2. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерін талдау

Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Аталған талдау білім алушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа мұғалім қажет болған жағдайда қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерінің алдағы уақыттағы әдістерін, тапсырмаларды, сабақ жоспарларын қайта қарауына болады.

Білім алушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаты (12-кестеде) көрсетілген.

12-кесте. Білім алушылардың оқу деңгейлерінің сипаты

Деңгейлер	Сипаты
Төмен деңгей	<ul style="list-style-type: none"> • пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша қарапайым білімін және түсінігін көрсетеді; • жай тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқаулықтарға сай орындау рәсімдеріне ілеседі; • ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларының (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде жай қорытынды қалыптастырады; • жай тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады.
Орта деңгей	<ul style="list-style-type: none"> • пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша жеткілікті білімін және түсінігін көрсетеді; • әдеттегі тапсырмаларды орындайды, таныс және кейбір таныс емес жағдайларда білімін сәтті қолданады; • ақпаратты жалпылайды және ішінара негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты аргументтерді келтіре алады; • әдеттегі тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің стандартты жолдарын ұсынады және қолданады; • тапсырмалардың бекітілген жиынын шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді.
Жоғары деңгей	<ul style="list-style-type: none"> • пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді; • қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін сәтті қолданады; • әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады; • қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің баламалы және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады; • тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға

ынталандырууы қажет. Кері байланыс білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек.

Аталған ақпарат рубрика түрінде беріледі.

Рубрика бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысының бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілерінде құрастырылған рубрикалар көрсетілген.

Білім алушыларды бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерімен таныстыру кезінде білім алушылардың жұмыстары, олардың рубрикада белгіленген оқу жетістігі деңгейлерін қоса ұсыну қажет. Рубрикалар үлгілері (8-суретте) берілген.

Бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрикалар)			
Білім алушының аты-жөні	Асқар Ж.	Пәні	Математика
		сыныбы	1
«Теңдік, теңсіздік. Теңдеу» тарауы бойынша жиынтық бағалау			
Бағалау критерийлері	Оқушы жетістіктерінің деңгейі		
	төмен	орта	жоғары
Теңдік, теңсіздік, теңдеуді ажыратады.			
Теңдік, теңсіздік, теңдеуді анықтайды.			
Берілген мәні бар әріпті өрнектің мәнін табады.			
Санды және әріпті өрнектердің мәнін табады.			
Санды және әріпті өрнектерді салыстырады.			
Мұғалімнің қосымша пікірлері	Мұғалімнің жазбасы		
Мұғалімнің аты-жөні-----			

Рубрика әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау рәсімдеріне құрастырылады, әр критерий аясындағы оқу жетістігінің деңгейлерін көрсетеді. 8-суретте көрсетілгендей, мұғалім рубрикада орташа деңгейді сипаттап жазу кезінде тапсырмадағы білім алушы қателік жіберген нақты сол элементті атап көрсетуі қажет.

Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілеріне рубрикалар құрастырылып, ұсынылған.

3.3.Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру.

Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлау үшін ең алдымен оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына шолу жасау керек, себебі бағалаудың мақсаты олардың меңгерілуін тексеру. Жиынтық бағалаудың әдістемелік

ұсынысында тапсырма үлгілері бар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы қолданылады.

✓ Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- ✓ тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- ✓ тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- ✓ жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;
- ✓ бағалау құрылымы;
- ✓ тапсырмалар саны;
- ✓ тапсырмалар бойынша баллдарды бөлу;
- ✓ тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;
- ✓ тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- ✓ тапсырмалардың балл қою кестелері.

Спецификацияға сәйкес тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру бір параллельдегі сыныптарда бірыңғай талаптар бойынша жүзеге асырылады яғни әр мектеп дайын үлгіні немесе тапсырмаларды өздері құрастыруына болады. Тапсырма түрлері: диктант, мазмұндама, эссе, тест, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б.

Тоқсан басында білім алушылар мен ата-аналарды хабардар ету үшін тоқсандық бағалау кестесі құрылып мектеп директоры бекітеді. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайта көшіруге болмайды және параллель сыныптарда бірдей жағдайда өткізіледі.

Белгілі себептерге байланысты (ауру, жақын туыстар қазасы, конференция, олимпиада, ғылыми, спорттық жарыстарға қатысу т.б.) тоқсандық жиынтық бағалауға қатыспаған балаларға екі апта ішінде тапсыруға рұқсат етіледі. Онда жиынтық бағалаудың қосымша нұсқалары қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау материалдары оны өткізу уақытына дейін білім алушыларға берілмеуі тиіс. Осы мақсатта тапсырмалар белгілі бір адамға ғана сақтауға беріледі (мысалы, директордың орынбасары).

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу барысында кабинетте тек бір ғана адам- мұғалім болуы тиіс. Бірақ, қолы бос мұғалімнің бақылаушы ретінде қатысуына рұқсат та бар. Бағалауды жүргізу барысында мұғалім білім алушылардың тапсырмаларды орындауын қадағалап, басқа әрекеттермен айналыспауы тиіс. (дәптер тексеру, компьютермен жұмыс жасау, т.б.).

Тоқсандық жиынтық бағалау өткізілетін кабинеттерді мұғалімдер алдын ала дайындайды. Айналасы білім алушыларға таныс, күнделікті сабақ өтіп жүрген кабинеттері болуы ұсынылады. Кабинеттерді дайындау кезінде ескерілуі қажет жайттар:

- білім алушылардың шуламай, жұмысты өз бетінше орындауына қолайлы болатындай етіп отырғызуды ойластыру;
- білім алушыларды басқа білім алушылардың жұмыстарын көре алмайтындай, тақта жаққа қарайтындай етіп отырғызу;

- білім алушыларда сұрақ немесе мәселе туындаған жағдайда парталардың арасы мұғалім мен бақылаушының еркін жүріп тұруына мүмкіндік беретіндей орналасуы тиіс;
- негізгі нұсқаулық пен уақыт жазылып тұратын болғандықтан тақта білім алушылардың алдында болғаны дұрыс;
- тапсырманы орындау барысында білім алушыларға көмегі тиюі мүмкін деген плакаттар, ақпараттық сипаттағы қабырға материалдарының алынып тасталуы немесе беті жабылуы тиіс.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуге дейін мұғалім білім алушылардың тапсырманы орындау барысында көмегі тиюі мүмкін тыйым салынған заттарды әкелмегеніне көз жеткізуі қажет. Білім алушылар өздерімен бірге тек тоқсандық жиынтық бағалау бойынша спецификацияда көрсетілген материалдарды, құралдарды және заттарды ғана әкелуіне болады. Тыйым салынған заттардың болу жағдайы ережені бұзушылық болып саналады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу туралы жан-жақты ақпарат тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықта берілген.

3.4 Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін талдау

Тоқсандық жиынтық бағалау жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысында берілген үлгідегі балл қою кестесіне немесе тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес құрастырылады. Аталған кестеге сәйкес мұғалімдер баллдарды қояды.

Мұғалім әр жауапқа қойылған баллдардың, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс.

Бағалау нәтижелерін мұғалім, білім алушының оқудағы ілгерілеуін бағамдау үшін қолдануына болады. Ол үшін мұғалім нәтижелерді, кері байланысты білім алушыны оқуға ынталандыратындай түсінікті етіп, өзінің нәтижесі бойынша ойлануына мүмкіндік беру қажет.

Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді меңгергенін, қандай дағдыларды игергенін талдау үшін қолдануына болады. Сонымен бірге мұғалім үшін аталған ақпараттың келешекте қалыптастырушы бағалау кезінде оқу үдерісін жоспарлауға көмегі болуы мүмкін. [9,19].

Жиынтық бағалау жұмысын дәптерге, параққа, жоба түрінде, физикалық жаттығулар және т.б. әзірлемелер түрінде орындауға болады.

Тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын жиынтық бағалау тоқсанына екі рет өткізіледі: біріншісі бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсанға арналған жиынтық бағалау.

Сөйлеу дағдыларын жиынтық бағалауды жиынтық бағалау жоспарланған апта бойына сабақ барысында өткізуге болады.

Білім алушы себепті жағдаймен бағалауға қатыса алмаса, жиынтық бағалаудың қосымша тапсырмалар нұсқасын қолдану арқылы бағалау жүргізіледі.

3.5 Тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысын модерациялау

Бағалауды стандарттау мақсатында мұғалімдер білім алушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижелерін талқылауы үшін модерация белгілеген. Модерацияны өткізу үшін параллель сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің ішінен комиссия құрылады. Олар белгілі бір пән бойынша балл қою кестесіне қатысты бірыңғай түсінікті қамтамасыз ету үшін алдын ала бағаланған жұмыстарды талқылайды. Модерация төрағасы әдістемелік бірлестіктің жетекшісі, одан басқа кез келген пән мұғалімі бола алады.

Мұғалім мұнда тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің модерация қорытындысы бойынша жоғары сондай-ақ, төмен деңгейге қарай өзгеруі мүмкін екенін ескеруі қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу мен модерация өткізудің арасы 3 жұмыс күнінен аспауы керек. Модерация отырысы үшін мұғалім тексерілген жиынтық жұмыстардың ішінен: жоғары және төмен балл қойылған, сондай-ақ, бағалау қиындық туғызған тек 3 жұмысты іріктеп алады. Модерация кезінде іріктелген жиынтық жұмыстарда көрсетілген білім алушының аты-жөнін жұмысты қарастырған кезде қай білім алушының жұмысы екенін білмеу үшін жасырын белгі (шифрлау/күпия сөз) қою ұсынылады. Отырыс кезінде ұсынылған жұмыстар балл қою кестесіне сәйкес қарастырылады. Осылайша, төмендегідей жағдайларды анықтауға болады:

- дұрыс жауап есептелмеген, сол сияқты балл қою кестесінде де көрсетілмеген;

- жауап синонимдес басқа сөзбен берілген, ал ол жауап балл қою кестесінде көрсетілмеген;

- балл қою кестесінде қателіктер жіберілген;

- жалпы балл саны дұрыс есептелмеген және т.б..

Мұғалімдердің модерация кезіндегі әрекеті

Тоқсандық жиынтық бағалауды модерациялау үдерісі белгілі бір тәртіппен жүргізіледі.

Мұғалім модерацияға дейін:

• білім алушылардың жиынтық бағалау жұмыстарын балл қою кестесіне сәйкес бағалайды. Баллдар қарындашпен қойылады;

• жиынтық бағалау жұмысы үлгілерін (максималды, минималды баллдармен; бағалауда қиындық тудыратын жұмыстарды) іріктеп алады;

• жеке мәліметтерді шифрлейді, білім алушылардың жұмыстарының көшірмелерін дайындайды.

Модерация кезінде:

• жұмыс қорытындысын ұжымда талқылайды, барлық баллдардың балл қою кестесіне сәйкес қойылғанына көз жеткізеді;

• қажет болған жағдайда нәтижелерге немесе балл қою кестесіне өзгерістер енгізеді;

• отырыс хаттамасына қол қояды.

Модерациядан кейін:

- модерацияны ескере отырып, білім алушылардың жұмыстарын қайта қарайды, жоғарылату немесе төмендету жағына қарай баллдарды өзгертуі де мүмкін;

- соңғы нақты балл қаламмен қойылады;

- соңғы нақты баллды электрондық журналға қояды.

Модерацияны ойдағыдай жүргізу үшін қажетті жағдайлар: ынтымақтастық мәдениеті, ашық және анық коммуникация, сындарлы (конструктивті) кері байланыс және ұжымдағы кәсіби қолдау болып табылады.

ЖБ модерациялау бойынша хаттама үлгісін (13 кестеден) қарауға болады.

13-кесте. ЖБ модерациялау бойынша хаттама үлгісі

Мектеп:	Мұғалім:		
Пән:	Сынып:	Тоқсан:	Жыл:
	Аты-жөні		Қолы
Модерация төрағасы:			
Модерацияға қатысушылар			

Оқушының жұмысы	Модерацияға дейінгі балл саны	Модерациядан кейінгі балл саны	Шешім негіздемесі
1.			
2.			
3.			

1. Жиынтық бағалау қай кезде өткізіледі?
2. Балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім неге сәйкес қолданады?
3. Мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін не көмектеседі?
4. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген қандай тәртіпке сәйкес жүргізеді?
5. Бөлім бойынша соңғы өткізілетін, жиынтық бағалауды тоқсан соңына дейін неше апта бұрын өткізу жоспарланады?
6. Жиынтық бағалауды қанша минут уақыт аралығын қамтитындай етіп жоспарлау қажет?
7. Жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім әдістемелік ұсыныста көрсетілген үлгілерді қолдануына болады. Одан басқа, мұғалімге өз бетінше қандай бағалау құралдарын құрастыруды ұсынар едіңіз?

8. Жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Жүргізілетін талдау оқушыларға (ата-аналарға) қандай мүмкіндік береді?

9. Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын қандай алгоритм құрастыруға болады?

10. Жиынтық тапсырманың түрлері қандай формада жасалады?

11. Тоқсандық жиынтық бағалау өткізілетін кабинеттерді дайындағанда нені ескерген жөн?

12. Жиынтық бағалау кестесі бекітіле ме?

13. Тоқсандық жиынтық бағалау уақытында белгілі себептерге байланысты орындамаған оқушы қалай бағаланады?

14. Модерациялық топ не үшін құрылады?

15. Сәйкестендір

Дағдылар	Сипаттамасы
1.Білу	Алған білімдері мен ақпараттарды таныс немесе таныс емес жағдайларда, контексте қолдану.
2.Түсіну	Нақты деректерді, ақпараттарды білу және еске түсіру, оларды баяндау.
3.Қолдану	Ақпараттарды түсіну арқылы дұрыс жеткізу, болжау немесе түсіндіре білу.
4.Сыни ойлау	Ақпарат пен идеялардың маңыздылығы мен сенімділігі туралы шешім қабылдау немесе әр түрлі көзқараста болу.

Дұрыс жауабы: 1 – 2; 2 – 3; 3 – 1; 4 - 4

16. Тапсырма құрап көр. Оқу мақсаттарына байланысты қалыптастырушы тапсырма құрастырып көр.

2.1.3.2 Қазақстан картасынан өз облысының, ірі өзендерін, қалалар мен жолдарды көрсету.

Ресурс: Қазақстан республикасының картасы

17. Сөздерді пайдаланып, Арал теңізінің түбі біртіндеп тұз шөліне айналатынын түсіндіріңіз? (4 сөйлемнен көп болмауы тиіс)

18. Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін құрастыр.

Оқу мақсаты	1.3.1.1 Көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу 1.3.4.1 Дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу 1.2.4.1 Туризмнің мәнін түсіндіру
--------------------	---

Жауабы:

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Суреттерге сүйеніп, ежелгі адамдардың өмірін сипаттайды• Томирис туралы ақпарат табады• Туристердің негізгі іс- әрекеттерінің ретін анықтайды.
--------------------------	---

19. Көп нүктенің орнына керекті сөйлемді орналастыр.

Модерацияға дейін...	жеке мәліметтерді шифрлейді, білім алушылардың жұмыстарының көшірмелерін дайындайды.
Модерация кезінде...	білім алушылардың жұмыстарын қайта қарайды, жоғарылату немесе төмендету жағына қарай баллдарды өзгертуі де мүмкін; соңғы нақты баллдар қаламмен қойылады; соңғы нақты баллдарды электрондық журналға қояды.
Модерациядан кейін...	Білім алушылардың жұмыс қорытындысын әріптестермен талқылайды, барлық баллдардың балл қою кестесіне сәйкес қойылғанына көз жеткізеді;

IV. БАҒА ҚОЮ МЕХАНИЗМІ

4.1 Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері электрондық нәтижелерді тіркеу журналында тіркеледі. (14-кесте).

Барлық баллдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады. Білім алушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда оқыту тәжірибесін жетілдіру, талдау үшін қолданылатын баллдар, бағалар туралы ақпараттарды көрсетеді. Жиынтық бағалаудың нәтижелері білім алушыларға, ата-аналарға тоқсан барысында, тоқсанның соңында беріледі [2,3,9,19].

14-кесте. Нәтижелерді тіркеу

Білім алушыларға қойылады	Сипаты
Әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың балы	Жинақталған балл саны мен оқу жетістігі деңгейлері (жоғары, орта, төмен).
Тоқсандық жиынтық бағалаудың балы	Балл қою кестесіне сәйкес жинақталған балл саны
Тоқсандық баға	Баллды бағаға ауыстыру кестесіне сәйкес қойылады. Білім алушылар 50% тоқсандық бағаны бөлім/ортақ тақырыптардың қорытындысы бойынша, 50% тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы бойынша жинайды.
Жылдық баға	Баллды бағаға ауыстыру кестесіне сәйкес қойылады. Білім алушылар 50% тоқсандық бағаны бөлім/ортақ тақырыптардың қорытындысы бойынша, 50% тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы бойынша жинайды.

Тоқсан соңында бағалаудың барлық нәтижелері 1-ден 5-ке дейінгі бірыңғай баллды бағаға ауыстыру кестесі негізінде есептеледі, бұл бағалаудың ашықтығын, білім беру үдерісіне қатысушылардың бірдей түсінігін қамтамасыз етеді (15-кесте).

15-кесте. Баллды бағаға ауыстыру кестесі

<i>Балдың пайыздық мазмұны</i>	<i>Баға көрсеткіші</i>	<i>Баға</i>
0	Бағаланбады	«1»
1%-20%	Қанағаттанғысыз	«2»
21%-50%	Қанағаттанарлық	«3»
51%-80%	Жақсы	«4»
81%-100%	Өте жақсы	«5»

4.1Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл қою

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімінің қорытындысы негізінде білім алушылар оқу жетістігі деңгейіне сәйкес

максималды жинақталған балл саны түріндегі қорытынды нәтижеге қол жеткізеді. Өз кезегінде оқу жетістігінің деңгейі болашақ тоқсандық бағаны болжаудың көрсеткіші қызметін атқаруы да мүмкін (16-кесте).

16-кесте. Оқу жетістігі деңгейлеріне сәйкес баллдың пайыздық мазмұны

Оқу деңгейлері	жетістігі	Баллдың пайыздық мазмұны	Болжам баға
Жоғары		81%-100%	«5» деген бағаға сәйкес
Орта		21%-80%	«3 – 4» деген бағаларға сәйкес
Төмен		0-20%	«1 – 2» деген бағаларға сәйкес
Оқу деңгейлері	жетістігі	Баллдың пайыздық мазмұны	Болжам баға

Төменде «Математика» пәні бойынша 1-сынып білім алушыларының 3-тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері мысал түрінде берілген. (17-кесте)

17-кесте. Білім алушыны жиынтық бағалаудың қорытындысы

№	Бөлім бойынша жиынтық бағалау (ЖБ)	Білім алушылардың баллы	Максималдыбалл	Оқу жетістігі деңгейі	Болжам баға
1	1-бөлім бойынша ЖБ	8	12	Орта (66%)	3-4
2	2-бөлім бойынша ЖБ	5	10	Орта (50%)	3-4
3	3-бөлім бойынша ЖБ	10	12	Жоғары (83%)	5
№	Бөлім бойынша жиынтық бағалау (ЖБ)	Білім алушылардың баллы	Максималды балл	Оқу жетістігі деңгейі	Болжам баға
1	1-бөлімбойынша ЖБ	8	12	Орта (66%)	3-4

4.2. Тоқсандық баға қою

1-сыныпта 1-жартыжылдықта жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3 және 4-тоқсандарда қойылады.

Тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы есебінен жинақталады.

2-4-сыныптарда тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы арқылы жинақталады.

Тоқсандық бағаны қою үшін бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысының белгілі пайыздық арақатынасы пайдаланылады:

– тоқсандық бағаның 50% бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау қорытындысы арқылы қалыптасады;

– тоқсандық бағаның 50% тоқсандық жиынтық бағалаудың қорытындысы бойынша қалыптасады (18-кесте).

18-кесте. Жиынтық бағалаудың пайыздық үлес салмағы

<i>Жиынтық бағалау (ЖБ)</i>	<i>Үлес салмағы</i>
Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	50%
Тоқсандық ЖБ	50%
<i>Тоқсандық баға</i>	<i>100%</i>

Төменде «Математика» пәні бойынша 1-сынып білім алушыларының 3-тоқсан бағаларының есебі мысал түрінде берілген.

«Математика» пәні бойынша 1-сынып білім алушыларының 3-тоқсанның, бөлімнің жиынтық бағалауы бойынша нәтижелері 19-кестеде көрсетілген.

19-кесте. Білім алушылардың жиынтық бағалауларын қою

<i>№</i>	<i>Жиынтық бағалау (ЖБ)</i>	<i>Білім алушылар баллы</i>	<i>Максималды балл</i>	<i>Оқу жетістігі деңгейі</i>	<i>Болжам баға</i>	<i>Арақатынасы, %</i>	<i>Балдың пайыздық мазмұны</i>
1	1-бөлім бойынша ЖБ	8	12		3-4	50%	33,8%
2	2-бөлім бойынша ЖБ	5	10		3-4		
3	3-бөлім бойынша ЖБ	10	12		5		
4	Тоқсандық ЖБ	15	20		-	50%	37,5%
<i>Барлығы:</i>							<i>71,3</i>

Тоқсандық бағаны есептеу үшін бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаудағы баллдың пайыздық мазмұны жинақталады.

$$33,8\% + 37,5\% = 71,3\%$$

Баллды бағаға ауыстыру кестесі бойынша баға білім алушының тоқсандық бағасымен анықталады.

<i>Баға</i>	<i>Баллдардың пайыздық мазмұны</i>
«1»	0
«2»	1%-20%
«3»	21%-50%
«4»	51%-80%
«5»	81%-100%

Аталған шәкілге сәйкес **71,3 %**, баға «4-ке» сәйкес.

«Математика» пәні бойынша білім алушының 3-тоқсандағы бағасы – «4».

4.3 Жылдық баға қою.

Білім алушының пән бойынша жылдық бағасы барлық төрт тоқсанның нәтижелерінен құралады. (1-сыныптағы 3,4-тоқсандар).

Білім алушының пән бойынша жылдық бағасы барлық төрт тоқсанның нәтижелерінен құралады (1-сыныптағы 3,4-тоқсандар).

Төменде 2-сыныптың «Математика» пәні бойынша білім алушының жылдық бағасын есептеу бойынша мысал келтірілген (20-кесте).

20-кесте. 2-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім алушылардың 1-4-тоқсандардағы нәтижесі

Жиынтық бағалау (ЖБ)	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	Баллдың жалпы саны	Арақатынасы, %	Оқу жылы бойынша баллдардың пайыздық мазмұны
Бөлім бойынша ЖБ	34-тен 23	30-дан 20	25-тен 21	20-дан 18	109-дан 82	50%	37,6%
Тоқсандық ЖБ	34-тен 23	20-дан 15	20-дан 19	20-дан 16	80-нен 68	50%	42,5%
<i>Барлығы:</i>							<i>80,1 %</i>

Жылдық баға есебі келесі формулада жүргізіледі:

$$\text{Жылдық баға} = \left(\frac{\text{Бөлім бойынша ЖБ нақты балл жиынтығы (1 - 4 т.)}}{\text{Бөлім бойынша ЖБ максималды балл жиынтығы (1 - 4 т.)}} * 50\% \right) + \left(\frac{\text{1 - 4 тоқсанның ЖБ нақты балы}}{\text{1 - 4 тоқсанның ЖБ макс балы}} * 50\% \right)$$

Жылдық баға есебі үшін білім алушының бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаудағы жалпы саны есептеледі. Бұдан соң оқу жылындағы балдың пайыздық мазмұны (50%:50%) пайыздық арақатынаспен анықталады.

Оқу жылындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық баллдың пайыздық мазмұны жинақталады, балды бағаға ауыстыру кестесі арқылы ауыстырылады.

$$37,6\% + 42,5\% = 80,1\% \text{ (21-кесте)}$$

21-кесте Баллы бағаға ауыстыру кестесі

Баға	Баллдардың пайыздық мазмұны
«1»	0
«2»	1%-20%
«3»	21%-50%
«4»	51%-80%
«5»	81%-100%

80,1 % баллы бағаға ауыстыру кестесіне сәйкес – бұл **баға «4»**.

2-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім алушының жылдық бағасы – «4».

Мектеп жағдайына тоқталсақ: Бағалау критерийлері мазмұнның күрделілік дәрежесіне тікелей бағынышты және тапсырмалардың күрделілігіне сәйкес квалиметриялық амал (сапаны өлшеу амалы) негізінде қойылған баға ғана білім сапасының нағыз әділ көрсеткіші бола алады: егер оқушы үш деңгей тапсырмаларын біртіндеп: толық және 75 пайыздан төмен емес көрсеткішпен дұрыс орындаса «өте жақсы», алғашқы екі деңгей тапсырмаларын ғана дұрыс орындаса – «жақсы», тек бірінші деңгей тапсырмаларымен шектелсе – «қанағаттандырарлық» деп бағаланады (төмендегі 22-кестеге назар аударыңыз):

22-кесте. Әр пән бойынша білім алушының білім жетістігін өлшейтін бағалау критерийлері

Деңгейлер	Критерийлер	Білім жетістіктерінің ең жоғарғы өлшемі
1-деңгей	Білімі: тек <i>ақпараттық</i> сипаттағы мазмұнды <i>«біледі»</i> , қайтадан айтып бере алады. Біліктілігі: <i>үлгі</i> бойынша <i>«қолданады»</i> .	5 балл, немесе «сынақтан өтті»
2-деңгей	Білімі: а) <i>ақпараттың</i> себеп-салдарын <i>«түсінеді»</i> , б) <i>«талдау»</i> жұмыстарын жасай алады. Біліктілігі: <i>өзгертілген</i> жағдайда <i>«қолданады»</i> .	+4 балл = 9 балл
3-деңгей	Білімі: алған білімін <i>«жинақтай»</i> алады. Біліктілігі: өмірде кездесетін <i>проблемалық жағдаяттарды</i> шеше алады (рефлексия жасай біледі).	+3 балл = 12 балл
Барлығы		12 балл

Баллды бағаға айналдыру шкаласы:

11-12 балл – бағасы «5» (90%-100%);

7-10 балл – «4» (75%-89%);

5-6 балл – «3» (69%-74%);

5 баллдан төмен – «сыннан өтпеді» (ешқашан «2» қойылмайды, себебі сынақтан өтуге міндетті).

Мұндай мазмұнның күрделілігіне сәйкес бағалау бойынша ұйымдастырылған жаңа сипаттағы оқыту үлгісін барлық типтегі мектептерге енгізу арқылы ауылдың да, қаланың да жалпыға бірдей орта білім беретін мектептері мен элитарлы мектептердің арасындағы айырмашылықтарды жою мәселесі шешімін табады: барлық оқушы барлық пәндерден бірінші деңгейдің тапсырмаларын толық орындап, «сынақтан өтуге міндетті» болғандықтан жүз пайыздық үлгерімге қол жеткізеді.

4.4.Бағалау нәтижелерін тіркеу журналы

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері *электрондық нәтижелерді тіркеу журналында* тіркеледі (9сурет). Барлық баллдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады. Оқушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда оқыту тәжірибесін жетілдіру, талдау үшін қолданылатын баллдар, бағалар туралы ақпараттарды көрсетеді. Жиынтық бағалаудың нәтижелері оқушыларға, ата-аналарға тоқсан барысында, тоқсанның соңында беріледі.

9-сурет. Тіркеу журналы

	3 тоқсан					Бөлім бойынша жиынтық бағалау				3 тоқсан жиынтық бағалау				
	15	22	01	15	Жауап	Мам. баға	Т.бағ	С.бағ	А.бағ	Мам. баға	Т.бағ	БЖБ %	ТЖБ %	% жиынтығы
1. Абайұлы Ержан						3	2			5	25,0	20,8	46	3
2. Ахметов Аманжол						3	5			9	40,0	37,5	78	4
3. Ахметов Нұрай						2	3			5	25,0	25,0	50	3
4. Ахметов Дәстан						2	4			7	30,0	29,2	59	4
5. Ахметов Еділ						2	3			5	25,0	25,0	50	3
6. Байғалиев Мұхаммед						2	3			7	25,0	29,2	54	4
7. Байғалиев Бағдат						4	5			11	45,0	45,8	91	5
8. Ержан Аманжол						4	6			10	50	41,7	92	5
9. Ержанов Мұхаммед						4	5			11	45,0	45,8	91	5
10. Жарылқай Аманжол						4	5			9	45,0	33,3	78	4

Өзін-өзі тексеруге сұрақтар мен тапсырмалар

1. Критериалды бағалаудың оқушы және ата-ана үшін маңыздылығын ата.
2. Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері немесе оқушы жетістігі қандай журналға, қайда тіркеледі?
3. Тоқсандық баға қалай қорытындыланады?
4. Оқу жетістігінің параметрлері қандай?
5. 1- сынып оқушылары қай тоқсаннан бастап бағаланады?
6. Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша нені анықтауға мүмкіндік береді?
7. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда не ұсынылған? Неге сүйенеді?
8. Спецификацияда нені басшылыққа алу міндеттелген?
9. Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын орындау кезінде түрлі ресурстарды қолдануға бола ма?
10. Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын орындау ұзақтығы қанша? Бес минут сайын оқушыға уақыт ескертіліп отыру керек. Неге?
11. ЖБ материалдарын дайындауда қандай талаптарды ұстанған жөн.
12. Жиынтық бағалау өткізілген кезде тыйым салынатын жайттар бар. Қандай?
13. Модерация қай кезде өткізіледі? Қалай жоспарланады?
14. ЖБ баллын қоюды үйлестірудің мақсаты қандай?

15. ЖБ баллын қою неліктен бақыланады?

16. Берілген сөйлемдерді толықтыр. Балл қою кестесін құрастыр.

Керекті сөздер: аулаған, үшкіртас, үңгірде.

1). Алғашқы адамдар _____ өмір сүрген.

2). Олар жабайы аңдарды _____.

3). Олардың алғашқы еңбек құралы _____ болған.

17. Сөйлемдерді оқы. Томирис туралы 2 дұрыс ақпаратты белгіле.

Дұрыс жауапты таңда. Себебін 2 сөйлеммен түсіндір.

Ежелгі адамдар алғашқы еңбек құралдарын неден жасаған?

A) ағаштан

B) тастан

C) темірден

D) шыныдан

18. Ойлау дағдаларының деңгейін анықта

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Жеке бас гигиенасына қатысты ережелерді атайды• Тамақтану режиміне пайдалы тағамдарды анықтайды• Тұтыну заттарының алыну көздерін көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	

19. Ежелгі адамдардың өмірі туралы суретке мұқият қара. Сұрақтарға жауап жаз.

- Ежелгі адамдар тамақты қалай тауып жеген?

- Олар қандай тағамдарды азық еткен?

- Киімдерін неден тіккен?

- Еңбек құралдарын неден жасаған?

- Отты қайдан алған?

Тапсырма: Орындап болған соң қалай кері байланыс бересіз?

Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Әсет пен Әлияның үйі қалада. Олардың ата-әжесі ауылда тұрады. Биыл жазғы демалыста олар ауылға барды. Бір күні әжесі Әсетті іздеп, таба алмады. Әжесі Әлиядан:

- Қызым, Әсетті көрдің бе? - деп сұрады.

- Әсет хайуанаттар бағында жүр. Енді ол кешке дейін сол жақтан шықпайды,- деді Әлия.

Балалар қайда келді?

Әжесі Әлиядан не сұрады?

Әлияның «хайуанаттар бағы» деп тұрғаны не деп ойлайсыз?

Ойыңызбен бөлісіңіз.

Дескриптор: Білім алушы

- мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;
- сұраққа қатысты өз ойын айтады және түсіндіреді;
- мәтінді жүйелі мазмұндайды.

Төменде оқу мақсатына сүйене отырып, тапсырманы негізге алып, дескрипторлар құрастыр.

Оқу мақсаты:		1.1.3.1. Өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау.
Ойлау дағдыларының деңгейі:		Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:		Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • Өз мекенжайын атайды. • Тұрғылықты жерінің (қаласының/ауылының) ерекшелігін, географиялық орнын сипаттайды.

22.«Guess the words»

Тақырып бойынша берілген сөздерді оқыңыз, анықтамасын табыңыз, одан соң жолдастарыңыздың қай сөз туралы айтылғанын білу үшін сөзді дауыстап оқыңыз:

Assessment

Criteria assessment

Summative assessment

Standard

Feedback

Evaluation

Observation

Strategy

23. «Бағалау» сөзіне неғұрлым көбірек синоним жазып, ағылшын тіліне аударыңыз. Басқалардың сөзімен салыстырыңыз.

24. «Odd one out».

Артығын табыңыз. Екі қатардағы сөздерді қарап, қай сөз артық екенін анықтаңыз:

1. Knowledge- Comprehension- Application- Language- Analysis- Synthesis- Evaluation

2. Formative assessment – Standard - Marking Scheme- Summative assessment- equipment

25. Сөйлемдегі қалып қойған сөздерді табыңыз. Мәтін мазмұнына сәйкес мазмұнын баяндаңыз.

There are two main types of assessment:

1. assessment - assessment is generally carried out at the ... of a course. In an educational setting, assessments are typically used to assign students a course grade.

2..... assessment - assessment is generally carried out throughout a course or project. assessment, also referred to as educative assessment, is used to In an educational setting, formative assessment might be a teacher (or peer) or the learner, providing on a student's work, and would not necessarily be used for grading purposes.

ҚОРТАНДЫ

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің өзара тығыз байланыста жүзеге асу үдерісі. Бүгінгі білім беру жүйесі оқушыны білімділік, белсенділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-оқушы арасында ынтымақтастық және жауапкершілік сезімі бірлестігінің болуын қажет етеді. Қазіргі кезде осы талаптарды жүзеге асыру жолдарының бірі – еліміздің білім беру орындарына енгізілген критериалды бағалау жүйесін әрі қарай жетілдіру болып табылады.

Оқу құралында көрсетілгендей, Критериалды бағалау – алдын - ала талдаудан өткен (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б. қатысуымен), оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес нақты өлшемдер негізінде анықтап, оқушының оқу жетістіктерін салыстыру үдерісі. Бұл бағалау үдерісінің тиімді жүзеге асуы білім орындарында еңбек ететін, осы үрдісті өз тәжірибелеріне енгізген мұғалімдер қауымының және болашаққа ұстаздық мамандығын таңдаған студенттердің аталған мәселе бойынша дайындық деңгейлеріне тікелей байланысты.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы оқушының тұлғалық белсенділігін қалыптастырып, өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге, бағытқа жетелеу, олардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын барлық кезеңдерде анықтау, бағалау түрлерінің нәтижесін дифференциалдауда және жас маман ретінде кәсіби жұмыстарыңызда сіздерге осы оқу құралының көмегі тиеді деп сенеміз.

Әрине, болашақ жас маман, кәсіби жұмысының бастапқы кезеңінде мұғалімдерге арнайы даярланған дайын үлгілер негізінде «Жүйелік-әдістемелік кешен» (smk.edu.kz) порталына тіркелу арқылы бағалау жұмыстарын ұйымдастыруына болады. Бірақ, мұғалімдік мамандықтың ерекшеліктері, мамандыққа қойылатын талаптар, жас маманның өз кәсібіне тез бейімделуін қажет етеді* (Журнал «Преимственность в образовании» 10.03.2016г. Матвеева М.В. «К вопросу об адаптации молодого специалиста к профессиональной деятельности»).

Критериалды бағалау үдерісін ұйымдастыру – мұғалімнің шығармашылық ізденісі. Ал, шығармашыл, кәсіби – құзырлы маман, отандық және халықаралық тәжірибені сараптап, оқушылардың жеке тұлғасын дамыту үшін өз жаңалықтарын енгізуі тиіс. Осы себепті, оқу құралында, студенттерді, мұғалімдік жұмысқа ынталандыру мақсатында, критериалды бағалау түрлері бойынша «Кәсіпқор» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басшылығымен даярланған 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы, 0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігінде жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылатын кәсіптік тәжірибе барысында базалық мектеп мұғалімдері және студенттер құрастырған практикалық жұмыстар негізге алынды.

ГЛОССАРИЙ [20].

Әр түрлі деңгейлік тапсырмалар – білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, саралап оқытуды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын күрделілігі әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Баға – бағалау процесінің қорытындысы, бағалау бойынша іс әрекет немесе қызмет, кері байланыстың сапалы ақпараты.

Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі.

Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды формула бойынша автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.

Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

Белгі – оқушының білім алудағы жетістіктерінің бағасын цифрмен, әріппен немесе басқа да түрде жинақтап өрнектейтін шартты – формальды символ.

Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

Дескрипторлар – әрбір критерий бойынша оқушының жетістік деңгейін сипаттайды және белгілі ұпайлармен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын ұпай да жоғары болады.

Диагностикалық бағалау – оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысы мен құзіреттілігінің қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау.

Жиынтық бағалау (оқуды бағалау)- оқытудың нәтижелерін жіктеу, сертификаттау және тіркеу мақсатында оқытудың қорытындыларын шығару. Жиынтық бағалау оқу циклдері мен сатылары аяқталғанда жүзеге асырылып, оқушының белгілі бір кезеңдегі дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, біртұтас бағалау критерийлері негізінде іске асырылады.

Жиынтық жұмыс – белгілі бір оқу кезеңінде пән бойынша оқу жетістігі деңгейін анықтауға негізделген білім алушының жұмысы.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі.

Интерпретация – мағынасын жеткізу, түсіндіру) – қандай да бір құбылыс, оқиға, үдеріс немесе мәтіннің мәнін ашып, мағынасын ажырату, түсіндіру және мағынасын жеткізу дегенді білдіретін ойлау жұмысы.

Кері байланыс – қандай да бір әрекетке немесе оқиғаға пікір, баға, жауаптық реакция.

Критерий – оқыту міндеттерімен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесінде меңгеруге тиісті әртүрлі іс-әрекетінің тізбегі.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалаудың екі түрі бар – жиынтық және қалыптастырушы. Критерий - ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі. Әр критерийдің дескрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дескрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды.

Критерийлік бағалау жүйесі - қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігі анықтайтын жүйе.

Қадағалау- 1. Белгілі бір құбылыстың қарқынын немесе бақылау объектісінде болып жатқан өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін жоспарлы түйсіну. 2. Қоршаған орта объектілері туралы бастапқы түсінікті түзу, фактілерді жинақтауды мақсат ететін сезімдік танудың белсенді нысаны. Қадағалау ұқсас фактілерді, қасиеттер мен құбылыстарды топтастыра білуді, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын аңғарып, оларды жіктей білуді және мүмкіндігінше, үдеріс немесе құбылыс барысының қадағаланатын жағдайларға байланыстылығын айқындай алуды көздейді. Қадағалау барысында қадағалау объектісімен байланысты деректерді интерпретациялау жүргізіледі. Оның нәтижесінде қорытынды жасалады.

Қадағалау объектісі – қадағаланатын адам, үдеріс, құбылыс, зат немесе т.б.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады.

«Қара жәшік» - ғылым мен техника саласынан алынған метафора, онда «қара жәшік» оның ішкі құрылымы туралы ештеңе білместен, яғни оның қалай қолданылатыны айқын емес (қара), тек қана енгізу, шығару, беру сипаттамалары тұрғысынан қарастыруға болатын құрылғы, жүйе не объект ретінде қарастырылады. Кез келген затты (құбылысты) «қара жәшік» деп атауға болады: транзистор, алгоритм немесе адам санасы. Ал педагогика ғылымында «қара жәшік ішіндегі жұмыс» деген метафора сыныпқа қатысты қолданылып, білім беру мекемесінің құрылымымен шектелген жағдайды меңзейді.

Қорытынды - бір нәрсенің негізінде жасалған қорытынды немесе бір нәрседен туындаған салдар болып табылатын пайымдау, ой-пікір, тұжырым.

Лейбл- тапсырманы орындау деңгейінің сипаттамасы. Қазақстан Республикасында лейбл ретінде 1-ден (немесе 0-ден) 5-ке дейінгі бағалар ұсынылады. Дегенмен лейбл ретінде «үздік», «озық», «жеткілікті», «толықтырылмаған», «толықтыруды қажет етеді» деген сипаттамалар да қолданылуы мүмкін.

Модерация – шынайылық пен әділдік үшін бағалауды стандарттау мақсатында бір пәннен беретін мұғалімдердің бір сынып оқушыларының қорытынды жұмысын талқылау процесі. Модерация білім беру процесінің нәтижесі мен сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктер мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған процесс.

Оқушылардың жетістіктері туралы есеп – оқушы бойында қандай біліктің қалыптасқандығын, сондай-ақ алған білім-біліктілігін іс жүзінде қалай қолданатындығын көрсететін, белгілі бір кезеңдегі ақпарат.

Ойлау дағдыларының деңгейі – әрбір деңгейі белгілі бір ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесі.

Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым.

Портфолио – оқушының білім алуғағы белгілі бір кезеңде, бір немесе бірнеше пән бойынша жетістігін, ілгерілеушілігін, оқытудағы нәтижесін көрсететін жеке жетістіктер бағасын тіркеу әдісі. Портфолио критериалды жүйені енгізуде оқушы нәтижелерін шынайы және әділ бағалау мақсатында енгізіледі.

Рефлексия – оқу процесінде оқушылардың мүмкіндігінше аналитикалық ойлау және негізгі білімдер мен дағдыларды өзінің түсінуін барлауда қажетті дәлел.

Рубрикатор – оқушының өткен тақырып бойынша алған білімін бағалау критерийлерінің тізбесі. Ол қандай да бір тақырыпты меңгеру мақсатымен анықталады және берілген рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

SMART мақсаттары мен міндеттері (ақылды міндеттер)- оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран (George T. Doran) енгізген ұғым. Автордың айтуынша, SMART

аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған:

S pecific (арнайы, нақты);

M easurable (өлшеуге болатын);

A ttainable (қолжетімді);

R ealistic (шындыққа сай);

T imed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген).

Суммативті (қорытынды) бағалау - белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған.

Сыртқы жиынтық бағалау – бастауыш мектепте (5-сынып), негізгі мектепте (10-сынып), жоғарғы мектепте (11-12 сынып) оқу дағдысы мен білімін қалыптастыру деңгейін анықтайды. Қорытынды жұмыстарға қойылған баға, оқытудың есеп беру кезеңінің қорытынды бағасын анықтауға негіз болып табылады.

Талдау (ежелгі грек тілінен «жіктелу») – танысу процесінде нақты бөліктің санамен орындалатын немесе адамның пәндік-тәжірибелік қызметінде құрама бөліктерге (заттар, қасиеттер немесе заттардың арасындағы қатынастар) жіктелуі.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Формативті (қалыптастырушы) бағалау– оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз процесс.

Формативті (қалыптастырушы) бағалаудың мақсаты - оқу процесі арысында оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетіне түзетулер енгізу болып табылады.

Ынталандыру – дегеніміз бұл адамның іс-әрекетінің қажеттіліктерін анықтайтын, оның бастамасын, бағытын және белсенділігін құптайтын факторлар жүйесі.

Ішкі жиынтық бағалау – оқу ақпараты блогын оқып болғаннан кейін білім және оқу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау. Ішкі қорытынды бағалауды педагогтар немесе мектеп әкімшілігі жүзеге асырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы. Астана - 2012

Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.

Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013.–80с

Бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша қорытынды жиынтық жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-240 бет.

Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Назарбаев зияткерлік мектептері” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2016

Мектептегі тәжірибе кезеңіндегі орындауға арналған тапсырмалар. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Назарбаев зияткерлік мектептері” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2016

Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», 55-бет.

Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық /Оқу-әдістемелік құрал/ Алматы 2017

Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2013ж.

Р. Х. Шәкіров, А.А. Бүркітова, О.И. Дудкина. (2012). «Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау», Әдістемелік нұсқаулық. – Б.: «Білім», – 80 б.

Дилан Уильям профессор в области оценивания в образовании Института Образования Лондонского Университета Великобритания/Формативное оценивание при регулировании процесса обучения, Педагогический диалог, 2/2014, Астана

Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау, 11-бет.

Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. /Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода, 2014г. Алматы

Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие

Формативное оценивание в обучении: SMART-цели и критерии успешности. /Котова Н.В., 16. Ильясова Д.С., Журба Л.В., Пазылова Г.Ш., Рахымжанова Б.К. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. – 42 с.

А. Кемешова, К.Жаксылыкова Коучинг – білім жетілдіруде тиімді өзара әрекеттестікті арттыру құралы: - Алматы, 2016.- 30 бет

Қалыптастырушы бағалауды қолдану бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру әдістемелік нұсқаулығы /Құраст. К.З.Жақсылықова, Н.К.Тайтанова, А.М.Кемешова - Алматы, 2016.- 64 бет

Методические рекомендации в помощь учителям 1-х классов в условиях перехода на обновленное содержание образования – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 40 с.

«Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру кустарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий»: Оқу-әдістемелік құрал – Астана: 21. «Назарбаев Зияткерлік мектетері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2012 164 б.

www.smk.kz сайты

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

Б. Блум таксономиясына сәйкес бағалау критерийлерін бөлу

Мақсатқа жету кезеңдерін анықтау мақсатында, ойлау дағдылары деңгейлері бойынша бөлінетін, Б.Блумның білім беру мақсаттары таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері жасалынады.

Блум таксономиясы – 1956 жылы американдық психолог Бенжамин Блуммен ұсынылған, ойлау дағдыларының алты деңгейін бағамдайтын когнитивті саладағы білім беру мақсаттарының педагогикалық классификациясы.

Анықталған дағдыларды тура бағалау критериялды бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Ойлау дағдыларының деңгейлері үш топқа бөліп қарастырылған:

- білім және түсінік;
- қолдану;
- жоғары тәртіп дағдысы (анализ, синтез, бағалау).

Бағаланатын дағдылардың сипаттамасы

Ойлау дағдыларының топтары	Сипаттамасы	Етістіктер
Білім және түсінік	Нақты деректерді, ақпарат пен суреттеуді, есте сақтау немесе жаңғырту қабілеттіліктерін бағалау, ақпаратты болжамдау немесе түсіндіру, дұрыс жаңғырту арқылы меңгерілген материалды түсіну және жеткізу.	Санайды, есте сақтайды, атайды, талқылайды, анықтайды, айтады, жазып алады, қайталайды, көрсетеді, хабарлайды.
Қолданылуы	Нақты және жаңа жағдайлардағы проблеманы шешу барысында меңгерілген материалдарды қолдану қабілеттіліктерін бағалау. Практикалық жұмыс, тәжірибелер, жобалық жұмыстар, проблемаларды шешу және жаңа немесе түрлі өнімдерді жасау, меңгерілген білімдерді көрсетудің жолы болып табылады.	Қолданады, есептейді, өзгертеді, таңдайды, жіктейді, аяқтайды, көрсетеді, табады, сахналайды, жұмылдырады, зерттейді, зерттеу жүргізеді, безендіреді, жеткізеді, түрлендіреді (жетілдіреді), ара қатынасын белгілейді, жоспарлайды, көрсетеді, шешеді, қолданады, құрастырады, пайдаланады.

Анализ, синтез және бағалау	Қабілетті бағалау: - ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу, себеп немесе салдарын анықтау арқылы шешім шығару мақсатында ақпараттарды зерттеу, ойды тұжырымдау, жалпы ережелерді негіздеу үшін айғақтарды табу; - жаңа мәтінге (идеяларды, элементтерді) қосу, араластыру, мысалы, хабарлама (сөз сөйлеу, баяндама), іс-әрекет жоспары, сызбалар, қолда бар мәліметтерді реттеу; - аталған немесе өзге де материалдардың мағынасын бағалау (пайымдау, көркем-өнер туындылары, зерттеу мәліметтерін).	Талдайды, бағалайды, топтастырады, есептейді, категориялайды (санаттайды), жіктейді, салыстырады, байланыстырады, қарама-қарсы қояды, сын-пікір айтады, талқылайды, дифференциялайды, ажыратады, бөледі, зерттейді, тәжірибе жүргізеді, түсіндіреді, шығарады, ара қатынасын белгілейді, таңдайды, бөледі, тексереді, бөліп алады.
		Топтастырады, жинайды, құрамдастырады, жасайды, құрады, әзірлеу, тұжырымдайды, жалпылайды, біріктіреді, жетілдіреді, ұйымдастырады, жоспарлайды, ұсынады, топтастырады, орнатады, біріктіреді, аргументтейді, негіздейді, келісіледі, салыстырады, жасайды.
		Дәлелдейді, таңдайды, салыстырады, қорытынды шығарады, сендіреді, негіздейді, түсіндіреді, өлшейді, болжамдайды, болжайды, көркемдейді, ұсынады, бөліп қарастырады, қосындылайды, қолдайды, тексереді, бағалайды, жеткізеді.

Бағалау критерийлерін жасау барысында, оқытушы ойлау дағдыларының әр деңгейін көрсететін етістіктерді пайдалана алады.

***Пән бойынша бағалау критерийлерін жасау үлгісі
«Математика», 1-сынып***

Білім беру мақсаты	Бағалау критерийі	Ойлау дағдыларының тобы
	Білім алушы	
Жазық (үшбұрыш, шеңбер, шаршы, тікбұрыш) кеңістіктегі (текше, шар, цилиндр, конус, пирамида) фигураларды ажырата білу және қоршаған ортадағы заттармен оларды байланыстыру.	Жазық (үшбұрыш, шеңбер, шаршы, тікбұрыш) және кеңістіктегі (текше, шар, цилиндр, конус, пирамида) фигураларды ажырата біледі және атайды.	Білім және түсінік
	Жазық және кеңістіктегі фигураларды ажырата алады.	
	Фигураларды қоршаған ортадағы заттармен байланыстыра алады.	Қолданылу

2-қосымша

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ӨЗАРА БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР:

Егер қалыптастырушы оқыту әдістерін тиімді пайдалану мақсаты қойылса, оқушылар осы әдістерді дұрыс икемдеп қолдана бастауы тиіс. Оқушылармен төменде берілген тармақтарды келісіп алыңыз.

Егер де біз төмендегілермен келісетін болсақ, жақсы оқитын боламыз:

- Сіздер қандай бір идеяны алғашқы кезден толық түсінбейтін болсаңыз және оқыту біршама уақыт алатын болса, онда тұрған ештеңе жоқ.

- Егер жұмыс бағаланатын болса, сіздің мақсатыңыз басқа біреудің емес, өз рекордыңыздан асып түсу болсын. Дегенмен, мүмкіндігінше, жұмысқа баға беруден аулақ болу қажет.

- Сіз айтарлықтай батылсыз ба? Онда оқушыларыңыз үшін тиісті көңіл-күй тудыру үшін жарты сағаттық жаттығу барысында олардан өз қателерін байқаған сайын «Алақай» деп айтуды өтініңіз!

- Ең бастысы сіздің проблеманы және оның шешімін, не сұрақты және оның жауабын түсінгеніңіз:

Сіздің мұны алғашқы реттен жасай алғаныңыз емес;

Орынсыз қатеге байланысты Сіздің мұны жасай алмауыңыз емес.

- Қателіктер жасалуы мүмкін. Оқыту үдерісінде барлығымыз да қате жібереміз. Шын мәнісінде, бұл біздің оқуымыздың бір бөлігі. Егер біз қате жібермесек, бұл барынша жоғары қарқында жұмысты жеңіл істей алатындығымызды білдіреді.

- Қате жіберу пайдалы, себебі бұл бізге нені жақсарту қажет екенін көрсетеді.

- Оқу үшін түсінбегеніңді мойындаған және қателерді мойындаған жақсы, содан соң түсіндіруді сұрау керек.

- Ешқашан, тіпті әзілдеп болса да, біреудің қатесіне күлуге болмайды.

- Егер сіз келесі жолы қателерді болдырмаудың жолын табатын болсаңыз және шын мәнінде меңгеретін болсаңыз, қателер сіз үшін пайдалы болады.

Қателіктер жасалуы мүмкін.

Оқыту үдерісінде барлығымыз да қате жібереміз. Шын мәнісінде, бұл біздің оқытудың бір бөлігі. Егер біз қате жібермесек, бұл барынша жоғары қарқында жұмысты жеңіл істейтіндігімізді білдіреді. Біздің нені жақсартуымызды көрсететіндіктен қателер жіберу пайдалы. Оқу үшін түсінбегеніңді мойындаған және қателерді мойындаған жақсы, содан соң түсіндіруді сұраған жақсы. Ешқашан, тіпті әзілдеп болса да, біреудің қатесіне күлуге болмайды. Егер сіз келесі жолы қателерді болдырмаудың жолын табатын болсаңыз және шын мәнінде меңгеретін болсаңыз, қателер сіз үшін пайдалы болады. «Тек ештеңе жасамайтын адам ғана қателеспейді. Оқушылар сыныптастарымен сұрақтарды талқылауда, бірін-бірі, «Адам қателесу арқылы үйренеді!», «Қатесіз үйрену мүмкін емес!», «Жасасын

қате!», «Қатеге кешірімді болайық!» деген қағидалар ұстанымға айналуы керек. (А Алимов «Интербелсенді әдістемені ЖОО қолдану мәселелері» оқу құралы, 2016 ж.)

3-қосымша

ОҚУШЫНЫҢ ОЙ ӨРІСІН ДАМУҒА ҮШІН СҰРАҚ ҚОЮДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

? оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

? білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

? оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;

? оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді;

? оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне, бағалауына ықпал етеді;

? әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;

? оқытуды қиындататын қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Дұрыс сұрақ қоюға Б.Блум таксономиясын білу көмектеседі. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру мақсатында педагогтарды өздерінің күші мен назарын барлық үш салаға бірдей аударуға ынталандыру. Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты үш бағыт бойынша: танымдық, эмоционалдық және психомоторлық жағынан оқыту мақсаттарының тізімін жасау болатын.

Блум таксономиясы деңгейлері

Танымдық саладағы дағдылар белгілі тақырыптағы білім, түсінік пен сыни ойлау тұрғысынан қаралады. Дәстүрлі білім беру осы саладағы, әсіресе – төмен тәртіптегі мақсаттың дағдыларын алға тартуға ұмтылады. Блум таксономиясы, суретте көрсетілгендей, ең төменгі үдерістерден жоғарыға қарай кезең-кезеңмен қозғалуды көздейтін алты кезеңді қамтиды.


Сұрақтар түрлері және оларды пайдалану

Сұрақ үлгілері	Үлгілер	Функция/мақсаты
Ашық сұрақтар – сұрақтардың негізгі түрлері	<i>Не, Қашан, Кім, Қалай?</i> - дегеннен басталатын сұрақтар. <i>Неге?</i> сұрағы байыппен пайдалануы тиіс, өйткені ол сынға алып келуі мүмкін. <i>Қалай?</i> сұрағы байқап қойылуы керек, өйткені	Ашық сұрақтар сипаттамалық жауапты талап етеді. Олар коучтер үшін де, әріптестер үшін де ақпаратты ашады және оларды жауапкершілік сезімдерге ынталандырады. Мұғалім тиісті фактілерді нақты қабылдауды және ақпарат пен қабілеттің сәйкестігін анықтауды құрады. Сұрақтар қою үдерісінде креативтік ойлар мен идеяларды туғызу қабілетін дамытады.

	ол талдамалық ой туғызуға әкеледі.	
Жабық сұрақтар –сирек қолданылады	<i>Менікі дұрыс па?</i>	Сұрақтың бұл түрі Иә немесе Жоқ деген жауап қажет болған жағдайда пайдаланады.
Түсіндірме сұрақтар	Егер сіз белгіленген әрекетті орындасаңыз, қандай жетістікке жетесіз?	Бұл сұрақтарды коучтер де, сол сияқты мұғалімдер де кейбір сәттерді нақтылау үшін пайдаланады.
Жетелеуші сұрақтар	Өмірдегі сенің мақсатың қандай?	Жетелеуші сұрақтар рефлексияны талап етеді және мұғалімге оның құндылығын, эмоциясын, мінез-құлқын және проблемалар/жағдайға қарай бейімдеуге мүмкіндік береді.
Өткір сұрақтар	Егер салдары үшін жауапкершілік алу басыңыздан өтпесе, онда не істер едіңіз?	Өткір сұрақтар коучтер мұғаліммен жұмыс істегенде пайдалы, өйткені көбі оған сенбейді. Бұл сұрақтың түрі шектеулерден тыс ұстанымның шегін жоюға бағыттала келіп, мұғалімнің шектеулерден тыс өзіндік көруіне мүмкіндік береді.
Кесімді немесе күшті әсер етуші сұрақтар	Сізді..... не тоқтатып тұр?	Кесімді сұрақтар әдетте қысқа болады, ол мұғалімге түсіну мен ұғыну үдерісінде әжептәуір секіріс жасауға көмектесу үшін беріледі.

«Сұрақтар түймедағы» («Блум түймедағы»)

«Блум түймедағы» стратегиясы дегеніміз, оқушының «Блум таксономиясының» қандай деңгейінде екендігін анықтауға бағытталған сұрақтардың жиынтығы. Басқа сөзбен айтсақ, «Блум түймедағы» стратегиясы дегеніміз, «Блум таксономиясының» әр деңгейіне сәйкес келетін сұрақтардың түрлері, формалары. Атап айтқанда, «Блум түймедағы» стратегиясы бойынша, **қарапайым, нақтылайтын, практикалық, интерпретациялық, шығармашылық** және **бағалау** деп аталатын сұрақтардың алты түрі бар, төменде көрсетілген.



Сұрақтар таксономиясын (грек. – орналасу, құрылым, рет) атақты американдық психолог және педагог Бенджамин Блум құрған. Бұл қазіргі білім беруде өте танымал жүйе. Бұл сұрақтар танымдық қызмет деңгейлерін топтастырумен тығыз байланысты: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау.

Алты жапырақ – сұрақтың алты түрі.

Білу	Қарапайым	Кім? Қашан? Қайда? Қалай?
Түсіну	Нақты	Мен дұрыс түсіндім бе..?
Қолдану	Тәжірибелік	Қалай қолдануға болады..? Одан не істеуге/шығаруға болады..?
Талдау	Интерпретациялық	Неге?
Жинақтау	Шығармашылық сұрақ	Егер..., онда не болады..?
Бағалау	Бағалауы сұрақ	Қалай қарайсыз?

Қарапайым сұрақтар. Осы сұрақтарға жауап бере отырып, нақты мәліметті айтады, еске түсіреді, дәлелдемелер келтіреді. Бұл сұрақтарды бақылаудың дәстүрлі формасында құрады: сынақ кезінде, терминологиялық диктант және т.б. қолданылады.

Анықтаушы сұрақтар. «Яғни сенің айтуыңша,

Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақтар. Әдетте «Неге?» деген сөзбен басталады. Кей жағдайда ақталуға итермелейді, және ерсі қабылданады. Ал, басқа жағдайларда, себеп-салдарды анықтауға арналады. «Неге ағаштың жапырақтары күзде сарғаяды». Егер оқушылар бұл сұрақтың жауабын білсе, онда ол интерпретациялықтан қарапайымға «айналады». Демек, егер оның жауабында тәуелсіздік элементі болса, сұрақтың бұл түрі жарамсыз болып қалады. Шығармашылық сұрақтар. Сұрақты құруда шартты, жорамал, тұспалдау, болжам элементтері болады. «Егер адамдардың

<p>бұл...?», «Егер мен дұрыс түсінсем, онда...?», «Мен қателесуім мүмкін, дегенмен, менің ойымша, сіз ..туралы ...дедіңіз?». Бұл сұрақтың мақсаты сөйлеушінің не айтқанына орай кері байланыс ұсыну болып табылады. Кей кезде бұл сұрақтарды қосымша ақпарат алу мақсатымен де қойылады. Сұрақтарды қойған кезде жағымсыз мимикадан аулақ болған абзал. Анықтауыш сұрақтарға көпке танымал мысал келтірсек: (қасыңызды көтеріп, көзіңізді үлкен ашып): «Сен шынымен, деп ойлайсың ба?».</p>	<p>қолында бес саусақ емес үш саусақтан болса, әлемде не өзгерер еді?», «Сіз қалай ойлайсыз, жарнамадан кейін фильмнің желісі қалай өрбиді?»</p> <p>Бағалаушы сұрақтар. Бұл сұрақтар қандай да бір оқиға, құбылыс, дәлелдемелерді бағалау критерийлерін анықтауға бағытталады. «Неге сәтті болды/сәтсіз болды?», «Бір сабақ басқа сабақтан қалай ерекшеленеді??» және т.б.</p> <p>Тәжірибелік сұрақтар. Егер сұрақ теория мен тәжірибенің арасында өзара байланыс орнатуға бағытталған болса, онда оны тәжірибелік сұрақ деп атаймыз. «Күнделікті өмірде диффузияны қай кезде байқайсыз?», «Әңгіме кейіпкерінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?»</p>
---	--

Блум таксономиясы бойынша сұрақтар типологиясы

Блум ойлау деңгейі	Оқу мақсаттары	Дағды	Сұрақтар, тапсырмалар.
Білу	Терминдерді қайталау	Ақпаратты қайталау немесе тану	Бұл не....
	Тану		Қашан болды... Қалай жазылады...
	Еске түсіру		Қайда орналасқан.... Қайда болып жатыр... Формуланы жазыңыз ... Атап көрсетіңіз ...
Түсіну	Интерпретация	Ақпараттық материалдардың	Салыстыру.... Неге.... Не білдіңіз ... Өзара байланысын түсіндіріңіз ...

	Трансформация	мағынасын алу (түсіну)	Өз сөзімен айту... Сөйлемді түрлендіріңіз ... Терминологияны өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.... Нені білдіреді.... Фразаны аяқтаңыз ...
	Анықтау		Анықтаңыз, неге.....
	Мысалдар келтіру		Қалай дәлелдей аласыз.....
Қолдану	Мәселені шешу	Қалыпты жағдайда қолдану	Картадан көрсету... Неге.... Кестені құрыңыз.... Қолдану мақсатын түсіндіріңіз Үй жұмысын бірнеше тәсілмен түсіндіріңіз Берілген мәселені қандай теориямен түсіндіресіз... Ұсынылған болжамды тексеріңіз ...Түйін
Талдау	Мәнін анықтау	Бөлімдерін және құрылымын анықтау	Арасындағы айырмашылықты көрсетіңіз..... Бастағанын аяқтаңыз.... Құрылымы қандай ... Жіктеу ... Салыстырыңыз ...
	Тақырыпшаны шығару		Қалай түсіндіре аласыз.... Салдары не болып табылады ...
	Мотивация		Себебін түсіндіріңіз..... Себебін талдаңыз ...
Жинақтау	Шығармашылық жанры	Білімдерді жаңаша біріктіру	Кластерлерді құру Сызбаларды құру
	Жоспар құру		Алгоритмді ұсыныңыз...
	Нәтижесі		Жүйелеңіз ... Құрылымдалған болжам.. Егер осылай болса ше... Өз шешіміңізді табыңыз Айтқанды тарату... Баламаны табыңыз ... Өзгерістер қандай болуы мүмкін ... Зерттеңіз ...
Бағалау	Идеяны ұсыну Негіздеу «+» неде немесе «-» ненің	Критерийлер негізінде мағынасын бағалау	«Келісемін» және «қарсы» дәлелдер Логиканы бағалаңыз... Абзалдықты суретте ... Критерийлерді ерекшеленіз ... Сәйкес пе ... Ол туралы не ойлайсыз ... Нәтиже шығарыңыз ...

4-қосымша

Қалыптастырушы бағалау тәсілдері

1. «Бұрыштар» тәсілі: Мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар

өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көз қарастарын дәлелдейді.

2. **«Ойлан-жұптас-бөліс».** Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі; бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады.

3. **«Stop-кадр».** Stop-кадр — видеофильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогқа тартуға болады. Сыныпта жұптық жұмыс ұйымдастыруға да болады: оқушылардың біреуіне кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады, екінші оқушы оған нақтылау сұрақтарын беру арқылы көмектесуіне болады.

4. **«Дыбыстау».** Фильмнен өткен тақырыпқа байланысты немесе оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін үзіндіні дыбыссыз көрсетіп, оқушылардың рөлге еніп, дыбыстауын тапсыруға болады. Алдымен үзіндіні дыбысымен көрсетсе де болады. Дайындалуға оқушыларға жеткілікті уақыт беру қажет.

5. **«Серпілген сауал».** Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру»: мысалы, «Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?», «Айна, Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?», «Асан, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады?»

6. **«Сұрақты қағып ал».** Мұғалім сұрақ қойған кезде оқушыларға бұршақ салынған қапшықты лақтырады. Бұл сұрау үдерісіне кинестикалық сипат береді және оқушыларды өз еркімен жауап беруге итермелейді. Оқушы жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік беріледі. Сұрақтардың қиындығына қарай оның басапқы салмағын белгілеуге (ұпай арқылы) болады. Мысалы, қағып алған оқушы жауабын білмей, қапшықты басқа оқушыға лақтырса, сұрақтың құны 1 ұпайға кемиді. Бұл тапсырманы шағын топтардың арасында да қолдануға болады; мұнда мұғалім қапшықты кезекпен топтарға лақтырады.

7. **«Допты лақтыру»** Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.

8. **«Сөзді тап».** Қобдишаға тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындылары салынады. Бір оқушы қобдишадан қиынды қағазды алып, 1 минутта ондағы сөздің өзін атамай сипаттап түсіндіруі керек. Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіруді жалғастырады.

9. **«Конверттегі сұрақ».** Әрбір оқушыға арнап конверт дайындаңыз және оқу мақсатына сәйкес 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз. Конвертті оқушыларға таратып 2 минут уақыт беріңіз: оқушы стикерде өз атын, сұрақтардың жауабын жазып конвертке салады және конвертті келесі оқушыға жібереді. Барлық оқушылар жауап бергенше конверттермен алмасады.

Соңында стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып жауаптардың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды

10. «**Пікір алмасу**» (Showdown). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ дайындайды. Әрбір сұрақты стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтарды оқиды, топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды. Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады.

11. «**Элективті тест**» Мұғалім алдын ала әрбір оқушыға А, В, С, D, Е арқылы белгіленген түстері сәйкес ақ, сары, көк, қызыл, жасыл стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін 20 секунд кідіріп, сыныптан тест жауабына сәйкес әріпті көтерулерін сұрайды. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды жүзеге асыру үшін дұрыс немесе дұрыс емес жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды.

5-қосымша

Қалыптастырушы бағалау нәтижесі бойынша бақылау парағы

Жиынтық бағалауды өткізу жоспары 20_____ - 20_____ оқу жылы

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрикалар)

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқау

Білім алушылар орындарына жайғасып, тоқсандық жиынтық бағалау жұмысын орындауға дайын болған кезде мұғалім төмендегілерді орындауы қажет:

- Тапсырманы білім алушы отырған партаның үстіне бетін төмен қаратып қояды, бетті аударып қарамауын өтінеді.

- Білім алушыларға бағалауды өткізу ережелерін сақтау қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

- Бағалауды өткізу кезінде білім алушылардың бір-бірімен сөйлесуіне, көмек сұрауына, біреуге көмектесуіне болмайтыны туралы ескертіледі.

- Білім алушылардың тапсырманы орындауға қажетті құралдарының бар екеніне көз жеткізеді.

- Білім алушылардан тапсырма парағының бетін аударып, өзі туралы мәліметті толтыруын сұрайды: білім алушының тегі, аты және сыныбы (мектебі).

- Алғашқы беттегі нұсқауды дауыстап оқып, жұмысты орындауға берілген уақытты хабарлайды. Бағалау жүргізіліп жатқан кезде білім алушылардың бір-бірімен сөйлеспеу керектігін ескертеді.

- Білім алушылардың нұсқауды түсінгеніне көз жеткізеді, сұрақ туындаған жағдайда жиынтық бағалау жұмысы басталмас бұрын жауап береді.

- Тақтаға басталу және аяқталу уақытын жазады, білім алушылар хабардар болу үшін қосымша дауыстап айтады.

– Бағалау жүріп жатқан кезде білім алушылардың жұмысты өз бетінше орындап жатқанына көз жеткізеді. Олар бір-бірімен сөйлеспеуі қажет, бір-бірінен көшіруіне болмайды.

– Білім алушылардың тапсырманы орындау кезінде көмек болатын қосымша құралдарды қолданбағанына көз жеткізеді, мысалы, сөздіктер немесе калькуляторлар (егер аталған заттар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясында қарастырылмаған болса).

– Білім алушыларға «Математика», «Жаратылыстану» сияқты пәндерден шешу жолдарын көрсетіп, содан соң ғана жауап жазу бағанына тек нақты жауапты жазу қажеттігін түсіндіреді.

– Бағалау өтіп жатқан кезде мұғалім нұсқауға немесе жұмысты орындау уақытына қатысты сұрақтарға жауап береді. Мұғалім білім алушылардың жазуына, сұрақты өзгертіп айтуға көмектесуіне немесе ақпарат беруіне болмайды.

– Білім алушылардың келген, келмегенін белгілеп алу қажет. Білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай анықталған уақыт аралығы, яғни жұмысты орындауға неше уақыт қалғаны туралы ақпарат беру маңызды. Бағалау жұмысын аяқтауға 5 минут қалғанын білім алушыларға әрқашан ескертіп отыру қажет.

– Егер кейбір білім алушылар жиынтық бағалау жұмысын белгіленген уақыттан бұрын орындайтын болса, өз жауаптарын қайта қарап шығуын өтінеді. Жиынтық бағалау жұмысын орындау уақыты аяқталған соң білім алушылардан жұмысты орындауды тоқтатуын және қалам/ қарындаштарын үстел үстіне қоюын өтінеді. Барлық жұмыс жиналып біткенше білім алушылардың бір-бірімен сөйлеспеуі және тыныш отыруы өте маңызды.

6-қосымша

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қызметі бойынша оқытушы рефлексиясына сұрақтар

Сабаққа дейін (жоспарлау)

- Менің сабақ жоспарым оқыту мақсаттары мен нақты күтілетін нәтижелерді қамтиды.

- Мен өз білім алушыларымның қажеттіліктері мен қабілеттіліктерін анықтай аламын және менде мұны қалай анықтаудың жоспары бар.

Сабақта:

Менің білім алушыларым білім беру мақсаттары мен күтілетін сабақ нәтижелерін біледі.

Мен бастапқыда білім алушылардың тақырып бойынша қалыптасқан білім, дағды, түсініктерін анықтап аламын.

Тапсырмалар білім беру мақсаттарына сәйкес келеді.

Әр білім алушы оның орындаған тапсырмаларын бағалаудың критерийлерін және олардан не күтілетінін біледі.

Мен сабақ және келесі сабақтарды жоспарлау барысында, білім алушылардың тапсырма бойынша қорытынды көрсеткіштерін пайдаланамын.

Мен білім алушыларға өздеріне жауапкершілік алуға, нәтижелерді бағалауға және бір-бірінен үйренуге мүмкіндік жасаймын.

Білім алушылардың түсінігін үнемі тексеріп отыру үшін ашық сұрақтар пайдаланылады.

Білім алушылар сұрақтарға жауап беріп жатқан кездерінде, оларға ойлануға уақыт беріледі.

Мен білім мен түсінікті тексеру үшін формативті бағалаудың түрлі әдістерін пайдаланамын.

Мен білім алушылардың прогресіне (ілгері жылжуына) мониторинг жасау үшін бағалау нәтижелерін тіркеп отырамын.

Білім алушыларда өз жұмыстарын және прогресін (алға жылжуын) бағалауға мүмкіндік бар.

Бағалау нәтижелері білім алушылар біліміндегі олқылықтарды анықтауға қолданылады.

Мен білім алушыларға жасаған жұмыстары туралы конструктивті кері байланыс ұсынамын.

Сабақтан кейін:

Мен анализ жасаймын:

- сабақтың мақсатына қол жеткізілді ме және қалай;
- не істелінді, нені істеудің қажеттілігі жоқ еді;
- не орындалмады;
- келесі жолы нені өзгеше істеуге болады;
- нені қайталау керек;
- жоспарланған оқытудан басқа, білім алушылар тағы нені үйренді;
- оқыту процесіне (үрдісіне) барлық білім алушылар қатысты ма.

7-қосымша

«Бекітілді»

20_____ - 20_____ оқу жылдарына арналған

жиынтық бағалау жүргізу жоспары

Пән _____

Сынып _____

Тоқсан	Бір тоқсанданы апта саны	Жиынтық бағалау процедурасының (тәртібінің) атауы (бөлімге суммативті бағалаудың тақырыбы)	Апта	Бағалауды жүргізу формасы	Жиынтық бағалау процедурасын орындау ұзақтығы	Өзірлеу	Сараптама	Тираждау	Ескерту

8-қосымша
Бөлімді/өтпелі тақырыпты (айдар) жиынтық бағалау
қорытындысы бойынша ата-аналарға ақпарат

Білім алушының аты-жөні	_____	Пән Сынып	_____
Тоқсан _____			
Бөлімді/өтпелі тақырыпты суммативті бағалау « _____ »			
Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
(бағалау критерийлерін құрастыру)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің төменгі деңгейін сипаттау) <input type="checkbox"/>	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа деңгейін сипаттау) <input type="checkbox"/>	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің жоғары деңгейін сипаттау) <input type="checkbox"/>
(бағалау критерийлерін құрастыру)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің төменгі деңгейін сипаттау) <input type="checkbox"/>	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа деңгейін сипаттау) <input type="checkbox"/>	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің жоғары деңгейін сипаттау) <input type="checkbox"/>
Оқытушының қосымша пікірі:	(оқытушының пікірі)		

9-қосымша

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқау

Білім алушылар орындарына жайғасып, тоқсандық жиынтық бағалау жұмысын орындауға дайын болған кезде мұғалім төмендегілерді орындауы қажет:

- Тапсырманы білім алушы отырған партаның үстіне бетін төмен қаратып қояды, бетті аударып қарамауын өтінеді.

- Білім алушыларға бағалауды өткізу ережелерін сақтау қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

- Бағалауды өткізу кезінде білім алушылардың бір-бірімен сөйлесуіне, көмек сұрауына, біреуге көмектесуіне болмайтыны туралы ескертіледі.

- Білім алушылардың тапсырманы орындауға қажетті құралдарының бар екеніне көз жеткізеді.

- Білім алушылардан тапсырма парағының бетін аударып, өзі туралы мәліметті толтыруын сұрайды: білім алушының тегі, аты және сыныбы (мектебі).

- Алғашқы беттегі нұсқауды дауыстап оқып, жұмысты орындауға берілген уақытты хабарлайды. Бағалау жүргізіліп жатқан кезде білім алушылардың бір-бірімен сөйлеспеу керектігін ескертеді.

- Білім алушылардың нұсқауды түсінгеніне көз жеткізеді, сұрақ туындаған жағдайда жиынтық бағалау жұмысы басталмас бұрын жауап береді.

- Тақтаға басталу және аяқталу уақытын жазады, білім алушылар хабардар болу үшін қосымша дауыстап айтады.

- Бағалау жүріп жатқан кезде білім алушылардың жұмысты өз бетінше орындап жатқанына көз жеткізеді. Олар бір-бірімен сөйлеспеуі қажет, бір-бірінен көшіруіне болмайды.

- Білім алушылардың тапсырманы орындау кезінде көмек болатын қосымша құралдарды қолданбағанына көз жеткізеді, мысалы, сөздіктер немесе калькуляторлар (егер аталған заттар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясында қарастырылмаған болса).

- Білім алушыларға «Математика», «Жаратылыстану» сияқты пәндерден шешу жолдарын көрсетіп, содан соң ғана жауап жазу бағанына тек нақты жауапты жазу қажеттігін түсіндіреді.

- Бағалау өтіп жатқан кезде мұғалім нұсқауға немесе жұмысты орындау уақытына қатысты сұрақтарға жауап береді. Мұғалім білім алушылардың жазуына, сұрақты өзгертіп айтуға көмектесуіне немесе ақпарат беруіне болмайды.

- Білім алушылардың келген, келмегенін белгілеп алу қажет. Білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай анықталған уақыт аралығы, яғни жұмысты орындауға неше уақыт қалғаны туралы ақпарат беру маңызды. Бағалау жұмысын аяқтауға 5 минут қалғанын білім алушыларға әрқашан ескертіп отыру қажет.

Оқу мақсаты:	2.1.2.5. Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту тәсілін қолданып, 100 көлеміндегі сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау. 2.1.2.6. Екі таңбалы сандарды: $40+17$, $57-40$; 35 ± 12 түріндегі өрнектерді ондықтан аттамау жағдайында ауызша қосу және азайтуды орындау. 2.1.2.7. Екі-үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу. 2.1.2.8. Барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер түрінде модельдеу және шығару.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> - 100 көлемінде $24+7$, $31-7$ түріндегі өрнектермен ауызша есептеулерорындайды. - Екітаңбалы сандармен ондықтан аттамай қосу және азайту амалдарынорындайды. - Жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібінанықтайды. - Бірнеше амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табады. - Өр түрлі қарапайым есептерді шығарады.
Орындау уақыты:	20 минут
Тапсырма 1. Өрнектерді олардың мәнімен сәйкестендіріңіз.	

Тапсырма

1. Өрнектерді олардың мәнімен сәйкестендіріңіз.

$38 + 6$	$83 - 7$
32	76
44	90
43	77

2. Есептеңіз.

$18+60=$

$93 - 13 =$


$77 - 50 =$

3. Өрнектердің мәнін табыңыз.


$46 - 33 =$

$25 + 13 =$

4. Амалдардың орындалу ретін жазыңыз.



 $100 - (15 + 45) - 20 =$



 $10 + 40 - 20 =$

5. Амалдардың орындалу ретін көрсетіңіз. Өрнектердің мәнін табыңыз.

6. Есепті шығарыңыз.

Сәуленің 54 ашықхаты бар еді. Ол 20 ашықхатын Айданаға сыйлады. Сәуленің қанша ашықхаты қалды?

«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше:	1.5 Құқық және міндет 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және отансүйгіштік
Оқу мақсаты:	Өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату. Қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру. Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> Құқық пен міндетті, жауапкершілікті жеке мысалдарының негізінде ажыратады. Қоғамға қызмет етудің маңыздылығын анықтайды. Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын анықтайды.
Орындау уақыты:	20 минут

Тапсырма

1. а) Берілген сөйлемдерді оқыңыз. Оларды кестеге бөліп жазыңыз.

Кішілерге қамқор болу. Үлкендерді сыйлау. Білім алу. Табиғатты қорғау.

Ойды ашық айту.

Құқық	Міндет

б) Сөйлемдерді оқыңыз. Жауапкершілікті білдіретін сөйлемді (□) таңбасымен белгілеңіз.

1. Мұғалімнің берген тапсырмасын толық орындадым.
2. Дүкеннен нан әкелуді ұмытып кеттім.
3. Кіші қарындасыма қамқорлық жасауым керек.

2. Суреттерді мұқият қараңыз. Қоғамға қызмет ету жағдайы көрсетілген









суреттердің тұсына (□) таңбасын қойыңыз.

3. Суретке мұқият қараңыз. Суретке сәйкес болатын 2 мақалдың астын сызыңыз.

1. Сабыр түбі – сары алтын.
2. Татулық – табылмас бақыт.
3. Ел іші – алтын бесік.
4. Достық жоқ жерде табыс жоқ.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Құқық пен міндетті, жауапкершілікті жеке мысалдарының негізінде ажыратады.	1	құқықты ажыратады;	1
		Білім алу міндетті ажыратады;	1
		Ойын ашық айту міндетті ажыратады;	1
		Кішілерге қамқор болу. Жауапкершілікті білдіретін сөйлемді белгілейді;	1
		Табиғатты қорғау жауапкершілікті білдіретін сөйлемді белгілейді.	1
		Үлкендерді сыйлау жауапкершілікті білдіретін сөйлемді белгілейді.	1
Қоғамға қызмет етудің маңыздылығын анықтайды.	2	қоғамға қызмет ету жағдайы көрсетілген бірінші суретті белгілейді;	1

«Менің отбасым және достарым» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері:	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты:	2.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау. 2.2.2.1 Мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу. 2.2.6.1К Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау.

	2.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану Бағалау
Бағалау критерийі :	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннің тақырыбын атайды және негізгі ойын тұжырымдайды. • Мәтін бойынша қарапайым және нақтылау сұрақтарын құрастырады, жауабын мәтіннен табады. • Мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы көзқарасын айтады және дәлелдейді. • Мәтіннің негізгі бөліктеріне сүйене отырып жоспар құрады.
Орындау уақыты:	25 минут
Тапсырма	

Кемешова А.М., Кошанова З.А.,
Жунусова А.Т, Себепова А.Т.,

**КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Басуға 10.12.2018 ж. қол қойылды
Пішімі 60*84 1/8
Цифрлық баспа
Шартты басп.т. 14,5. Таралымы 32 экз.

«Профи Полиграф» компаниясында басылған.